

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірынғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (38-шығарылым) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 9 қазанды № 390-о-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 қазанда № 8026 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырда № 198 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.05.2020 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабына сәйкес жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігін белгілеу, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру және кәсіптерінің дұрыс атауларын айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірынғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (38-шығарылым) бекітілсін.
2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықтың заннамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Әбденов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2012 жылғы 9 қазанды
№ 390-о-м бұйрығымен бекітілген

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірынғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (38-шығарылым)

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (бұдан әрі - БТБА) (38-шығарылым) "Ағаш өндіреу өндірісінің жалпы кәсіптері", "Ағаш аралау және ағаш өндіреу", "Сүрек және талшық плиталары өндірісі", "Фанера өндірісі", "Жиһаз өндірісі", "Сіріңке өндірісі", "Қарындаш өндірісі" бөлімдерінен тұрады.

2. Жұмыстардың разрядтары еңбек жағдайлары ескерілмей (еңбектің күрделілігі деңгейіне әсер ететін және орындаушының біліктілігіне қойылатын талаптарды жоғарлататын төтенше жағдайларды қоспағанда) белгіленді.

3. Әрбір кәсіптің тарифтік-біліктілік сипаттамасы екі бөлімнен тұрады.

4. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімінде жұмысшы орындауға тиіс жұмыс сипаттамасы қамтылады.

5. "Білуге тиіс" бөлімі жұмысшыға арнайы біліміне, сондай-ақ жұмысшы қолдануға тиіс ережелерді, нұсқаулықтар мен басқа да материалдарды, әдістер мен құралдарды білуге қатысты қойылатын талаптарды қамтиды.

6. Тарифтік-біліктілік сипаттамасында маманның жұмыс деңгейіне байланысты жұмыстардың тізімі беріледі. Берілген тізім маман орындастын барлық жұмыстарды қамтымайды. Кей жағдайларды жұмыс беруші ерекшелікті есепке ала отырып арнайы жұмыс тізімін құрайды және ол мамандардың қызметінің дәрежесіне сай тарифті – біліктілік сипаттамасына және орындалу қыындығына сәйкес болуы керек.

7. Сонымен қоса "Жұмыс сипаттамасы" бөлімінде қаралғандай маман ауысымда қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, құрылғыларын тазалау, ыңғайлау және оларды техникалық құжаттамада бекітілген жағдайда ұстау.

8. "Білуге тиіс" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық талаптармен қатар, жұмысшы: өндірістік санитария мен өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларды, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесін, орындалатын (қызметтің) сапасына, жұмыс орнында еңбекті тиімді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, ақау түрлерін және оның алдын алу мен жоюдың тәсілдерін, өндірістік дабылдатуды білуге тиіс.

9. Бұндай жағдайларда біліктілігі жоғары жұмыскерлер осы кәсіптегі біліктілігі тәмен жұмысшыларды басқара білулері керек. Осыған байланысты тәмен разрядты кәсіптердің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында келтірілген жұмыстар ережеге сәйкес жоғары разрядтардың сипаттамаларында берілмейді.

10. Тарифтік-біліктілік сипаттамалары жұмыстарды тарифтеу және ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, осы бөлімде(дерде) көрсетілген өндірістер мен жұмыстар бар ұйымдарда, меншік нысаны мен ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру кезінде қолданылады.

11. Қызметкердің еңбек қызметін растаушы құжаттарды толтыру кезінде, сондай-ақ тарифтік разрядты өзгерту кезінде оның кәсібінің атауы БТБА-ға сәйкес жазылады.

12. Қолданылуға ыңғайлы болу мақсатында, БТБА-да (38-шығарылым) алфавиттік көрсеткіш (1-қосымша) көзделген, онда жұмысшылар кәсіптерінің атауы, разрядтардың диапазондары және беттердің нөмірленуі қарастырылған.

13. "Ағаш өндеу өндірісінің жалпы кәсіптері", "Ағаш аралау және ағаш өндеу", "Сүрек және талшық плиталары өндірісі", "Фанера өндірісі", "Жиһаз өндірісі", "Сіріңке өндірісі", "Қарындаш өндірісі" бөлімдерінде қарастырылған жұмысшы кәсіптері атауларының, олардың БТБА шығарылымы бойынша қолданыстағы атаулары көрсетілген тізбесі 2010 жылғы редакциясында берілген.

2-бөлім. Ағаш өндеу өндірісінің жалпы кәсіптері

1. Ағаш майыстыруышы

Параграф 1. Ағаш майыстыруышы, 2-разряд

14. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті ағаш майыстыруышының басшылығымен қолмен құралдарда және станоктарда сабактары шамалы иілген ағаш бөлшектері мен қарапайым конфигурациялы бөлшектерді майыстыру;

майыстырғыш құрылғыларда қарапайым бейінді музикалық аспаптардың дайындаудары мен бөлшектерін майыстыру.

15. Білуге тиіс:

майыстыру кезіндегі жұмыс тәсілдері;

сүрек тұқымдары және олардың құрылышы;

майыстыру үшін дайындаударды ылғалдау-жылышлау дайындықтары.

16. Жұмыс үлгілері:

1) домр-прима тойтармалары - майыстыру;

2) мандолиндерге арналған бақылау ернеушелері, скрипкалар мен альттарға арналған ернеушелер – майыстыру.

Параграф 2. Ағаш майыстыруышы, 3-разряд

17. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен құралдарда және станоктарда сабактары шамалы иілген және шамалы кесілген ағаш бөлшектерді майыстыру;

бөлшектерді формаларға салу және оларды формалардан алу;

көлік құрылғысын тиесу;

құрделі бейінді музикалық аспаптардың дайындаудары мен бөлшектерін майыстыру.

18. Білуге тиіс:

құрылғыларды, құралдар мен жарақтарды майыстыруға арналған станоктың құрылғысы;

сүректің негізгі физикалық-химиялық қасиеттері;

майысқан бұйымдардың сапасына қойылатын талаптар.

19. Жұмыс үлгілері:

1) чемодан дайындаудың (түптер мен қақпақтары), таяныштар, шаңғы бағдары, орындықтардың аяқтары мен арқалары – майыстыру;

2) мандолиндердің ернеушелері мен қалқаншалары – майыстыру;

3) ысқыш музикалық аспаптарға арналған ысқыш жіңішке таяқшалар-пештерде қыздырып майыстыру.

Параграф 3. Ағаш майыстыруши, 4-разряд

20. Жұмыс сипаттамасы:

майыстыратын станоктарда немесе құрылғыларда күрделі конфигурациялы немесе көп кесілген түйік бейінді ағаш бөлшектерін майыстыру;

алдын ала буландырып, бөлшектерді арнайы майыстырғыш станоктарда майыстыру.

21. Білуге тиіс:

жабдықтың техникалық сипаттамасы;

майыстыру кезінде дайындаудың механикалық және гидротермиялық өндеуге қойылатын техникалық талаптар;

майыстырылған бұйымдарға қойылатын техникалық шарттар.

22. Жұмыс үлгілері:

1) ат, доңғалақ асты доғалары, арбалар, доңғалақтың тоғындары, жартылай тоғындары – алдын ала булап, арнайы майыстырғыш станоктарда майыстыру;

2) сакиналар, домалақ және сопақ царгалар – майыстыру;

3) теннис ракеткалары – майыстыру және тоғындарды жабыстыру;

4) телевизорлардың немесе қабылдағыштардың футлярлары – арнайы станоктарда немесе құрылғыларда құнды ағаш түқымдарымен немесе декоративтік пленкалармен қаптап майыстыру.

2. Ойыншықтарға арналған жартылай дайын өнімдерді дайындаушы

Параграф 1. Ойыншықтарға арналған жартылай дайын өнімдерді дайындаушы, 2-разряд

23. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі өлшемдегі дайындаудың дөңгелектер жару және ойып жасалатын ойыншықтардың сұлбасын керту.

24. Білуге тиіс:

дөңгелектер жару;

ойып жасалатын ойыншықтың алғашқы сұлбасын керту;

ағаштың физикалық-механикалық қасиеті, сүректің түқымдары мен ақаулары.

3. Ағаш өндайтін құрал-саймандарды қайрауышы

Параграф 1. Ағаш өндайтін құрал-саймандарды қайрауышы, 3-разряд

25. Жұмыс сипаттамасы:

бапталған қайрағыш станоктар мен автоматтардың рамалы, ленталы және дискілі араларын қайрау;

берілген бұрыш бойынша тіке сзықты жиектері бар қарапайым бейінді ағаш өндайтін құралды, пышақтар мен фрезаларды қолмен қайрау тексеру. Ара аралық төсемдерді диірмен тастарға іріктеу.

26. Білуге тиіс:

қайрағыш станоктардың жұмыс істеу принципі;

аспаптық болаттың түрлері, міндеті және маркалары;

ара аралық төсемдерді диірмен тастарға іріктеу ережесі.

27. Жұмыс ұлгілері:

1) ланцеттер, кескіштер - қайрау;

2) құрамды фрезаларға арналған пышақтар, дискілі - қайрау;

3) қашаулар, сұргілер, шапқылар шершебельдер, қол аралар – қайрау және түзету.

Параграф 2. Ағаш өндайтін құрал-саймандарды қайрауышы, 4-разряд

28. Жұмыс сипаттамасы:

дербес бапталған қайрағыш станоктар мен автоматтарда рамалы, дискілі және ленталы араларды қайрау;

рамалы аралардың төсемдерін біліктеу және түзеу;

аралардың тістерін штампылау және ажырату;

тұтас фрезаларды, ұзындығы 1 метр (бұдан әрі - м) дейін пышақтарды және қүрделі бейінді ағаш өндайтін құрал-саймандарды қайрау және түзету;

ажарлағыш дөнгелектерді іріктеу және оны сынау;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

29. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

тістерді штампылаудың тәсілдері;

қайралатын құрал-саймандардың сыныптаушы мен міндеті;

абразивтік дөнгелектердің қасиеті және оларды сынау әдістері;

құрал-саймандарды қайрау және түзету тәсілдері;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу ережесі.

30. Жұмыс ұлгілері:

1) ланцеттер, кескіштер – пышақты тарақшаларға құрастыру;

2) шапқыш машиналардың пышақтары - қайрау;

3) жақ тәрізді аралар – қайрау және түзету;

4) бұрғылар мен ұңғылар – қайрау;

5) фальцтерді өндөуге арналған галтель, қыздыру фрезерлері – алдыңғы жағы бойынша қайрау;

6) тұтас саптама фрезалар – теңгеру.

Параграф 3. Ағаш өндейтін құрал-саймандарды қайраушы, 5-разряд

31. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі қайрағыш станоктарында фасонды фрезаларды, ұзындығы 1-ден 1,5 м дейін пышақтарды және фрезер тізбектерін қайрау және түзету;

ленталы аралардың төсемдерін біліктеу және түзету;

диаметрі 630 миллиметр (бұдан әрі - мм) дейін дискілі араларды түзету және біліктеу;

аралардың тістерін жұқарту және формалау;

қатты қорытпадан жасалған пластинкалармен жабдықталған қарапайым кескіш құрал-саймандарды қайрау және жетілдіру;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

32. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

араларды түзеткіш құрал-саймандар;

кескіш құрал-саймандарды қайрауға және жетілдіруге арналған абразивтік және алмас құрал-саймандар;

ленталы аралардың төсемдерін біліктеу және түзету тәсілдері.

33. Жұмыс үлгілері:

1) пышақты қалпақшалар, құрамды және құрамdas фрезалар – теңгеру;

2) қабықтау станоктарының пышақтары – қайрау, түзету және орнату;

3) қатты қорытпалармен жабдықталған, тұра сызықты кескіш жиектері бар фрезалар – қайрау және жетілдіру.

Параграф 4. Ағаш өндейтін құрал-саймандарды қайраушы, 6-разряд

34. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай автоматтарда аршығыш пышақтарды және ұзындығы 1,5 м артық сывыштарды қайрау, қолмен түзету және жануышпен жетілдіру;

диаметрі 630 мм жоғары дискілі араларды түзету және біліктеу;

қатты қорытпалармен, абразивтік немесе алмас дөңгелектермен жабдықталған араларды түзету, қайрау және жетілдіру;

қурделі және эксперименталды кескіш құралды қайрау және жетілдіру;

қызмет көрсететін жабдықты тексеру, баптау және реттеу.

35. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықты баптаудың кинематикалық схемасы және баптау ережесі;

қайралатын құралдың мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары;

брак түрлері және оны жоюдың шаралары;
құрал-саймандар үшін қолданылатын болат пен қатты қорытпалардың қасиеті
мен маркалары.

4. Ағаш өндеу өндірісінің бақылаушысы

Параграф 1. Ағаш өндеу өндірісінің бақылаушысы, 2-разряд

36. Жұмыс сипаттамасы:

құрделі емес құрылыш бөлшектері мен ағаш өндейтін бұйымдарды құрастыру
және жасау сапасын операциялық бақылау;

құрделі бұйымдарға арналған бөлшектерді өндеу сапасын айқындау;

тойтарма, тара, бидондар мен бөтелкелерге арналған клеткалардың сапасын
бақылау;

өндіріске келіп түсетін шикізат пен материалдарды есепке алу;

құжаттамаларды ресімдеу;

дайын өнімді қабылдау.

37. Білуге тиіс:

жұмыстарды орындау амалдары;

қажетті өлшегіш құрал және оны пайдалану ережесі.

Параграф 2. Ағаш өндеу өндірісінің бақылаушысы, 3-разряд

38. Жұмыс сипаттамасы:

қырлы бөрене бөлшектері мен өнделмеген түрдегі қапталмаған тораптардың
сапасын операциялық бақылау және қабылдау;

теріс жазықтықтарға арналған сүргіленген шпоннан және аршылған шпоннан
жасалған қатпарлы желімделген сүректің сыртқы қабатын және қатпарлы
желімделген сүрек бөлшектерін бақылау және қабылдау;

аралау материалдарын, жапырақ тұқымды қатты сүректерден жасалған
дайындаамаларды қабылдау;

ағаш-құрылыш бұйымдарын өндеудің және дәл құрастырудың сапасын
бақылау;

сіріңке шпондарының, талшықтардың және сіріңке қораптарының сапасын
операциялық бақылау;

аршылған және сүргіленген шпонды, желімдеп жапсырылған және
сұрыпталған қатпарлы желімделген сүректі және майыстырып жабыстырылған
дайындаамаларды өлшеу және есеп жүргізу;

сүректі қабылдаған және шыбықтауға тапсырған кездे көлемі мен сапасын
айқындау;

қабылдау мен тапсыруға құжаттарды ресімдеу;

сұрыпталған аралау материалдарының өлшемдері мен сорттарын айқындау
және оларды сапасы бойынша қабылдау;

еденге арналған ағаштың сапасы мен өлшемін айқындау және оған есеп жүргізу.

39. Білуге тиіс:

жалпы мақсаттағы ағаш материалдарды мен аралау материалдарына, сүргіленген және аршылған шпонға, қатпарлы желімделген сүрек пен майыстырып жабыстырылған дайындаамаларға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

сүректердің тұқымдары мен ақаулары;
бақылау-өлшеу құралдарының міндеті;
күжаттама жүргізудің және рәсімдеудің ережесі.

40. Жұмыс үлгілері:

- 1) кузов есіктері – құрастыру және орнына келтіру сапасын тексеру;
- 2) аяқ киім өкшелері мен қалыптары – сүректің және құрастырудың сапасын айқындау;
- 3) орауыштар – сорттары мен өлшемдері бойынша қабылдау;
- 4) хоккей клюшкалары, теннис ракеткалары, дискілер – жасау сапасын айқындау;
- 5) арнайы автомобилдер мен автобустардың кузовтары – күрделі жөндеуден кейін құрастырудың және қабылдаудың сапасын айқындау;
- 6) паркет – сортын айқындау, қабылдау;
- 7) теңіз заттарын буып-түюге арналған арнайы тара (торлар, қораптар, жәшіктер), құрал-сайман жәшіктері, футлярлар – жасаудың, қабылдаудың сапасын бақылау;
- 8) паркет Фризасы - өлшемдері мен сапасын айқындау;
- 9) қатпарлы желімделген сүректерге және майыстырып жапсырылған дайындаамаларға арналған аршылған шпон – сапасы мен міндетін айқындау.

Параграф 3. Ағаш өндіреу өндірісінің бақылаушысы, 4-разряд

41. Жұмыс сипаттамасы:

қаптау операцияларында қапталған бөлшектері мен жиһаз тораптарының, келесі операциялардағы құрастыру мен өндеулердің сапасын операциялық бақылау және қабылдау;

жекелеген түрде кереге көзді жиһаздың дайын бұйымдарының, дайын тораптардың және жұмсақ жиһаз бұйымдарының сапасын бақылау және қабылдау;

қатпарлы желімделген сүрек және майыстырып жапсырылған дайындаамалар өндірісіндегі сапаны операциялық бақылау;

фанераның немесе фанера плиталарының оң қабатына арналған, сүргіленген және аршылған шпоннан жасалған қатпарлы желімделген сүректің сыртқы қабатын, майыстырып жапсырылған дайындаамаларды, ағашпен қабатталған

пластиктерді, ағаш талшықтарын, ағаш жонқаларын және талшық плиталарын бақылау және қабылдау;

сүрек плиталары өндірісіне келіп түсетін шикізаттың сапасы мен санын бақылау;

сорттың міндетін, ағаш материалдарды тұтынушыларға тапсыру және вагондар мен кемелерге тиеген кезде сорттары мен көлемдерін мемлекеттік стандарт талаптарға сәйкестігін айқындау;

бөрене кесінділерінің тұқымын, сапасын және өлшемін мемлекеттік стандарт талаптарына және шикізатты фанера, сіріңке, шаңғылар және басқа да өндіріс түрлеріне жеткізу шарттарына сәйкестігін айқындау;

аралау материалдарын өндеу, сіріңке жасау, сіріңке қораптарын құрастыру, оларды сіріңкелермен толтыру, жағындар жағу және сіріңкелерді автоматтық желіде және позициялық жабдықтарда жәшіктеге буып-түю сапасын операциялық бақылау;

құжаттамаларды есепке алу;

брак туралы актілерді құрастыру.

42. Білуге тиіс:

ағаш өндеудің түрлі өндірісіне арналған шикізатты жеткізу шарттары;

аралау материалдары өндірісінің негізгі технологиялары;

аралау материалдарының техникалық брак түрлері мен себептері;

шикізат пен аралау материалдарын салу және сақтау ережесі;

сіріңке жасаудың технологиялық режимі;

материалдарға, бөлшектер мен тораптарға қойылатын техникалық шарттар;

техникалық брак түрлері, оны жою шаралары.

43. Жұмыс үлгілері:

1) есік және терезе блоктары – жасау, құрастыру, қабылдау сапасын бақылау;

2) корпусты жиһаздың қалқанды бөлшектері – қаптау, ажарлау, өндеу, құрастыру, қабылдау кезінде сапасын бақылау;

3) спорт инвентарі – жасау және қабылдау сапасын бақылау;

4) қарындаштар – сапа мен қабылдауды бақылау;

5) желімделген құрылыш конструкциялары (балкалар, блоктар, аркалар мен фермдер) – жіктерді сыйбалар бойынша желімдеу, ажырату және құрастыру сапасын тексеру;

6) эксперименталды және тәжірибелі машиналардың кузовтары (ағаш бөлігі) – сыйбалар бойынша өндеуді және құрастыруды, қабылдауды бақылау;

7) арнайы автомобилдер мен автобустардың кузовтары – кузов негізін құрастыру сапасын бақылау;

8) балаларға арналған жиһаз – сапасын бақылау және өнделген түрде қабылдау;

9) шаңғылар – тип өлшемдері бойынша жұптарды іріктеу және өндіу сапасын бақылау, толықтай қабылдау.

Параграф 4. Ағаш өндіу өндірісінің бақылаушысы, 5-разряд

44. Жұмыс сипаттамасы:

жылтыратылған жиһаздың бұйымдарын бақылау және қабылдау;

сапасын операциялық бақылау, жекелеген тораптарды (еш құрастырусыз) немесе корпусты жиһаздың дайын бұйымдарын толықтай қабылдау;

музыкалық аспаптарға арналған резонансты аралау материалдарын қабылдау;

ламинатталған плиталар мен синтетикалық шпонның өлшемдері, сорттарын және сапа топтарын айқындау;

сыртқы көрінісі және зертханалық деректер бойынша экспортқа шығарылатын плиталарды айқындау;

сорттың міндетін, ағаш материалдарының, өндіу алаңында және жоғарғы және төменгі қоймалар мен базалардың механикаландырылған эстакадаларында шабылған және жонылған ағаш материалдарының сорттары мен көлемдерін (дөңгелек сортты) мемлекеттік стандарт талаптарға, техникалық шарттарға сәйкестігін айқындау;

оларды саны бойынша қабылдау;

оларды қабылдауға құжаттар рәсімдеу;

аралау материалдарының ағаш аралау цехтарынан жергілікті режимде түсү жағдайында ағаш аралау цехтарының сұрыптау алаңында өндевлердің ақауын анықтау мақсатында аралау материалдарының өндіу сапасын (тұтас бақылау әдісін қолдана отырып) бақылау;

сол жағдайларда сұрыптау операцияларының дұрыс орындалуын үздіксіз бақылау.

45. Білуге тиіс:

дайын бұйымдарға, ағаш жонқалы ажарланған және ламинатталған плиталар мен аралау материалдарына қойылатын мемлекеттік стандарттар;

техникалық шарттар және айрықшалықтар;

материалдар сапасын тексеру тәсілдері;

тораптар мен дайын бұйымдардың жинақталуы;

жиһаз дайындаларына плиталарды оңтайлы кесу (пішу);

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысы және басқару амалдары;

экспортқа шығарылатын ағаш материалдарына және арнайы тапсырыстарға арналған сорттарға қойылатын талаптар.

46. Жұмыс үлгілері:

1) дөңгелек ағаш материалдары – жеткізушилерден шикізатты қабылдаған кезде өлшемдерін іріктең бақылау және сапасын (тұқымы, сорты) айқындау;

2) лакталған немесе пленкамен қапталған балаларға арналған және ас үй жиһазы – сапасын бақылау және қабылдау;

3) одакішілік мақсаттағы аralau материалдары – кептіргеннен кейін штабельдерді іріктеуді бақылау және бір сорттан екінші сортқа көшуін белгілеу мақсатында қайта іріктеу;

4) телевизорлар мен радиоқабылдағыштарға арналған футлярлар – сапасын бақылау және қабылдау.

Параграф 5. Ағаш өндеу өндірісінің бақылаушысы, 6-разряд

47. Жұмыс сипаттамасы:

саны мен сапасы бойынша резонанс шикізатын қабылдау;

экспортқа шығаруға тиелген көлік пакетін және дайын көлік пакеттерін қалыптастырған кезде кептірілген аralau материалдарының сапасын бақылау;

экспортқа шығатын материалдарды бір сорттан екінші сортқа көшу процентін белгілеу мақсатымен бақылау іріктеу жүргізу және кептірілген қатарларды іріктеу кезінде экспортқа шығатын аralau материалдарының сапасын тұтас бақылау.

48. Білуге тиіс:

резонанс шикізатынан жасалған өнімге және экспортқа шығарылатын аralau материалдарына қойылатын мемлекеттік стандарт және техникалық шарттар;

аралу материалдарын экспортқа шығару ережесі;

метрология және өнім сапасын басқарудың кешенді жүйесінің негіздері.

49. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

5. Ағаш өндеу өндірісінің диірменшісі

Параграф 1. Ағаш өндеу өндірісінің диірменшісі, 3-разряд

50. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі типтегі диірмендерде үгінділерді, казениндерді, альбуминдерді ұнға үгіту және қайта өндеу;

диірмендерді берілген жұмыс режимін қамтамасыз ету.

51. Білуге тиіс:

диірмендердің құрылғысы және жұмыс істеу принципі;

диірмендерді реттеудің тәсілдері;

сүрек, казеинді және альбуминді ұндардың сапасына қойылатын техникалық талаптар.

Параграф 2. Ағаш өндеу өндірісінің диірменшісі, 4-разряд

52. Жұмыс сипаттамасы:

диірмен тастарда сүрек ұнын қайта үгіту процесін жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықты баптау.

53. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және баптау тәсілдері;

тартылған ұнның сапасын айқындау.

6. Ағаш өндейтін жабдықты баптаушы

Параграф 1. Ағаш өндейтін жабдықты баптаушы, 3-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен берілетін бір аралы, бір шпиндельді бұрғылау, ажарлағыш-ленталы, дискілі және қолмен берілетін бір барабанды қарапайым станоктарды, сондай-ақ таяқшаларды кептіргіш аппараттарды, сұрыптаушыларды, тасымалдағыш құрылғыларды, шар диірмендерін және масса үккіштерді жұмыс барысында баптау, реттеу, қабылдау, орнату және кескіш құралды ауыстыру;

бөлшектерді сынамалы өндеу.

55. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысы;

кескіш құралды дайындау және орнату ережесі;

станоктарды баптау, өлшегіш аспаптарды қолдану ережесі;

бөлшектерді өндеуге арналған әдіптер;

станокты баптауға және кескіш құралдың сапасына байланысты брак түрлері;

сүрек тұқымдары және оның ақаулары, қызмет көрсететін жабдықта жұмыс істеу режимі.

Параграф 2. Ағаш өндейтін жабдықты баптаушы, 4-разряд

56. Жұмыс сипаттамасы:

қурделілігі орташа станоктардағы: көп шпиндельді бұрғылау, фрезерлі, жиектерді фугалау, бір жақты тікенек кескіш, рейсмусты, фугалы-сопақты, дөңгелеп аралайтын (көп аралы) дөңгелек шыбықты, саңылау бұрғылайтын, майыстырылған жиһаздар жасайтын ленталы аралайтын станоктарды, аршитын ажыратқыш станоктарда, шапқыш машиналардағы және қорап желімдейтін машиналардағы кескіш құралды; сіріңке өндірісіндегі ағынды-ауалы диірмендері бар ұнтақтау қондырғыларын жұмыс барысында баптау, реттеу, қабылдау орнату және ауыстыру;

жоғары білікті баптаушының басшылығымен сіріңке өндірісіндегі автомат тораптарын және жартылай автомат желілерін баптау бойынша жұмыстар жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықты ағынды және курделі жөндеуге қатысу.

57. Білуге тиіс:

станоктардың дәл өндеуін тексеру ережесі;

бөлшектерді өндеу кезінде жіберілетін ақаулықтар;

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

жұмыс істеу принципі;

баптау мен реттеуге байланысты брак түрлері;

бөлшектер мен тораптарды өзара ауыстыру принциптері.

Параграф 3. Ағаш өндейтін жабдықты баптаушы, 5-разряд

58. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі жабдықтың: лак құйғыш машиналарын, төртжақты сүргілеу және жару станоктарын, екі жақты тікен кескіш станоктарды, үш цилиндрлі ажарлағыш, айналмалы-фрезерлі, рейсмусты екі жақты, "қарлығаштың құйрығы" жартылай жасырын типті тікен кескіш станоктарды, бұтанақтарды бітеу автоматтарын, орталықтан тиегіш құрылғылары бар аршитын станоктарды, ротор типті қабықтау станоктарын, гидравликалық және пневматикалық құрылғысы бар таяқша шапқыш станоктарды жұмыс барысында баптау, реттеу, қабылдау, орнату және кескіш құралдарын аудыстыру;

механикалық өндөудің, өндөу жұмыстарының, сіріңке өндірісі мен плита өндірісінің автоматтарының және жартылай автоматты желілердің тораптарын баптау және реттеу;

жабдықты ағынды жөндеуге қатысу.

59. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструкциясы;

автоматты желілердің жекелеген позициялары мен механизмдері арасындағы өзара әрекет;

электр-гидро және пневмо схемалар, лак құйғыш машиналарда жұмыс істеген кезде өндөу материалдарының шығындалу нормалары;

жиһаз, сіріңке және ағаш өндөу өндірісінің барлық технологиялық процесі бойынша жабдықтарды баптауға байланысты брак түрлери.

60. Орта кәсіптік білімді талап етеді.

Параграф 4. Ағаш өндейтін жабдықты баптаушы, 6-разряд

61. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс барысында жоғары жиілікті және жоғары кернеулі токтарды қолданумен байланысты ағаш өндөу өндірісінің автоматты және жартылай автоматты желілер мен қондырғыларды, сондай-ақ фотоэлектрлік және электронды реттейтін, шпондарды аршу-шабу-қатарлаудың, бақылау және есептеу құрылғыларымен жабдықталған автоматты және жартылай автоматты желілерін баптау және реттеу;

желілердің барлық тораптарының синхронды жұмысын қамтамасыз ету, желілерді байқау үшін қосу;

баптау кезінде қажетті есептеулерді орындау;

қызмет көрсететін жабдықты ағынды және күрделі жөндеуге қатысу.

62. Білуге тиіс:

жабдықтардың құрылғысы және баптау ережесі;

электр схемалар, станокты, желіні баптауға байланысты брак түрлері, оны алды алу шаралары;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмыс істеу режимі;

жұдырықша механизмдері мен басқа да қисық механизмдердің тісті іліністерін есептеу;

оларды жиһаз, ағаш өндеу және сіріңке өндірісі үшін тексеру тәсілдері;

жөнделген жабдықты реттеуге, сынауға және тапсыруға қойылатын техникалық талаптар.

63. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

7. Ағаш өндеудегі автоматты және жартылай автоматты желілердің операторы

Параграф 1. Ағаш өндеудегі автоматты және жартылай автоматты желілердің операторы, 3-разряд

64. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты және жартылай автоматты желілерде ақауларды кесіп тастап, тақтайларды алғашқы дайындаударға көлденең және бойлап пішу;

шағылған үшкілдердің штифттерін қоюға арналған станоктарға қызмет көрсету, штифттер мен үшкілдердің жарамдылығын бақылау, оларды сұрыптау, кассеталарға тиесінде және тағы да басқа;

жонқаларды беру желілеріне қызмет көрсету;

жонқалар мен үгінділерді тасымалдағыштардың, қабылдағыштардың және сұрыптау құрылғыларының жұмысын бақылау;

автоматты желілерді, машиналық өндеулерге қызмет көрсету және жоғары білікті оператордың басшылығымен аршу, кептіру, шабу және сұрыптау автоматтың желіде одан әрі, автоматты қайшыларда кесекті шпонды шабу және шпонды сұрыптау процесін басқару.

65. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін желілердің немесе қондырғылардың жұмыс істеу принциптері;

қажет ететін өлшемге баптау тәсілдері мен амалдары және баптау және автоматты режимдерде желілер мен қондырғыларға қызмет көрсету амалдары;

техникалық ақаудың пайда болу себептері және оны жою амалдары;

өнімге және дайындаға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Ағаш өндеудегі автоматты және жартылай автоматты желілердің операторы, 4-разряд

66. Жұмыс сипаттамасы:

температуралық режимді сақтай отырып, 2-3 станоктан тұратын қырлы бөренелі әрі қалқанды бөлшектер мен бұйымдарды машиналық өндейтін әрі құрастыратын автоматтың және жартылай автоматтың желілерді және ағаш жонқа массасынан немесе шпоннан жасалған бөлшектерді престеу бойынша жоғары жиілікті токтардың желілері мен қондырғыларын және бөшкелерді

дайындау әрі қыздырылған штамп қарындаштарын штемпельдеу желілерін басқару;

штемпельденген қарындаштарды тасымалдағыштар бойынша рамаларға шығарылуын бақылау және оларды брак түрлері бойынша сұрыптау;

аршу, кептіру, шабу және сұрыптау автоматтық желілерінде сұрыптаап, аршу станоктарына кесінді ағаштарды беру және орталықтау және берілген өлшемдегі форматты парақтарға шпон ленталарын шабу процесін басқару;

бөренелерді шапқыш машиналарға бір-бірлеп беретін жабдықты басқару, тасымалдағыштарға бөренелерді дұрыс толтырылуын қамтамасыз ету, кран машинисіне (краншыға) командалар беру;

кескіш құралды орнату;

өнім өндіру көлеміне есеп жүргізу;

желі жұмысына журнал бастау;

желідегі механизмдерді баптауға және реттеуге қатысу.

67. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін желілердің құрылғысы және техникалық сипаттамасы;

желілердің жекелеген тораптарының өзара әрекеті;

қолданылатын кескіш құрал және оны орнату тәсілдері;

бөлшектерді өндеудің технологиялық процесі;

өндеуге қойылатын әдіптер мен шектеулер;

сүректер мен желімдердің физикалық-механикалық қасиеті;

кесу, ажарлау, престеу режимдері;

қарындаштарды таңбалау тәсілдері;

брак себептері және оны жою тәсілдері.

68. Жұмыс үлгілері:

1) терезе ағаштары жармалары мен қораптарының келтектері – механикалық өндеу;

2) терезелер мен есіктер блоктарының келтектері - механикалық өндеу;

3) терезе қораптарының келтектері – механикалық позициялық өндеу;

4) желімделген паркет тақтайлары – автоматтық желіде лакпен өндеу;

5) қарындаштар – жақтарға немесе айнала таңбалар жағу;

6) ірі габаритты фанералардың дестелері (табақтары) – автоматтық желіде тұра тік кесіндін алу үшін екі жазықтықта бір уақытта салыстырып, бір өлшемде екі жақтан кесу;

7) сүрек плиталары – жартылай автоматты желіде дестелерге буып түю;

8) терезе жармалары – жиілігі жоғары ток өрісінде құрастыру және желімдеу;

9) терезе жармалары (құрастырылған) – желіде механикалық өндеу;

10) терезе жармалары (сыртқы және ішкі) – желіде бұрғылау және ою;

11) терезе жармалары, буланған – метал фурнитураларын жинақтау;

12) қалқандар, сүрек және талшық плиталары – автоматты желілерде төрт жақтан кесу.

Параграф 3. Ағаш өндеудегі автоматты және жартылай автоматты желілердің операторы, 5-разряд

69. Жұмыс сипаттамасы:

4-5 станоктан тұратын өндеу желілерінде, құрастыру, қаптау, лак пленкасын ажарлау және жылтырату желілерінде машиналық өндеудің (келтелі және қалқанды бөлшектер) автоматтық және жартылай автоматтық желілерін басқару;

шпонды аршу, кептіру, шабу және сұрыптау автоматтық желілерде көп қабатты ленталы кептіргіштерде шпонның үздіксіз лентасын кептіру процесін жүргізу;

кептіру режимдерін таңдау, кептіргіштерде шпон лентасының өту жылдамдығын реттеу, 6 және одан көп жону станоктарынан тұратын жартылай автоматты желілерде ағаш жонқаларына арналған түрлі айрықшалықтағы жонқалар жасау;

кескіш құралды орнату және станокты реттеу;

жаңқаларды беру жылдамдығын реттеу;

тасымалдау және пышақ дискілер ауыстыру;

техникалық кінәраттарды жою және жабдықты жөндеуге қатысу;

өндеу сапасын бақылау.

70. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері;

электр блоктау жүйелері, кескіш құралдарды құрастыру амалдары мен ережелері;

желімге қойылатын техникалық шарттар;

өндеу және абразивтік материалдар және кескіш құралдар;

қарындаш шөркелерін кесу ережесі;

шпон лентасын кептіру, қаптау, ажарлау, лак пленкасымен жылтырату және өндеу ережесі;

бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті және қолдану ережесі.

71. Жұмыс үлгілері:

1) жиһаз бөлшектері, қалқанды – бірдей өлшемде төрт жақтан кесу, фрезерлеу, шпунт іріктеу, тесік бұрғылау;

2) қарындаштар – шөркелерді кесу;

3) ірі габаритті фанера табақтары – автоматты желілерде екі жақтан бір уақытта ажарлау;

4) ірі габаритті фанера дестелері (табақтары) – автоматты желілерде тұра тік кесіндіні алу үшін екі жазықтықта бір уақытта тексеріп бірдей өлшемде төрт жақтан кесу;

- 5) сүрек және талшық плиталары – автоматты желіде ажарлау;
- 6) майыстырған орындықтар - жиілігі жоғары токтар өрісінде нитролактармен өндеу.

Параграф 4. Ағаш өндеудегі автоматты және жартылай автоматты желілердің операторы, 6-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

6 және одан да көп станоктардан тұратын және келтелерді және қалқанды бөлшектерді машиналық өндеу, қаптау, ажарлау, бойынша кешенді технологиялық операцияларды және басқа да операцияларды орындайтын құрамдалған автоматты және жартылай автоматты желілерді басқару;

сүректің бағалы текстурасында сүрек плиталарын өндеу, қарындаштарды өндеу және сылап бітеу, ажарлау, сыр, баспа бояуларын жағу жөнінде ыстықтай престеу әдісімен ламинатталған плиталарды жасау және плиталарды кептіру бойынша автоматтық желілерді басқару;

берілген бағдарлама бойынша қалқандарға ламинатталған плиталарды пішу желісін қосу және басқару;

пішу бағдарламасын құрастыру;

пішу бағдарламасын қамтамасыз ету;

шпонды аршу, кептіру, шабу, және сұрыптау автоматты желілерде аршу станогында шпонның ұздіксіз лентасын аршу, ағаш кесінділерін цилиндрлеу және орталықтау процесін жүргізу;

өнделетін бөлшекке желілерді теңшеу және желідегі жұмыс режимі, жұмыс агрегаттарын реттеу;

плита пішу және жиһаздың қалқанды бөлшектеріне арналған плита жиектерін қаптау.

73. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасы;

пневмо, гидро, электр автоматика және электр техника;

бөлшектерді өндеудің техникалық шарттары;

өнделетін өнімге қойылатын техникалық шарттар.

8. Кептіргіш қондырғылардың операторы

Параграф 1. Кептіргіш қондырғылардың операторы, 2-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті кептіргіш қондырғылардың басшылығымен үгітілген сүректерді, дайындаларды кептіру процесін дайындау және жүргізу;

жонқалар мен үгінділерді кептіргіш аппараттарға беруді реттеу.

75. Білуге тиіс:

кептіргіш қондырғылардың, пайдаланылатын құрылғылардың жұмыс істеу принциптері;

қолданылатын бақылау-өлшеу күралдары.

Параграф 2. Кептіргіш қондырғылардың операторы, 3-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

сүрек ұны өндірісінде үгітілген сүректі кептіру процесін жүргізу;
көлік және пневмокөлік жабдықтары бункерлерінің жұмысын бақылау;
кептіргіштердің берілген жұмыс режимін қамтамасыз ету.

77. Білуге тиіс:

кептіргіш қондырғыларды реттеу тәсілдері;

сүрек ұны өндірісінің техникалық схемасы, кептіру және кептірілген өнімдерге арналған материалдарды дайындауда қойылатын техникалық талаптар.

78. Жұмыс үлгілері:

1) орау материалдары – түрлі типті кептіргіштерде кептіру;

2) үгінділер (құрғақ) – үгіту бөлімшелеріне беру, кептіргіш аппараттарға тиесінен кептіру;

3) бөшкелердің қаңқалары – электр мангальдарда кептіру;

4) сүргіленген, аршылған шпон – кептіргіштерде кептіру.

Параграф 3. Кептіргіш қондырғылардың операторы, 4-разряд

79. Жұмыс сипаттамасы:

берілген режим бойынша кептіргіш қондырғыларда ағаш талшықты және талшықты плиталарды, жалпы мақсаттағы аралау материалдар бөшкелерін және түрлі мақсаттағы дайындалады кептіру процесін жүргізу;

жіберілетін материалдардың ылғалдылығына қарай кептіру режимін реттеу;

бақылау өлшеу үшін сынамаларды іріктеу;

қызмет көрсететін жабдықтардың кінәраттарын жою.

80. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін кептіргіш жабдықтардың құрылғысы;

сүректердің тұқымы мен ақаулары;

кептіру режимдерінің үгітілген сүректің өлшеміне, міндетіне, тұқымына және ақауларына тәуелділігі;

плиталардың физикалық-механикалық қасиеті;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті;

жабдықтың жұмысындағы кінәраттарды жою ережесі.

Параграф 4. Кептіргіш қондырғылардың операторы, 5-разряд

81. Жұмыс сипаттамасы:

ағаш жонқалы плиталарға арналған жонқаларды кептіру процесін жүргізу;

ауаның және жонқаның берілуін реттеу;

талдаулар нәтижелері бойынша температуралық режимді бақылау және реттеу;

жалпы және арнайы мақсаттағы аralau материалдарын кептіргіш камералардың жұмысы кезінде олардың блоктарында аralau материалдарын толық өндөу қондырылары бар кешенде және пакет құрастыру, кептіру, шерке төсеу, сұрыптау және аralau материалдарын пакеттеу автоматты желі құрамында кептіру;

кептіру режимдерін реттеу;

аралau материалдарының келіп түскен және кептірілген қатарларына бақылау-есепке алу құжаттамасын жүргізу;

пакет қалыптастыратын машинаның жұмысын есепке алу және қабылдау.

82. Білуге тиіс:

кептіргіш камералардың конструкциясы;

кептіру процесін автоматты бақылау және реттеу жүйесі;

жабдық жұмысындағы кінәраттарды жою тәсілі;

кептірілетін материалдарға қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;

кептіру технологиясы;

бақылау-есеп жүргізу және техникалық құжаттама жүргізу тәртібі.

9. Сүрекten жасалған бұйымдарды өндөуші

Параграф 1. Сүрекten жасалған бұйымдарды өндөуші, 1-разряд

83. Жұмыс сипаттамасы:

станок бункеріне левкас массаларын тасу және құю, левкас станогын тазалау және жуу.

84. Білуге тиіс:

станок бункеріне левкас массаларын құю амалдары.

Параграф 2. Сүрекten жасалған бұйымдарды өндөуші, 2-разряд

85. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен немесе малту әдісімен бөлшектердің, тораптар мен бұйымдардың кішкене бетіне бояу, мастика, балауыз, сыр және кеуек толтырғыштарды жағу;

электр статикалық бүрку әдісімен лактау алдында түкті көтеру үшін қаптау бөлшектерін, тораптар мен бұйымдарды сулау;

багет келтектеріндегі ақау жерлерді тығындау;

левкас жаққаннан кейін багет дайындаларын аралық ажарлау;

багет келтектерін станоктан қабылдау; бракқа шығару және кептіру үшін стеллаждарға қатарлау.

86. Білуге тиіс:

сүрек тұқымдары, оның ақаулары және негізгі қасиеті;

қолданылатын өндөу материалдары;

олардың құрамы және концентрациясы, өндөудің технологиялық режимдері.

87. Жұмыс үлгілері:

- 1) бөшкелер – сыртқы бетін бояу;
- 2) багет келтектері - өңдеу;
- 3) құрылыш бөлшектері (құрылыштың көлемді элементтері) – бояу;
- 4) авто және арба құрылышына, терезе мен есік блоктарына арналған бөлшектер мен тораптар – сырлау, тығындау, олифтеу және бояу;
- 5) ағаштан жасалған ойыншықтар – малту немесе бүріккіштің бүрку тәсілімен бояу;
- 6) өкшелер – қолмен тығындау массасын ысқылау, сырлау, эмаль немесе лак жағу;
- 7) жиһаз бұйымдарының аяқтары – сырлау, малту әдісімен бояғыштарды жағу;
- 8) плинтустар мен бөлгіштер - сырлау, мастика, бояу жағу;
- 9) грифті тілді музикалық аспаптардың резонаторлары, қырлы бөренелері – лактау;
- 10) орындықтар, жәшік қабырғалары, қапталған қалқанды және қырлы бөренелі жиһаз бөлшектері – ылғалдау;
- 11) сағат маятниктерінің штангалары – мастиканы малту әдісі бойынша жағу;
- 12) төменгі пианино қалқандары – ішкі бетін сырлау.

Параграф 3. Сүрекten жасалған бұйымдарды өңдеуші, 3-разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен немесе малту әдісімен қарапайым конфигурациялы багет келтектеріне, жиһаздың тораптары мен бұйымдарына лак, левкас қабаттарын жағу;

қолмен, малту және бүрку әдісімен бөлшектердің, тораптар мен бұйымдардың жоғары бетіне тұнық емес өңдеу бойынша мастика, балауыз, бояғыш, кеуек толтырғыштар мен бітемелер жағу;

жағылатын қабаттардың жүйелігіне сәйкес левкас массасын қажетті консистенцияға дейін жеткізу;

багеттің қарапайым бейіні үшін шаблондар дайындау;

үстіңгі жағын сырлағаннан, тығындағаннан, кеуек толтырғаннан кейін лак пленкасын қолмен немесе түрлі модельдегі станоктарда ажарлау және аралық ажарлау;

плиталардың бетін щеткалы машинада шаң-тозаңнан тазарту;

плиталарды щеткалы машинаға тиейтін автоматтық құрылғыға қызмет көрсету;

щеткалы валиктерді дайындама қалындығына қарай реттеу;

сүректің бағалы тұқымдарын фотшаблон тәсілімен ұқсату;

үстіңгі жағын өңдеу алдында шайырсыздандыру;

сүректің ақауы бар қарындаштарды сырлау машиналарында сылап бітеу;

лак пленкасын кептіруге арналған құрылғыларға бөлшектерді, тораптар мен бұйымдарды орнату және табиғи жағдайларда процестің барысын қадағалау.

89. Білуге тиіс:

орындалатын операциялардың технологиялық процесі және режимі;

қолданылатын жабдықтың және құрылғының жұмыс істеу принципі және пайдалану ережесі;

өндеге материалдарының негізгі физикалық-механикалық қасиеті және оларға қойылатын талаптар;

қарапайым конфигурациялы багет келтектерінің рұқсат етілетін өлшемі;

левкас массасының рецептурасы;

левкас қабаттарының кебу режимдері, левкас массаларының дайын болғандығын айқындау тәсілдері.

90. Жұмыс үлгілері:

1) бөшкелер – ішкі бетін эмальдау;

2) қарапайым бейінді багет келтектері – левкас қабаттарын жағу және қолалау ;

3) ысқы музыкалық аспаптардың грифтері, кнопкалары, шек ұстағыштары - ажарлау;

4) аунақтардың, кегльдердің, оқуға арналған атқыш қарудың құндақтары, дүмі мен сопақ жапсырмаларының, орындықтың отырғыштары мен арқаларының бөлшектері – лактау;

5) жиһаз бөлшектері, қалқанды – станоктарда кеуекті толтыру;

6) ас үй және балалар жиһаздарының қалқанды және келтелі бөлшектері – бүріккіш кабинада тұнық емес өндеге бойынша сылап бітеу;

7) қалқанды бөлшектер және жиһаз бұйымдары – лак пленкасын аралық ажарлау;

8) аяқ киім қалыптары – балауызды өндеге;

9) скрипка, альт, виолончель корпустары – лактау;

10) телевизорлардың, қабылдағыштардың, радиоланың корпустары – барлық бетін тегістеп жылтырату;

11) жөнделген атқыш қарудың құндақтары, дүмдері - жылтырату үшін құрамды дайындалап, ескі бояуды қажетті түске дейін жылтырату;

12) дойбы тас – тығындау және лактау;

13) жиһаз бұйымдарының орындықтары – бояу.

Параграф 4. Сұректен жасалған бұйымдарды өндегеуші, 4-разряд

91. Жұмыс сипаттамасы:

станоктарда және қолмен жиһаз бөлшектеріндегі, тораптар мен бұйымдарындағы, багет бөлшектері мен бұйымдарындағы лак пленкасын тегістеу;

күрделі бейінді бөлшектер мен бұйымдарды жылтырату және қолалау;

күрделі конфигурациялы багет келтелеріне левкас қабаттарын жағу;

лак және эмаль жабындарын қолмен немесе станокта құрғақтай немесе дымқыл ажарлау;

аэрография әдісімен сүректің бағалы тұқымдарына ұқсату;

қолмен, малту және бұрку әдісімен бөлшектерді, тораптар мен бұйымдарды сүректің бағалы тұқымына ұқсас реңктерге ерітіндімен boyu;

үстіңгі бетін түрлі құрамдармен ағарту;

лакталған тораптар мен бұйымдарды жаңарту және өңдеу ақауларын жою;

левкас станогын баптау және оның жұмысындағы ұсак ақауларды жою;

багеттің күрделі бейіндері үшін шаблондар дайындау.

92. Білуге тиіс:

өңдеу материалдарына қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;

өңдеу жабдықтарының, левкас станоктарының, тіркейтін және реттейтін аспаптардың құрылғысы мен міндеті;

өңдеу ақаулары және оны жою тәсілдері;

левкас станогы мен құрылғысын баптау ережесі.

93. Жұмыс үлгілері:

1) күрделі бейінді багет келтелері – қолалау және жылтырату;

2) концерт рояльдерінің дектері – ажарлау;

3) пианино мен рояль корпустарының бөлшектері – лактау;

4) жиһаз бөлшектері, телевизорлар мен радиоқабылдағыштардың қалқанды корпустары – станоктарда нитролакты жабындарды ылғалды ажарлау және полиэфирлі жабындарды құрғақ ажарлау;

5) қалқанды бөлшектер, жиһаз тораптары мен бұйымдары, жиһаздың декоративтік элементтері – бұрку әдісімен лак жағу;

6) үстелдердің қақпалары, телевизорлардың корпустары – аэрография әдісімен сүректің түрлі тұқымдары текстурасына ұқсату;

7) атқыш қарудың құндақтары, жаңа дүмдері және діндік жапсырмалар – лактау және жылтырату.

Параграф 5. Сүректен жасалған бұйымдарды өңдеуші, 5-разряд

94. Жұмыс сипаттамасы;

түрлі конструкциялы қондырғыларда кептіру процесін жүргізумен әр түрлі жабдықтарда бөлшектерге, тораптар мен бұйымдарға қую әдісімен лак жағу процесін жүргізу;

түрлі модельдегі енді ленталы станоктарда лакты, эмальді жабындарды және сыланған бетті ажарлау;

түрлі модельдегі қондырғыларда, желілер мен станоктарда қолмен бөлшектер мен бұйымдарды жылтырату;

жылтыратылған бетті жаңарту және одан майды кетіру;

жиһаз бұйымдарының жылтыратылған бетін жөндеу;

өндегіштерді, бояулар мен колерлер құрастыру;

бөлшектерге қолмен фон бойынша суреттерді әсемдеп салу және текстураны сүректің бағалы тұқымдарына ұқсату.

95. Білуге тиіс:

енді ленталы ажарлағыш станоктардың, лак құйғыш жабдықтардың және қолданылатын қондырғылардың құрылғысы, техникалық сипаттамасы және пайдалану ережесі;

ажарлағыш материалдар және олардың негізгі қасиеті.

96. Жұмыс үлгілері:

1) жиһаз бөлшектері – жылтырату;

2) ысқы музикалық аспаптардың бөлшектері – лактау;

3) жиһаздың қалқанды бөлшектері – енді ленталы станоктарда лак жабындарын ажарлау;

4) жиһаздың қалқанды бөлшектері – сүрек құрылымын көркемдеп бояу;

5) ағаш талшықты плиталар – кептіргеннен кейін әмаль және сылақ жабындарды ажарлау.

Параграф 6. Сүректен жасалған бұйымдарды өндеуші, 6-разряд

97. Жұмыс сипаттамасы:

қондырғылар мен желілерде электр статикалық бүрку әдісімен бөлшектерді, тораптар мен бұйымдарды лактау процесін жүргізу;

қолмен қондырғыларда, желілерде, жиһаздарды 1-санатты өндеу бойынша тораптар мен бұйымдарды жылтырату;

бөлшектерге қолмен фон бойынша суреттерді әсемдеп салу және текстураны сүректің бағалы тұқымдарына ұқсату;

жабдықты баптау және ағынды жөндеуге қатысу.

98. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысы және баптау ережесі;

жылтырату кезінде қолданылатын материалдар, олардың қасиеті.

99. Жұмыс үлгілері:

1) орындықтар – электр статикалық бүрку әдісімен лактау;

2) жиһаздардың тораптары мен бұйымдары – жылтырату;

3) жиһаздардың тораптары мен бұйымдары – суретті көркемдеп салу.

10. Сүректен жасалған бұйымдарды престеуші

Параграф 1. Сүректен жасалған бұйымдарды престеуші, 1-разряд

100. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық престе жонқаларды тендерге престеу;
тендерді сымдармен байлау және таразылау;
тендерді тасу және қатарлау.

101. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін престің жұмыс істеу принципі;
жонқаны престеуге қойылатын техникалық шарттар;
тендерді байлау және таразылау ережесі.

Параграф 2. Сүрекten жасалған бұйымдарды престеуші, 2-разряд

102. Жұмыс сипаттамасы:

тендерді автоматты байлаумен жонқаларды престеу;

жоғары білікті престеушінің басшылығымен берілген режим бойынша
сүйктай престеу тәсілімен олардан фанералар мен бұйымдар желімдеу;

винтті қысқыштармен пакеттерді тарту;

пакеттерді престерге тиеу, престерден түсіру және бөлшектеу;
сірінке шиін престеу және шилерді сыммен тарту.

103. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін престердің құрылғысы;
пакеттерді престерге тиеу және түсіру ережелері;
жонқа мен сірінке шиіне қойылатын техникалық шарттар;
бұранда қысқыштарды бұрау және ұнғылау тәсілдері.

Параграф 3. Сүрекten жасалған бұйымдарды престеуші, 3-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті престеушінің басшылығымен сүйір плита престерде фанера
құбырлары үшін ыстықтай тәсілмен шпондарды, фанераларды және
дайындамаларды желімдеу;

фанераларды жөндеу;

құбыр диаметріне және синтетикалық желімнің жағылуына байланысты
құбырлар үшін фанера табақтарын жинау;

берілген режим бойынша престерде фанералар мен бұйымдарды сүйктай
желімдеу процесін жүргізу;

престерде пакеттерді орталықтау, қысымды қосу және қысқыштарды орнату;

паркет тақтайларында желімдеу ақауларын бітеу, беткі жабындардың
ламельдерін ауыстыру және ламельдерді текстура бойынша іріктеу.

105. Білуге тиіс:

сүйір плита престерінің құрылғысы;

құбырларға арналған дайындамаларға фанера табақтарын жинау амалдары;

фанераны және басқа да фанера өнімдерін жабыстыру режимдері;

престелетін бұйымдарға қойылатын мемлекеттік стандарттар және
техникалық шарттар;

қолданылатын желімдер мен шайырлардың қасиеті.

Параграф 4. Сүректен жасалған бұйымдарды престеуші, 4-разряд

106. Жұмыс сипаттамасы:

сүйір плита престерінде фанера құбырлары үшін шпондарды, фанералар мен дайындаударды ыстықтай жабыстыру процесін жүргізу;

желімдеу панельдерін, желімдеу паркет тақтайларын, ағаш плиталарды, жиһаз қалқандарын және тағы да басқа жасаған кезде жиілігі жоғары ток өрісінде қыздырып, желімдеу-престеу жұмыстарын орындау;

престеу режимдерін таңдау;

желімдеу ақауларын айқындау және олардың пайда болу себептерін жою;

ұсақ кінәраттарды жою және жабдықты жөндеу жұмыстарына қатысу;

журналда жазу.

107. Білуге тиіс:

жоғары жиілікті қондырғының құрылғысы;

престеу режимдері;

желімдеу ақаулары және оны жою тәсілдері;

желімделетін өнімге және қолданылатын материалдарға қойылатын техникалық шарттар;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою ережесі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары.

11. Лактарды, бояулар мен левкастарды әзірлеуші

Параграф 1. Лактарды, бояулар мен левкастарды әзірлеуші, 2-разряд

108. Жұмыс сипаттамасы:

лактарды, бояуларды, левкастар мен мастикаларды әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау: компоненттерді тасу, борды ірі кесектерін алдын ала ұсатып, кептіргіш шкафттарға тиесе;

кептіргіш шкафттарда қажетті температуралық қамтамасыз ету, бордың дайын болғандығын айқындау және оны елек арқылы өткізу;

ерітіндіні араластыру. Ыдыстарды жуу.

109. Білуге тиіс:

ұсатқыштардың, кептіргіш шкафттардың құрылғысы және оларды пайдалану ережесі;

лактарды, бояулар мен сылактарды жасауға арналған компоненттері;

ерітіндіні араластыру дәрежесі, шикізат сапасы, бордың рұқсат етілетін ылғалдылығы;

кептіргіш шкафттардағы температуралық режим;

борды кептіргіш шкафттар мен ұсатқыштарға тиесе түсіру амалдары, борды үгіту дәрежесі, бордың сапасын айқындау тәсілдері және оның кейінгі мақсаты.

Параграф 2. Лактарды, бояулар мен левкастарды әзірлеуші, 3-разряд

110. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті әзірлеушінің басшылығымен рецепт бойынша сылактарды, бояулар мен лактарды әзірлеуші;

лак пен спиртті өлшегіштерге қую және лак араластырғышқа, ыдыстарға және ванналарға айдау;

зертханалық зерттеулер үшін сынамаларды іріктеу;

материалдардың шығындалуын есепке алу;

жапсырмалы өрнек үшін левкас массаларын және мастикалар әзірлеу;

желімдер мен майларды қайнату, канифолдарды балқыту;

компоненттерді бояу үккішке және араластырғышқа тиесу;

левкас массаларын үгіту дәрежесін реттеу;

левкас массасы мен мастиканың дайын болғандығын айқындау;

араластырғыштан дайын мастиканы түсіру;

бояу үккішті бөлшектеу, құрастыру, жуу, тазалау және майлау, араластыру;

жабдық жұмысындағы ұсақ кінәраттарды анықтау және жою.

111. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы, желім, сылақ, бояу және лак түрлері және құрамы;

левкас массасы мен мастиканы құрастырған кезде компоненттердің арақатынасы;

лактарды, бояуларды және левкас массаларын жасау технологиясы;

лактар мен бояулардың жарамдылығы;

левкасты сақтау мерзімі мен температурасы;

сорғыштар, қоспалаштыштар өлшегіштерінің құрылғысы;

левкас массалары мен мастикаларды жасау үшін қолданылатын материалдардың қасиеті;

әзірленетін лактарға, бояуларға, сылақтарға қойылатын техникалық шарттар;

бояу үккіштердің, араластырғыштардың құрылғысы және оны пайдалану ережесі;

өндіу материалдарын сақтау ережесі.

Параграф 3. Лактарды, бояулар мен левкастарды әзірлеуші, 4-разряд

112. Жұмыс сипаттамасы:

қажетті созылымдылыққа және түске дейін жетілдіре отырып, рецепт бойынша бояғыштарды, лактар мен басқа да өндіу материалдарын әзірлеу;

тексеру және лакты әзірлеу технологиясы бойынша берілген концентрацияға дейін жетілдіру;

өндіу материалдарының шығындалуын есепке алу;

лакты басқыш қондырғыларға қызмет көрсету және толтыру, өндеу материалдарын тарату.

113. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері; өндеу материалдарын әзірлеу және сақтау технологиясы; оларға қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар; лакты басқыш қондырғылардың толтыру және өндеу материалдарын тарату ережесі.

12. Сұректі булаушы-қайнатушы

Параграф 1. Сұректі булаушы-қайнатушы, 1-разряд

114. Жұмыс сипаттамасы:

үздіксіз жұмыс істейтін конвейері бар булау қондырғысының тасымалдағыш тізбегінің қабылдағыш рычагтарына бөшке қаңқаларын тиеу және домалату; булау орнына қабықты беру.

115. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін булагының қондырғының құрылғысы; бөшке қаңқаларын тасымалдағыш тізбектеріне домалату амалдары.

Параграф 2. Сұрек булаушы-қайнатушы, 2-разряд

116. Жұмыс сипаттамасы:

ванналарда, камералар мен қазандықтарда сұрек пен қабықтарды булау-қайнату процестерін жүргізу;

булау-қайнату режимін бақылау және реттеу;

бөлшектерді, дайындаударды, кесінді ағаштарды ванналарға немесе қазандарға тиеу;

тасымалдағыш және көтергіш құрылғыларды басқару;

ванналар мен камераларды тазалау.

117. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

буланған бөлшектерге, дайындаударға, кесінді ағаштарға қойылатын талаптар;

булау және қайнату режимдері;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты және амалдары.

118. Жұмыс үлгілері:

1) шаңғы кеспелтектері – қайнату;

2) өрілген жиһаздар бүйымдарына арналған тал шыбықтары және сабактары – қайнату;

3) тығынды қабықтар – сулау және қайнату;

4) бөшке негіздері – камераларда қайнату.

Параграф 3. Сұрек булаушы-қайнатушы, 3-разряд

119. Жұмыс сипаттамасы:

екі атмосфераға дейін қысымды автоклавтарда және механикаландырылған бассейндерде дайындаударды булау және қайнату;

дайындаудардың өлшемдері (диаметрі) мен міндетіне және сүрек тұқымдарына қарай қайнату режимдерін таңдау;

сапасы, тұқымы және өлшемі бойынша сұрыптау, дайындаударды автоклавтарға және бассейндерге тиесу;

шпонды сүргілеу үшін қыздырғаннан кейін қырлы бөрене мен ванчесті қабықтау және тазалау;

шикізатты бір-үш қатарға әзірлеу алу және қайнату бассейндерінің мотовиласына кесінді ағаштарды дөңгелету үшін оларды запастан алу;

шикізаттарды қайнату бассейндеріне қатарлау;

жаңқаларды жуу және қайнату;

жанқаларды шнекті жоңқа қайнатқышқа берілуін реттеу. қызмет көрсететін жабдықты баптау.

120. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және баптау ережесі;

буланған дайындаударға, қыздырылған келтектерге, ванчестерге, кесінді ағаштарға қойылатын техникалық шарттар;

булау және қайнату режимдері;

дайындаударды контейнерлерге немесе тиегіш вагонеткаларға қатарлау тәсілі;

сүрек тұқымдары және қайнату режимін таңдаудың оларға әсері.

121. Жұмыс үлгілері:

1) қалып кеспелтектері – қысым бойынша қайнату;

2) қырлы бөренелер, ванчестер – қысым бойынша автоклавтарда немесе булау камераларында сумен булап қыздыру;

3) майыстырылған орындық дайындаудары – булау барабандарында булау;

4) сүргіленген және аршылған шпонға арналған дөңбектер мен кесінді ағаштар – қысым бойынша қайнату;

5) фанера дөңгелектері мен кесінді ағаштар – бассейндерде қайнату, камераларда булау;

6) жоңқа арналған сүрек шикізаты – автоклавтар мен бассейндерде булау.

Параграф 4. Сүрек булаушы-қайнатушы, 4-разряд

122. Жұмыс сипаттамасы:

екі атмосферадан жоғары қысымды автоклавтарда, буландыру камераларында және механикаландырылған бассейндерде сүргіленген және аршылған шпонға арналған дөңбектерді, ванчестерді, кесінді ағаштарды булау және қайнату;

ұзындығы және қимасы бойынша пакеттерді қалыптастыру;

шикізатты сүргіленген және аршылған станоктарға беру;
қыздыру режимін бақылау және реттеу;
қызмет көрсететін жабдықты баптау және жөндеуге қатысу;
сүректі қыздыру режимінің журналын жүргізу.

123. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

буланған және қайнатылған шикізатқа (дөңбектер, ванчестер, қырлы бөренелер, кесінді ағаштар) қойылатын мемлекеттік стандарттар;

сүректің физикалық-механикалық қасиеті;

дөңбектерді, қырлы бөренелерді, кесінді ағаштарды қатарлау, тиеу, тұсіру тәсілдері;

булау және қайнату режимінің аршылған және сүрленген шпон сапасына әсері;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралының құрылғысы.

13. Сүректен жасалған аралау материалдары мен бұйымдарға сіндіруші

Параграф 1. Сүректен жасалған аралау материалдары мен бұйымдарға сіндіруші, 2-разряд

124. Жұмыс сипаттамасы:

аралау материалдары мен сүректен жасалған бұйымдарға ванналарда малту әдісімен, жаққышпен ерітінді жағумен және газ буларында заарсыздандырғыш ерітіндіні, парафинді, шайырды және басқа құрамдарды үстіртін сіндіру;

материалдарды, бөлшектер мен бұйымдарды сіндіргіш ванналарына, автоклавтарға, қондырғылар мен аппараттарға тиеу және тұсіру;

жоғары білікті сіндірушінің басшылығымен сіндіргіш еріткіштерін әзірлеу және оларды сіндіргіш қондырғыларына құю.

125. Білуге тиіс:

сіндіргіш жабдықтардың жұмыс істеу принциптері;

сіндіргіш қондырғыларға бұйымдарды тиеу және тұсіру;

материалдар мен бұйымдарға сіндіру тәсілдері;

сіндірілетін материалдарға, бұйымдарға және сіндіргіш құрамдарға қойылатын талаптар.

Параграф 2. Сүректен жасалған аралау материалдары мен бұйымдарға сіндіруші, 3-разряд

126. Жұмыс сипаттамасы:

ванналарда, сіндіргіш машиналарда, аппараттарда аралау материалдары мен сүректен жасалған бұйымдарға заарсыздандырғыш ерітіндіні, парафинді, шайырды және басқа құрамдарды тереңнен сіндіру;

материалдар мен бұйымдарға бояу бүріккіш пен тоңазытқыштармен материалдар мен бұйымдарға ұстіртін сіндіру;

берілген рецептура бойынша сіндіргіш еріткіштерді әзірлеу және оларды сіндіргіш қондырғыларға құю;

материалдар мен бұйымдарды сіндіруге дайындау;

сіндіру процесін реттеу;

материалдар мен бұйымдарды сіндіруге дайындау;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша сіндіру процесін реттеу.

127. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

материалдар мен бұйымдарды сіндіру режимдері;

сіндіргіш еріткіштерді әзірлеу тәсілдері және рецептурасы;

қолданылатын сіндіргіш ерітінділер мен у-химикаттарын қолдану және сақтау жөніндегі нұсқаулық;

бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті мен қолдану ережесі.

Параграф 3. Сүректен жасалған аралау материалдары мен бұйымдарға сіндіруші, 4-разряд

128. Жұмыс сипаттамасы:

жылжымалы өзі журмейтін кешенді механикаландырылған және автоклавты қондырғыларда аралау материалдарына және сүректен жасалған бұйымдарға және конструкцияларға заарсыздандырғыш және басқа да ерітінділерді ұстіртін әрі терең сіндіру;

өндөлетін материалдардың физикалық-механикалық және биологиялық қасиеттеріне қарай аралау материалдарына, сүректен жасалған бұйымдар мен конструкцияларға сіндіру процесін реттеу;

ерітінді араластырғыштарда ерітінділерді механикалық әзірлеу;

сіндіргіш қондырғыларды көшіруге дайындау;

қолданылатын механизмдер мен жабдықтардың жұмысындағы ұсақ кінәрраттарды жою.

129. Білуге тиіс:

сіндіргіш жабдықтардың құрылғысы;

техникалық сипаттамасы және қызмет көрсету тәсілдері;

сүректің және басқа да органикалық материалдардың негізгі қасиеті мен ақаулары;

сіндіргіш ерітінділерге қойылатын талаптар;

қолданылатын у-химикаттарға есеп жүргізу және сақтау ережесі;

сүрекке және басқа да органикалық материалдардың мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары.

Параграф 4. Сүректен жасалған аралау материалдары мен бұйымдарға сіндіруші, 5-разряд

130. Жұмыс сипаттамасы:

жылжымалы өзі жүретін кешенді механикаландырылған және автоклавты қондырғыларда аралау материалдарына және сүректен жасалған бөлшектер мен конструкцияларға заарсыздандырғыш және басқа да ертінділерді ұстіртін әрі терең сіндіру;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеу;

бір объектіден екінші объектіге көшіретін жылжымалы өзі жүретін қондырғыларды басқару;

өндөлетін материалдардың сапасын бақылау.

131. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструкциясы және жөндеу ережесі;

сіндіргіш қондырғылардың көшіру тәсілдері;

сүрекке және басқа да органикалық материалдарға сіндіру режимі;

өндөлетін материалдары ірктеу және сапасын бақылау ережесі;

қолданылатын у-химикаттарына қойылатын техникалық шарттар және оларды пайдалану ережесі;

базасында сіндіргіш қондырғылар салынған автокөлік құралдарын жүргізу ережесі;

орындалған жұмыстарға техникалық құжаттаманы рәсімдеу ережесі.

14. Ағаштарды белгілеуші

Параграф 1. Ағаштарды белгілеуші, 2-разряд

132. Жұмыс сипаттамасы:

ақауларды кесіп тастау үшін тақтайларды белгілеу;

шаблондар бойынша дайындауды мен бөлшектерді белгілеу.

133. Білуге тиіс:

жұмыстың негізгі амалдары;

өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар;

бөлшектердің айрықшалықтары.

134. Жұмыс үлгілері:

1) пианино сауыттары мен консолдары – шаблон бойынша белгілеу;

2) бөлшектер – контейнер және арба өндірісінде шаблондар бойынша белгілеу;

3) отыруға және жатуға арналған жиһаздардың бөлшектері, жартылай жәшіктің бүйір қабырғалары – шаблондар бойынша белгілеу;

4) желімделген қатпарлы сүрек (фанера) – орындықтың отырғыштары мен арқаларына арналған дайындаударды белгілеу;

5) тақтайлар – бір типті дайындаудар үшін шөрке төсеу алдын белгілеу;

6) шаңғылар – бекіткіш астындағы тесіктерді белгілеу;

7) шпон – бөлінділердің алғашқы сыртқы қабаттарын және майыстырып жабыстырылған бөлшек дайындаударды белгілеу.

Параграф 2. Ағаштарды белгілеуші, 3-разряд

135. Жұмыс сипаттамасы:

ақауларды ескере отырып, бөлшектердің аз ғана шығуын қамтамасыз ете отырып, шаблондар бойынша дайындаударға тақтайларды белгілеу;

акустикалық сапанды қамтамасыз ете отырып, музыкалық аспаптарға арналған дайындаударды белгілеу.

136. Білуге тиіс:

дайындаудар мен бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар;

дайындаударды белгілеу ережесі;

өлшегіш құралдардың міндеті, белгіге қойылатын шектеулер мен әдіптердің нормалары;

сүрек сорттары.

137. Жұмыс үлгілері:

1) кузов бөлшектері – тікендерді, тесіктерді, фальцтерді фрезерлеу және фасонды өндіеу үшін шаблондар бойынша белгілеу;

2) тақтайлар – арба өндірісінде пластиналарға қойылатын белгілер;

3) шертпелі және ысқы музыкалық аспаптар – ернеушелерге, бақылау ернеушелерге және басқа да бөлшектерге дайындаударды белгілеу;

4) плиталар – үстел қақпасына дайындаударды белгілеу.

Параграф 3. Ағаштарды белгілеуші, 4-разряд

138. Жұмыс сипаттамасы:

шөрке төсөу алдында экспорттық аралау материалдарын белгілеу;

саны мен сорты бойынша ең жоғары шығуды қамтамасыз етіп, оң жақтары бойынша сүргіленген шпонды белгілеу;

музыкалық аспаптарға арналған дайындаударға сүректің бағалы түқымдарының тақтайларын белгілеу.

139. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

оңтайлы белгілеу тәсілдері;

сүректің түқымдары мен қасиеттері.

140. Жұмыс үлгілері:

1) жиназ үлгілерінің бөлшектері – сыйбалар бойынша белгілеу;

2) шертпелі және ысқы музыкалық аспаптар – резонансты дектерге және қаптамаларға дайындаударды белгілеу;

3) көп қабатты шаңғылар – үстіңгі және төменгі пластиналарды таңдау;

4) пианино мен рояльдер – резонансты тікендерге, штегаларға, вирбельбанкаларға, гаммербанкаларға дайындалар белгілеу;

5) сұргіленген шпон – фанераны, ағаш және фанера плиталарын қаптау үшін белгілеу;

6) сұргіленген шпон – текстура бойынша іріктең оң сыртқы қабаттардың бөлінділерін белгілеу;

7) шпон – телевизорлардың, радиоқабылдағыштар мен сағаттарға арналған шаблондар бойынша белгілеу.

Параграф 4. Ағаштарды белгілеуші, 5-разряд

141. Жұмыс сипаттамасы:

ең жоғары шығуды ескере отырып, дайындаларға және беткі сыртқы қабатқа аралау материалдарын және бағалы тұқымды сұргіленген шпонды белгілеу;

бағалы тұқымды шпондарды текстура, сурет және түсі бойынша іріктеу;

жауапты құрылым конструкцияларының дайындаларында жіктерді сызбалар бойынша белгілеу.

142. Білуге тиіс:

шығарылатын өнімге қойылатын техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

оңтайлы белгілеу әдістері;

аралау материалдары мен бағалы тұқымды шпонды шығындау нормалары; белгіленетін құрылым конструкцияларының сызбалары.

15. Ажарлау төсемдерін пішуши

Параграф 1. Ажарлау төсемдерін пішуши, 1-разряд

143. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті пішүшінің басшылығымен ажарлағыш станоктарға арналған ажарлау төсемдерін қолмен пішу.

144. Білуге тиіс:

ажарлау төсемдерінің нөмірлері мен түрлері;

ажарлау ленталарының міндеті;

ажарлау төсемдерін пішу кезіндегі жұмыстардың амалы, қолданылатын шаблондар.

Параграф 2. Ажарлау төсемдерін пішуши, 2-разряд

145. Жұмыс сипаттамасы:

ажарлағыш станоктарға арналған ажарлау төсемдерін қолмен шаблондар бойынша пішу;

пішкеннен кейін пішілген ажарлау ленталарын қолмен жабыстыру.

146. Білуге тиіс:

желім түрлері және желімдеу амалдары;
ајарлау төсемдерін пішу тәсілдері;
ајарлау төсемдерін шығындау нормалары.

Параграф 3. Ајарлау төсемдерін пішуші, 3-разряд

147. Жұмыс сипаттамасы:

ајарлағыш станоктарға арналған ајарлау төсемдерін станоктарда берілген өлшемдер бойынша пішу;

станокты реттеу және кескіш құралды орнату.

148. Білуге тиіс:

станоктың жұмыс істеу принциптері;
ајарлағыш станоктың әр түріне арналған төсемдердің өлшемдері;
ајарлау төсемдерінің тозу деңгейі.

Параграф 4. Ајарлау төсемдерін пішуші, 4-разряд

149. Жұмыс сипаттамасы:

ајарлағыш ленталарды жасау кезінде желімдеу алдында жиектерді алдын ала өндеп ајарлау төсемдерін пішу және желімдеу;

аса енді төсемдерді желімдеу;

қызмет көрсететін жабдықты баптау.

150. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың құрылғысы және баптау ережесі;
ајарлау төсемдерін пішудің және желімдеудің технологиялық процесі;
ајарлау төсемдерін желімдеу тәсілдері.

16. Шпон және қаптау материалдарын кесуші

Параграф 1. Шпон және қаптау материалдарын кесуші, 2-разряд

151. Жұмыс сипаттамасы:

бөлгіш станоктарға қызмет көрсетуге қатысу: шпонды тасу, арқалықтарды қалау және тегістеу, шпондарды арқалыққа қатарлау, бос лотоктарды беру, оларға жонқаларды толтыру және белгіленген жерге тасу.

152. Білуге тиіс:

арқалықтарды үстелге және жонқаларды лотоктарға қатарлауға қойылатын талаптар;

станокқа қызмет көрсету ережесі.

Параграф 2. Шпон және қаптау материалдарын кесуші, 3-разряд

153. Жұмыс сипаттамасы:

станоктарда белгі бойынша сұргіленген және аршылған шпонды пішу;

шапқыш станокқа қызмет көрсетуге қатысу, шпон лентасын тарту, шпонды тасу; станок үстелінде дестелерді қатарлау және тегістеу;

гильотинді қайшыларда кесекті шпонды кесу және аз қалдықтары бар сылақты шабактарды таңдау;

кесекті шпонды іріктеу және орындарға қатарлау;
шпонды ішкі және сыртқы жонқалар мен түптерге бөлу;
арқалықтардың берілу мөлшерін реттеу;
пышактарды орнату және түзету, станок жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;
бөлу сапасын бақылау.

154. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың жұмыс істеу принциптері;
шпон мен өнімді қатарлау амалдары мен тәсілдері;
шпон мен өнімге қойылатын техникалық шарттар;
өнім сапасын айқындау әдісі;

тексеру құрылғыларын пайдалану амалдары, станок жұмысындағы ұсақ кінәрраттарды жою.

Параграф 3. Шпон және қаптау материалдарын кесуші, 4-разряд

155. Жұмыс сипаттамасы:

ең жоғары шығуды қамтамасыз етіп, берілген өлшем бойынша белгіленбеген қаптау материалдарын, сүргіленген және аршылған шпонды пішу және кесу;

дербес сұрыптаап, аршылған шпонның белгіленбеген лентасын берілген өлшемдегі табақтарға тарту, шабу;

сіріңке қораптары мен түптерінің ішкі және сыртқы бөліктерінің дайындаударына қорапты сіріңке шпоны ленталарының бумаларын бөлу;

станок үстелдерінде шпон ленталарының бумаларын тегістеу;

белгіш немесе шырпы шапқыш станок үстелдеріне қорапты және шырпылы сіріңке шпоны ленталарының бумаларын қатарлау;

шырпылы сіріңке шпоны ленталарының бумаларын сіріңке шиелеріне шабу;
станоктарды, қайшыларды реттеу, пышактарды ауыстыру және орнату.

156. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың құрылғысы;
пышактарды тексеру ережесі және орнату амалдары;
сүректердің тұқымдары мен ақаулары;
аршылған, сүрленген шпонның және қаптау материалдарының айрықшалығы және іріктеу тәртібі;

әдіптер және оңтайлы пішу ережесі;

қорапты сіріңке шпондарын бөлу және шабу режимдері;

шпонды бөлу және шабу кезінде пайда болатын брак;

ақау түрлері, оларды алдын алу және жою шаралары;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдары мен құрылғыларының құрылғысы.

Параграф 4. Шпон және қаптау материалдарын кесуші, 5-разряд

157. Жұмыс сипаттамасы:

екі және одан көп станоктарда, сондай-ақ таяқша шпонды аршу-шабу желілерінде шпонды сіріңке шилеріне шабу;

кескіш құралды орнату және түзету;

станок жұмысындағы кінәраттарды жою. Шабу, кесу сапасын тексеру және сақтау;

қызмет көрсететін станокты баптау.

158. Білуге тиіс:

таяқша шапқыш станоктардың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

дайындау сапасын тексеру әдістері және кескіш құралды орнату амалдары;

шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының конструкциясы;

шпонды кептіру әдіптері.

17. Блоктарды, дайындаудар мен құрылыш конструкцияларын желімдеуші

Параграф 1. Блоктарды, дайындаудар мен құрылыш конструкцияларын желімдеуші, 2-разряд

159. Жұмыс сипаттамасы:

ұсақ бөлшектер мен дайындаударды желімдеу және оларды блокқа қатарлау

;

ұсақ бөлшектер мен дайындаударды қол престеу және камерада 4 кептіру;

станокта тікенді өлшенбеген аралау материалдарының кесінділерін тақтайларға желімдеу.

160. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

желімдеу режимдері, өндөлеттін бұйымдардың және қолданылатын желімдердің түрлері;

сүректің тұқымдары мен ақаулары, олардың желімдеу беріктігіне әсері;

желімделеттін өнімге қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Блоктарды, дайындаудар мен құрылыш конструкцияларын желімдеуші, 3-разряд

161. Жұмыс сипаттамасы:

дайындаударды өлшемі, тұсі және текстурасы бойынша сұрыптау және іріктеу, дестелерді, блоктарды, жеңіл автомашиналардың, автобустардың қарапайым бөлшектерін және басқа да ұқсас бұйымдарды желімдеу;

қол престе камерада кептіріп, блоктар мен дестелерді престеу;

ағаш және фанера қалқандарын желімдеуге қатысу;

дөңгелеп аралау станоктарында ақау жерлерін кесіп тастап, бір өлшемде рейкалар кесу;

рейкаларды қалындығы мен ені бойынша калибрлеу;
рейкаларға желім жағу және қалқандарға рейкаларды жинауға қатысу;
жапсырылған қалқандарды жүк көтергіш құрылғылармен үйіндіге қатарлау;
тартылатын құрылғыларды қатарлау;
желім дайындау.

162. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;
өндөлетін жабдыққа қойылатын техникалық шарттар;
желім мен шайырдың қасиеті, рецептура және оны әзірлеу тәсілдері;
берілген өлшемдегі қалқандарға рейкалар жинау тәртібі;
қалқандарды жүк көтергіш механизмдермен көшіру ережесі.

Параграф 3. Блоктарды, дайындаудар мен құрылыш конструкцияларын желімдеуші, 4-разряд

163. Жұмыс сипаттамасы:

желімдеуші-желпуші станоктарда және пневматикалық қондырғыларда дайындаударды жүк, жеңіл автомашиналардың, автобустардың конфигурациясы бойынша курделі бөлшектерін және әр түрлі тұқымды сүрекten жасалған басқа да ұқсас дайындаударды желімдеу. 12 м өлшемде желім блоктарын престеп, вайм престерде желімдеу;

тақтайларды пласта бойынша тік вайм престерде, желімделген, тік сзыбыты құрылыш конструкцияларының (балкалар, аркалар және фермдер, көпір бөренелері және тағы да басқа) элементтерін желімдеу;

ағаш және фанера қалқандарын желімдеу процесін жүргізу;

рейкаларды белгілі жүйелікпен конвейер ваймаларында және айналмалы үстелде бір өлшемде кесіп қалқандарға жинау;

экспортқа шығарылатын ағаш плиталы қалқандарын желімдеу;
жабдық жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

164. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері;
қалқандарды құрастыру және желімдеу процесі;
жасалатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар;
қолданылатын желімдердің қасиеті және олардың сапасы;
жиектер мен пласталар бойынша желімдеу, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары.

Параграф 4. Блоктарды, дайындаудар мен құрылыш конструкцияларын желімдеуші, 5-разряд

165. Жұмыс сипаттамасы:

вайм престерде немесе тік стапельдерде үлкен жүктеме бойынша пайдалануға есептелген жауапты үлкен аралықты құрылыш конструкцияларына арналған 12 м артық өлшемдегі желімделген блоктарды, желімделген көп қабатты қисық сзықты кескінді, тұрақты және ауыспалы қысатын элементтерді механикалық және пневматикалық гайка бұрағыштармен престеп желімдеу;

қабаттарды механикалық, гидравликалық немесе пневматикалық престерде сұықтай тәсілмен конструкцияларға пласталар бойынша немесе тез желімдеу процесін қолданып желімдеу;

қызмет көрсететін жабдықты баптау.

166. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың динематикалық схемасы және баптау ережесі; желімделген блоктарға қойылатын талаптар;

жауапты құрылыш конструкцияларына арналған блоктарды желімдеу тәсілі.

18. Сұректен жасалған материалдар мен бұйымдарды сұрыптаушы

Параграф 1. Сұректен жасалған материалдар мен бұйымдарды сұрыптаушы, 1-разряд

167. Жұмыс сипаттамасы:

қайта өндеуге жарамды ағаш өндеу қалдықтарын сұрыптау; шет тақтайларды, рейкаларды, кесекті қалдықтарды бөлшектеу және жинау.

168. Білуге тиіс:

сұректің тұқымдары мен ақаулары, ағаш өндеу қалдықтарының өлшемі.

Параграф 2. Сұректен жасалған материалдар мен бұйымдарды сұрыптаушы, 2-разряд

169. Жұмыс сипаттамасы:

дайындалар мен бұйымдарды өлшемдері, сұректің сапасы және бракқа шығарылғаннан кейін өндеу бойынша сұрыптау және жинау;

кесінді мен қалыптарды тасымалдағыштардан бөлшектеу және өлшемі бойынша жинау;

өкшелерді, аяқ киім қалыптарын сұрыптау, вагонеткаларға жинау;

діріл електерінде жонқаларды сұрыптау, дезинтергаторда жаңқаларды қайта ұсату;

жаңқалардың діріл електеріне бірқалыпты тиелуін қамтамасыз ету, жабдықты іске қосу және тоқтату.

170. Білуге тиіс:

сұрыпталатын бөлшектердің өлшемдері, жинау тәсілдері;

жаңқаларға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 3. Сұректен жасалған материалдар мен бұйымдарды сұрыптаушы, 3-разряд

171. Жұмыс сипаттамасы:

шпалдарды, дөңбектерді, ванчестерлерді, кесінді ағаштарды, тойтармаларды бракқа шығарғаннан кейін міндеті, тұқымдары және өлшемдері бойынша сұрыптау;

аралауға берер алдында бөренелерді ауыстыру және таңбалau;

қарындаш тақтайшаларын кейін жетілдіруге ірікте, артикул мен өлшемдері бойынша сұрыптау;

паркет пен паркет фризасын сұрыптау.

172. Білуге тиіс:

өнімнің өлшемі, таңбалары мен сорттары;

бұйымдарды қатарлау мен сұрыптау ережесі;

сұрыпталатын өнімге қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 4. Сүректен жасалған материалдар мен бұйымдарды сұрыптаушы, 4-разряд

173. Жұмыс сипаттамасы:

вагонеткаларға, ағаш тасуши поездарға жинап, аралау материалдарын міндеті, сорты және өлшемі бойынша сұрыптау алаңында сұрыптау. Сұрыптау алағының қалыпты, тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

автоматтық желіде басқару пультінен өлшемі, қалындығы және сапасы бойынша ағаш жонқалы, ағаш талшықты және талшық плиталарды сұрыптау процесін жүргізу;

желілерді плиталардың берілген өлшемдеріне теңшеу;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

174. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

ағаш жонқалы және ағаш талшықты плиталар мен аралау материалдарының өлшемі, сорты және типтері;

аралау өнімдеріне, ағаш жонқалы және ағаш талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар.

19. Ағаш өндайтін станоктардың станокшысы

Параграф 1. Ағаш өндайтін станоктардың станокшысы, 1-разряд

175. Жұмыс сипаттамасы:

ағаш өндайтін станоктарда өндеу кезінде бөлшектерді қабылдау;

бөлшектерді үйетін жерге қатарлау;

дайындаларды станокқа тасу;

қызмет көрсететін станокты тазалау;

қалдықтарды тазалау.

176. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықты қосу және тоқтату;

дайындалар мен бөлшектердің өлшемі.

Параграф 2. Ағаш өндeйтін станоктардың станокшысы, 2-разряд

177. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен берілетін бір шпиндельді станоктарда дайындалады мен бөлшектерде тесіктер тесу;

өндеу сапасы бойынша бөлшектерді бракқа шығару;

бапталған сұргілетін станоктарда түрлі айрықшалықтағы жонқаларды сүргілеу;

токарлық станокта шканттар жасау және қарапайым бөлшектерді токарлық өндеу;

жоғары білікті станокшының басшылығымен бөлшектер мен дайындалады фрезерлеу процесіне қатысу;

тізбекті қашау станогында белгі бойынша бөлшектердегі ұяшықтарды таңдау; станокта шатыр анқаларын әзірлеу;

шпоннан жасалған дайындалады штампылау;

сыммен құрастыратын станоктарда таяқшаларды, рейкаларды қалқандарға және жәшік жиынтықтарын құрастыру.

178. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

шикізатқа, жонқага және өндөлетін бөлшекке қойылатын техникалық шарттар

;

бөлшекті өндеу сапасына қойылатын талаптар;

шпоннан жасалған дайындалады штампылау тәсілі.

179. Жұмыс үлгілері:

1) еден асты, тірек, бағыттаушы қырлы бөренелер – шуруптар бойынша тесіктер бұрғылау;

2) рамалы қырлы бөренелер – бір ұяшық бұрғылау;

3) пианино рамасы бойынша қырлы бөренелер – шуруптар және шканттар бойынша тесіктер бұрғылау;

4) жәшік қалпақшалары – тесіктер бұрғылау;

5) шертпелі музикалық аспаптардың қалпақшалары – жару механикасы бойынша тесіктерді бұрғылау;

6) баян дектері – клапандар үшін тесіктер бұрғылау;

7) қырлы бөрене бөлшектері – сыйғыш бойынша жиектерін фрезерлеу;

8) балалардың ағаш ойыншықтары – дайындалады жону (сыдыру);

9) өкшелер – арнайы станокта көртіктерді тесу;

10) аяқ киім қалыптары – кондуктор бойынша шуруптарға, тіреуіштерге тесіктер бұрғылау;

11) слаломды шаңғылар – шуруптарға тесіктер бұрғылау;

12) бөшке қаңқалары, тойтармалары, тұптері – шкантты тесіктерді бұрғылау;

- 13) рельс төсемдері – бұрғылау;
- 14) сүргілген шпалдар – ұлкен сүре тесіктерін бұрғылау;
- 15) корпусты бұйымдар орындықтарының қаргалары – шуруптарға құрамды тесіктер бұрғылау;
- 16) жәшіктер – ішпектерге, болттар мен сымдарға цилиндрлік тесіктер бұрғылау.

Параграф 3. Ағаш өндейтін станоктардың станокшысы, 3-разряд

180. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық берілетін бір шпиндельді және көп шпиндельді сораптар мен бөлшектерде тесіктер бұрғылау;

бұрғылау, керту және тізбекті қашау станоктарында бөлшектер мен тораптарға ұяшықтар іріктеу;

бапталған төрт жақты сүргілейтін және қыздыратын станоктарда дайындаламалар мен бөлшектерді сүргілеу және ажарлау;

бір жақты рейсмустық станоктарда кесекті бөлшектерді сүргілеу;

фугалау станоктарында қырлы бөлшектердің бұрыштарын, жиектерін және пласталарын сүргілеу;

дербес бапталған сүргілеу станоктарында түрлі айрықшалықтағы жонқаларды сүргілеу;

рейкалардан қалқандар жинау және құрастыру станогында құрастыру;

құрделілігі орташа бөлшектерді токарлық өндеу;

келтек бөлшектерде жұмсақ тұқымды сүректерді көртік сызғышы, ширектер, фаскалар, галтельдер және тағы да басқа бойынша фрезерлеу;

келтек және қапталмаған қалқанды бөлшектерде фурнитура бойынша терендікке фрезерлеу;

бұрғылағыш станоктарда ағаш талшық плиталарды бұрғылау;

кескіш құралды орнату;

берілген өлшемдер бойынша позициялы русталы станоктарда ағаш талшық плиталарда рустаны (бунақтарды) орнату;

мемлекеттік стандарттарға сәйкес түрлі фанерадан, фанера өнімдерінен физикалық-химиялық сынақтар үшін ұлгілер белгілеу және қиу;

ұлгілерді қиу үшін бастапқы материалдар дайындау.

181. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы, сүректің тұқымдары және ақаулары;

бұрғыларды қайрау ережесі, өндеу әдістері мен шектеулер;

кескіш құралдарды орнату ережесі;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының міндеті;

ұлгілерге, перфорацияланған ағаш талшық плиталарға және плиталарда рустаны өндеуге қойылатын техникалық шарттар;

фанера мен фанера өнімдерін boyу тәсілдер.

182. Жұмыс ұлгілері:

1) көп қабатты шаңғы пластиналардың төменгі және үстіңгі блоктары – фуга станогында рихталau;

2) қалқанды және ағаш плиталарына арналған келтектер, тақтайлар және дайындаамалар, бөлінділер – фуга станоктарында тік бұрыш boyынша сүргілеу;

3) темір бетонды шпалдарға арналған ағаш ішпектер – бұрғылаu;

4) жәшіктердің ішпектері мен қамыттары – цилиндрлік көп сатылы және конустық тесіктер бұrғылаu;

5) есіктер, жәшіктер – фурнитура boyынша тесіктер бұrғылаu;

6) шертпелі аспаптардың дектері – розетка boyынша ұяшықтарды іріктеу;

7) жылжымалы электр станцияларға арналған бөлшектер - қысу;

8) ойыншықтардың, қораптардың бөлшектері, сызғыштар - аспаптарда берілген өлшем boyынша дискілермен сүргілеу;

9) конус бөлшектері – қайrau;

10) мектеп парталарының бөлшектері – ұяшықтарды бұrғылаu;

11) жәшіктердің бөлшектері – шпунт, тарақша немесе төрттікті іріктел, сүргілеу;

12) қалқанның теріс бөлшектері - фанералаудан кейін фанера аспаларын кесу;

13) домино, кубиктер және басқа да ұсақ бөлшектер - аспаптарда өлшемдер boyынша сүргілеу;

14) шертпелі аспаптардың тақтайлары – розетка boyынша ұяшықтар іріктеу;

15) балаларға арналған ағаш ойыншықтар – бөлшектерді кесіп, тазартып өндеу;

16) дайындаамалар – шөркелерді аралау, тікендерді кесу, желім жағы;

17) бөшке тараларына арналған дайындаамалар – екі жақтан шөрке төсеу, тойтарма-сүргілеу станоктарында сүргілеу;

18) шаңғы дайындаамалары – рейсмусты станокта қалындығы boyынша сүргілеу;

19) өкшелер – үстіңгі және төменгі бетіне тесіктер бұrғылаu және суырып алу, фрезерлеу;

20) арнайы машиналардың кузовын өндеуге арналған карниздер, пилястрлар, бөлгіштер) Плинтустер және басқа да бөлшектер – қолмен берілетін станоктарда сүргілеу;

21) жіп орағыштар – қайrau;

22) аяқ киім қалыптары – тойтарма, бау, байлам, құлып және төлкелерді бұrғылаu;

- 23) пианино консольбачкалары – розеткалар бойынша ұяшықтар бұрғылау;
- 24) пирамида сақиналары, шарлар, шәшкелер – токарлық автоматта өндіу;
- 25) фанера құбырларына арналған құбырлар;
- 26) жақтаулар, плинтустар, карниздер, рамаларға арналған келтектер – қолмен берілетін станоктарда сүргілеу;
- 27) теннис ракеткаларының жиектері – рихтовкалау;
- 28) педаль мен гаммерштиль тақтайлары – ажарлап өндіу;
- 29) оқтаулар, пышақтар, тақтайлар, қаламдар – қайрау;
- 30) арнайы тара – екі жақтан тікен кесетін станокта бұрышы бойынша өндіу;
- 31) баян корпусының қабырғалары – екі жақтан тікен корпусын фрезерлеу;
- 32) жәшіктің бүйір қабырғалары – рейсмус станогында қалындығы бойынша сүргілеу;
- 33) жәшіктің бүйір және артқы қабырғалары шпунт пен жәшікті тік тікендерді фрезерлеу;
- 34) фанера құбырлары – буын конустарын дайындау;
- 35) паркет фризасы – шпунт, тарақшалар мен төрттіктерді өндеп, станокта планкалы паркетті сүргілеу.

Параграф 4. Ағаш өндейтін станоктардың станокшысы, 4-разряд

183. Жұмыс сипаттамасы:

көп шпиндельді бұрғылау-косым станоктарда ұяшықтар мен тесіктер бұрғылау;

бұрғылап тесу және автоматтарда бұтанақтарды бітеу;

дербес бапталған, төрт жақты сүргілеу және қыздыру станоктарында дайындаламалар мен бөлшектерді сүргілеу және ажарлау;

қалқандардың, тораптардың және жиектеу-фугалау станоктарында арсылған және сүргіленген қатты жапырақты шпон дайындаларының жиектерін сүргілеу ;

әмбебап сүргілеу станоктарында түрлі айрықшалықты жонқаларды сүргілеу; бейінді фрезерлеп және желім жағып қалқандарды жинау;

жиек құрастыратын жартылай автоматта бөлшектерді құрастыру;

қүрделі конструкциялы бөлшектерді жасау бойынша токарлық жұмыстарды орындау;

көшіргі бойынша қисық сзықты қүрделі конфигурациялы бөлшектерді фрезерлеу;

көшіргі бойынша қапталған қалқанды бөлшектері фурнитура бойынша терендіктерді фрезерлеу;

мемлекеттік стандарттарға сәйкес схемалар бойынша сүректі қатпарлы пластиктерден, фанералы және ағаш жонқалы плиталардан, фанералардан сынақтар жүргізу үшін алдын ала белгілеп, ұлгілер кесу;

жоғары білікті станокшының басшылығымен шпон сүргілейтін станоктарда түрлі тұқымды сүректен жасалған шпонды сүргілеу;

қалындығы мен ұзындығы бойынша сүргілеу үшін шикізат партиясын іріктеу;

қызмет көрсететін жабдықты баптау және жөндеуге қатысу.

184. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және баптау ережесі;

сүректің физикалық-механикалық қасиеті;

жонқаның қалындығына әсер ететін себептер;

ұлгілерді қиған кезде болатын ақаулар;

бақылау-өлшеу құралдарын қолдану ережесі;

қолданылатын шикізатқа қойылатын мемлекеттік стандарттар.

185. Жұмыс ұлгілері:

1) ішпектер – цилиндрлік және конустық тесіктерді қайрау, конустарды қайрау, жазық және ойып фрезерлеу;

2) шкаф есіктері – фанера қалқаларын кесу;

3) келтек бөлшектері – тесіктер мен тікендерді фрезерлеу;

4) декоративтік сәулетті бөлшектер – ұштау;

5) қораптар мен шкатулкалардың бөлшектер – екі жақтан қысу;

6) орындықтардың, кереуеттердің бөлшектері – контур бойынша фрезерлеу;

7) түрлі бұйымдардың бөлшектері: мектеп парталары, шебер құрал-саймандарына арналған жәшіктердің төсемдері мен қысқыш планкалары, галтельдер, карниздер, жайып салғыштар – фрезерлеу;

8) қарындаш тақтайшалары – қалындығы мен ені бойынша калибрлеу және стержень бойынша көртіктерді таңдау;

9) көп қабатты шаңғылардың дайындауды – шаблондарда толықтай сүргілеу;

10) өкшелер – сына тәрізді контурды фрезерлеу;

11) тікен құралдарының тіреулеріне арналған орауыштар – ұштау;

12) бөшке тойтармалары – тойтарма-фугалау және ұштарын тегістеуші сүргілеу-фугалау станоктарында өндөу;

13) доп хоккейіне арналған клюшкалар – бейіні бойынша шаблондарда сүргілеу;

14) аяқ киім қалыптары – көшіргі бойынша таза фрезерлеу;

15) терезе қораптары – қырлы бөренелерді фрезерлеу;

16) ленчик – көшіргі бойынша фрезерлеу;

17) шаңғылар – шаблон бойынша бүйірлерін фрезерлеу; шаблондар бойынша галтельдердің бетін фрезерлеу; ұлтандарғы науаларды фрезерлеу; екі шпиндельді станоктарда тұмсықтарын өндөу;

18) доңғалақтардың жартылай жиектері - төрт жақтан бір фрезерлеу станоктарында өндөу;

19) жазу үстелдерінің аяқтары – рамалы тиектерді фрезерлеу;

20) футор тұтқалары – ұштау;

21) ершілер – көшіргі бойынша фрезерлеу;

22) доңғалақ шабақтары – арнайы шабақ көшіргіш станоктарда өндөу;

23) жәшіктер мен жартылай жәшіктердің қабырғалары – “қарлығаштың құйрығы” тиектерін фрезерлеу;

24) бөшке ыдыстары – түпті қалқаннан түп кесу және станоктарда көртіктерді фрезерлеу;

25) телевизорлар мен радиоқабылдағыштарға арналған футлярлар – контур бойынша терезелерді іріктеу;

26) қолданылған шпалдар – жоғарғы бетін фрезерлеу;

27) қалқандар – екі жақты рейсмустық станоктарда бірдей өлшемде сүргілеу.

Параграф 5. Ағаш өндейтін станоктардың станокшысы, 5-разряд

186. Жұмыс сипаттамасы:

шпон сүргілейтін станоктарда бағалы тұқымды түрлі сүрекten жасалған шпонды сүргілеу;

сүргілеу кезінде шпонның қалыңдығын тексеру сызбалар, ұлгілер және эскиздер бойынша ерекше күрделі токарлық жұмыстарды орындау;

өндөлген қалқандардың, тораптар мен бөлшектердің оң жақ бетін фурнитура бойынша ұяшықтар мен теренждіктерді фрезерлеу;

бөлшектер мен тораптарды өндөлген түрде фрезерлеу;

жиектеу-фугалау станоктарында сүректің бағалы тұқымынан жасалған шпон дайындаудары жиектерін сүргілеу.

187. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік түрлі тұқымды сүректерді сүргілеу режимі;

сүректі кесу теориясының негіздері;

дәл өндөу кластары, бақылау-өлшеу құралдарының құрылғысы.

188. Жұмыс ұлгілері:

1) қарындаш блоктары – өзекше бойынша жолдарды фрезерлеу;

2) клавиатура рамасының келтектері, механика вачебанка бөлшектерінің планкалары – төртжақтан бейінді сүргілеу;

3) гальмербанқ, шпрайцтер – бейінді сүргілеу;

4) жұмсақ жиһаз бөлшектері – контур бойынша фрезерлеу;

5) балаларға арналған ойыншықтар - өндеп қайрау;

6) карниздер – галтельдерді шаблондарға фрезерлеу;

7) пианиноның резонаторлық кнопкалар – қайрау және ажарлау;

8) орындықтардың артқы ағаш аяқтары – сақина бойынша шаблонда фрезерлеу.

20. Желім жағатын станоктардың станокшысы

Параграф 1. Желім жағатын станоктардың станокшысы, 2-разряд

189. Жұмыс сипаттамасы:

келтектерді сұрыптаپ, желім жағатын станоктарда келтекті бөлшектер мен дайындаамаларға мөлшерлеп желім жағу.

190. Білуге тиіс:

желім жағатын станоктың жұмыс істеу принципі;

бөлшектер мен дайындаамаларға қойылатын техникалық шарттар; сүрек ақаулары, қолданылатын желімнің түрлері.

Параграф 2. Желім жағатын станоктардың станокшысы, 3-разряд

191. Жұмыс сипаттамасы:

желім жағатын станоктарда қаптамаларға, желімделген сүрек пен келтектердің сыртқы қабаттарына мөлшерлеп желім жағу, өндірісте суректің қатпарлы желімдерін, ағаш плиталарын, ағаш пластиктерін толтыру;

станоктарды баптау және мөлшерлегіш құрылғыларды реттеу;

станок жұмысындағы ақауларды жою.

192. Білуге тиіс:

станоктың құрылғысы және баптау ережесі;

желімдердің қасиеті мен сипаттамасы;

брактың пайда болу себептері және оны жою әдістері;

станок жұмысындағы ақауларды жою ережесі.

21. Ағаш шебері

Параграф 1. Ағаш шебері, 2-разряд

193. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым бейінді қапталмаған келтекті бөлшектерді қолмен сұргілеу;

метал түйреуіштерге рамаларды құрастыру;

желімдерге шканттарды салу;

массивтен бөлшектерге тамған желімдерді тазалау;

бөлшектер мен қалқандарды іріктеп желім жағу;

бұйымдарға қаптау материалдарын жапсыру.

194. Білуге тиіс:

бөлшектерді өндеуге қойылатын техникалық шарттар;

бөлшектерді сұргілеу, тазалау және желім жағу кезіндегі жұмыс амалдары.

195. Жұмыс үлгілері:

1) жиһаз бөлшектері, келтекті – қолмен сұргілеу;

2) ағаш бұйымдары (табурет, орындық) – бөлшектердің бүтіндігін сақтап, бөлшектеу;

- 3) орыс хоккейінің клюшкалары – тазалау және сүргімен сопақ форма беру;
 - 4) табурет беттері - жасау;
 - 5) жапсырма аспаптар – орнату;
- 6) барлық өлшемдегі қалқан ағаштары – бөлінген ағаш келтектерін қыстырып келтіріп шпунт пен тарақшаға желімдеу.

Параграф 2. Ағаш шебері, 3-разряд

196. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық ваймдар мен басқа да аспаптарда қапталмаған қалқандарды, рамаларды және тағы да басқа рамалы немесе жәшікті тиектерде желімдеу;

артқы қабырғаларды орнату;

қолмен фанера қалқаларын кесу;

бөлшектерді жапсырмаларға жабыстыру, қарапайым бейінді қапталмаған келтекті бөлшектерді қолмен тазалау;

ағаш доңғалақтарды жөндеу;

доңғалақтарды жөндеу сапасын жөндеу.

197. Білуге тиіс:

жұмыс сапасына қойылатын негізгі талаптар;

желім түрлері және оны дайындау тәсілдері;

механикалық вайм құрылғылары, құралды, шаблондар мен аспаптарды дайындау ережесі;

сүректің негізгі тұқымдары және оның ақаулары;

жасалатын ағаш бұйымдарының типтері мен конструкциялары;

ағаш доңғалақтарды жөндеу ережесі.

198. Жұмыс үлгілері:

1) келтектер-ағаш бөлінділері – тұс пен текстура бойынша іріктең ваймда бойлап жиектеп байлау;

2) келтектер, рамалар және қораптар – механикалық ваймдар мен басқа да аспаптарда желімдеу;

3) келтек бөлшектері – бұрыштап кесу және ағаш байламдармен желімдеп біріктіру, кейін тазалау;

4) шаңғы дайындалар – ақауларды бітеу;

5) екі қатпарлы және массивті шаңғылар – жөндеу, қисықтығын түзету;

6) есік төсемдері, терезе жармалары – қыстырып келтіріп, алдын ала құрастыру;

7) есік пен терезе рамалары, қораптары, тікбұрышты – жасау;

8) желдеткіш торкөздер, жүк вагондарының ішкі жабдықтары, тепловоздарда терезе мен есік қаптамаларын бекітуге арналған планкалар – жасау және орнату;

9) тікбұрышты қысатын тұтқалар – жасау және тазалап бояу;

10) шпунт немесе ширектер – реймусты қолдана отырып қолмен сүргілеу, іріктеу;

11) штапиктер, жиналмалар – жапсырмаларға жабыстыру;

12) жиһаз бұйымдарының жәшіктөрі және жұмсақ жиһаз бұйымдары – артқы қабырғаларын орнату.

Параграф 3. Ағаш шебері, 4-разряд

199. Жұмыс сипаттамасы:

қапталмаған бөлшектерден тораптар құрастыру;

жоғары жиілікті токтармен қыздырып, ваймдарда келтектерді желімдеу;

қатты жапырақты тұқымды сүректерден жасалған, қапталған рамалар мен келтектерді ваймдар мен түрлі аспаптарда желімдеу;

қылқан жапырақты сүректен жасалған рамалар мен қалқандардағы және құрделі бейінді келтекті бөлшектердегі иілген жерлерді сүргілеу, тазалау және ажарлау;

түрлі бұйым бөлшектерінің бетін қаптауға дайындау, жәшіктөрді, түрлі мақсатқа арналған жиһаз бұйымдарын кешенді жасау;

өндемеген тораптар мен бұйымдарға бөлшектерді дайындау және желіммен әрі шуруппен орнату; өндемеген тораптар мен бөлшектерде бекіткіш фурнитураларды орнату;

қол пневмоқұралмен шканттар мен шуруптар бойынша тесіктер бұрғылау, шканттарды қою;

майыстырылған жиһаз бұйымдарын жөндеу.

200. Білуге тиіс:

ТВЧ қыздырылатын механикалық вайм мен вайм құрылғысы;

ағаш құралдарын қайрау және баптау ережесі;

сүректің физикалық-механикалық негіздері;

қолданылатын желімнің қасиеті, өндеу әдіптері мен шектеулері;

қарапайым сызбалар мен эскиздер.

201. Жұмыс үлгілері:

1) жиһаз бөлшектері – үстіңгі бетті қаптауға дайындау (ақау жерлерін сылақтау);

2) жолаушы лифттерінің кабиналары – жасау және құрастыру;

3) орындық, кресло аяқтары – тазалау, ажарлау және шөрке төсеу;

4) бағыттаушы планкалар, корпусты жиһаздың артқы қабырғалары мен кронштейндері, өндемеген түрдегі орындық отырғыштары – дайындау және желім және шуруптармен орнату;

5) рамалар мен қалқандар – қатты жапырақты тұқымды сүректің массивін жабыстыру;

6) қатты жапырақты тұқымды сүректен жасалған рамалар, қалқандар мен қораптар – ваймдар мен басқа да аспаптарда желімдеу;

7) торкөздер, байламдар – құрастыру, сүргілеу, фугалау, сүргіленген шпонмен қаптау;

8) орындықтар – қапталмаған бөлшектерден тораптар құрастыру;

9) ағаш және басқа да қалқандар – ағаш бөлінділерін сүргілеу, фугалау, құрастыру, қаптауға дайындау, сүргіленген шпонмен қаптау.

Параграф 4. Ағаш шебері, 5-разряд

202. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар мен эскиздер бойынша күрделі емес конструкциялы жиһаздарды жасау жөнінде кешенді жұмыстарды орындау;

қапталған бөлшектер мен тораптарды тазалау және ажарлау, өнделген түрде тораптар мен бұйымдарға бөлшектерді желімдеп және шуруп пен бекіту;

өнделмеген бұйымдарда есіктерді дайындау және асып қою, мөлдір емес өндеуге дайындастын теріс бөлшектер мен тораптарды немесе беттерін жөндеу;

тор жиһаздың құрастырылған бұйымдарын жөндеу және қалпына келтіру;

негізгі ағаш өндейтін станоктарда барлық жұмыс түрлерін орындау.

203. Білуге тиіс:

жиһазды жасаудың технологиялық процесі;

қапталатын және өнделетін бөлшектердің бетіне қойылатын талаптар;

жиһазды жөндеу және қалпына келтіру тәсілдері;

бұйымдардың конструкциясы, жиһаз берен материалдардың сапасына қойылатын талаптар;

құрастыру және қаптау жұмыстары.

204. Жұмыс үлгілері:

1) ағаш конструкциялы вагондардың жолаушылар және изотермиялық есіктері, барлық типтегі вагондардың доға төбелері – жасау және орнату;

2) шкаф есіктері, өнделмеген түмбалар – қыстырып келтіру және ілу;

3) көп қабатты шаңғылар – берілген өлшемдерге дейін қолмен жетілдіру, тайфанақ және үстіңгі беттерді өндеу;

4) тау және слаломды шаңғылар – нақты мөлшерге дейін сүргілермен, циклдермен және ажарлау қабықшасымен бүйір бетін тазалау;

5) тау және слаломды шаңғылар – арнайы станоктарда динамикалық қасиетін айқындау және қажетті дәрежеде қаттылыққа әрі икемділігіне дейін жетілдіру;

6) спорт садақтары – нақты мөлшерге дейін жетілдіру;

7) өнделмеген түрдегі жиһаз – жаңа үлгілерді кешенді жасау;

8) сөре панельдері, радиаторлы қаптамалы жәшіктер – жасау және құрастыру;

9) бағыттаушы планкалар, өнделген түрдегі серелер мен корпусты жиһаздың кронштейндері – қыстырып келтіру және орнату;

10) жатуға арналған жүк сөрелер - өндөу үшін дайындықпен жасау.

Параграф 5. Ағаш шебері, 6-разряд

205. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар бойынша көркемдік жиһаздар мен күрделі конструкциялы жиһаздарды жасау бойынша кешенді жұмыстарды орындау;

жылтыратылған тораптар мен бөлшектерден корпусты және тор жиһаздарды құрастыру;

өндөлген жиһаздарға он фурнитураны, айналарды, шыны есіктер мен сөрелерді іріктеу, қыстырып келтіру және бекіту, сұректің бағалы тұқымынан жасалған сұргіленген шпонмен қапталған бөлшектер мен тораптарды немесе фасон беттерін тазалау;

мөлдір өндөуге арналған қаптама бөлшектер мен тораптарды жөндеу;

жекелеген бөлшектер мен тораптарды ауыстырып, құрастырылған және өндөлген корпусты жиһазды жөндеу және қалпына келтіру.

206. Білуге тиіс:

көркемдік жиһазды жасаудың технологиялық процесі;

сұргіленген және аршылған шпонның сапасына, шикізатқа және басқа да қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар;

фурнитураны, айнаны, шынылы есіктерді орнату және бекіту әдістері;

корпусты және тор жиһазды құрастыру ережесі, сызбаларды оқу.

207. Жұмыс үлгілері:

1) айналар, шынылы есіктер мен сөрелер – орнату және бекіту;

2) өндөлген корпусты жиһаз – он фурнитураны орнату;

3) өндөлген жиһаз – жаңа үлгілерді кешенді жасау.

22. Сұректен жасалған аралау материалдарын, бөлшектер мен бұйымдарды жинаушы

Параграф 1. Сұректен жасалған аралау материалдарын, бөлшектер мен бұйымдарды жинаушы, 1-разряд

208. Жұмыс сипаттамасы:

дайындаларды сақтау немесе тасымалдау үшін тасу және қатарлау;

буып-түю материалдарын тасу.

209. Білуге тиіс:

жиналатын аралау өнімдердің түрлері мен міндеті;

жинау орнын таңбалау.

210. Жұмыс үлгілері:

шет тақтайлар, қос едендер, тара таяқшалары – үйіндіге жинау.

Параграф 2. Сұректен жасалған аралау материалдарын, бөлшектер мен бұйымдарды жинаушы, 2-разряд

211. Жұмыс сипаттамасы:

ұсақ дайындаударды камералық кептіруге жинау;
аралау материалдарын жинау және дестелерге қайта жинау;
алғашқы дайындаударды тасып және апарып, зауытшілік тасымалдау үшін жинау;

автоағаш таситын және автожук тиегіштерді қолданып, дестелі қатарларды қалыптастыруға және бөлшектеуге қатысу;

жұмысқа қажет құралдар мен аспаптарды дайындау.

212. Білуге тиіс:

сүректің тұқымдары мен ақаулары;
жиналатын өнімнің өлшемі мен сорттары;
аралау материалдарын жинау және қайта жинау ережесі.

213. Жұмыс үлгілері:

- 1) бөшкелер – қатарлап жинау;
- 2) өкше келтектері және тара тақтайлары – қатарлап жинау;
- 3) бөлінді ағаштар – атмосфералық кептіру үшін қатарлап жинау;
- 4) дестедегі тақтайлар – қайта жинау, сұрыптау алаңында түзету;
- 5) қос едендер – байлап дестелерге салу;
- 6) аralau материалдары – қатарлап дестелерге салу.

Параграф 3. Сүректен жасалған аralau материалдарын, бөлшектер мен бұйымдарды жинаушы, 3-разряд

214. Жұмыс сипаттамасы:

аралау материалдары мен ірі дайындаударды камералық кептіру немесе тасымалдау үшін қолмен немесе көтергіш көлік құралдарының көмегімен трек арбашықтарына жинау;

дайын бұйымдарды дайын бұйымдар тұратын қоймаларға салу (жинау);

мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес фанера, сүргіленген және арсылыған шпон табақтарын жинау;

дестелерді, фанераларды және фанера өнімдерін буып-тую нұсқаулығына сәйкес буып-тую және таңбалау;

қарындаш таяқшалары салынған жәшіктерді ашу, қарындаш таяқшалар дестелерінен метал тартымдарын алып тастау;

ірі габаритті өнімді сақтау үшін жинау.

215. Білуге тиіс:

қолданылатын механизмдердің құрылғысы және міндеті;
жиналатын өнімнің түрлері, міндеті, өнімді буып-тую бойынша техникалық нұсқаулықтар;

кептіру үшін аralau өнімдері мен бұйымдарды дайындауға қойылатын техникалық талаптар;

ірі габаритті бұйымдарды қоймаларда сақтау технологиясы;

тараны қауіпсіз ашудың амалдары;
металл тартымдарын жәшіктерге жинау тәсілдері.

216. Жұмыс үлгілері:
багеттер – бөлшектеу және бумаларға байлау;
дестелерді ұзындығы бойынша жинау.

Параграф 4. Сүрекten жасалған аralau материалдарын, бөлшектер мен бұйымдарды жинаушы, 4-разряд

217. Жұмыс сипаттамасы:

тақтайларды қатарлауға автожүк тиегішпен немесе басқа да көтергіш көлік құралдарымен қарапайым қатарларда атмосфералық кептіру кезінде аralau материалдарын қолмен жинау және қайта жинау;

аралau материалдарын дестелерге ұзындығы бойынша бөліп қолмен дестелеу;
қарындаш тақтайшаларын “құрсандарға” механикаландырылған және қолмен қалау;

техникалық шарттарға сәйкес қарындаш тақтайшаларын қырлап және шөркелеп сұрыптау, кейін рамаларға жинау;

қыс кезінде “құрсандарға” жинау алдында мұздап қалған қарындаш тақтайшаларын ағаш балғамен ұрғылау, брактарын алып тастау;

экспортты фанераларды, шаблондар бойынша табақтарды қолмен тегістеп дестелермен жинау және дестелерді маркалау;

буып-түюге қойылатын техникалық шарттарға сәйкес экспортты фанераны болат ленталармен қолмен буып-түю;

буып-түю алдында болат ленталарды белгілеу және пішу;
белгіленген құжаттаманы жүргізу.

218. Білуге тиіс:

аралau материалдарына, фанера өнімдеріне қарындаш тақтайшаларына қойылатын мемлекеттік стандарттар;

атмосфералық кептіру үшін қатарлар қалыптастырудың технологиясы;
көтергіш көлік механизмдерінің жұмыс істеу принципі;
қарындаш тақтайшаларын сұрыптау ережесі;

экспортты фанераны қатарлау және буып-түю ережесі, болат ленталарды белгілеу және пішу тәсілдері.

219. Жұмыс үлгілері:

1) экспортқа және ішкі нарыққа тасымалданатын аralau материалдарының дестелері – болат лентамен немесе сыммен байлап қолмен қалыптастыру;

2) кептіргіш дестелер (ірі габаритті) - атмосфералық кептіру үшін қалыптастыру;

3) аralau материалдарының қатарлары - аralau материалдарын тасымалдағыш дестелерге жинап, атмосфералық кептіргеннен кейін бөлшектеу.

23. Ағаш ажарлауышы

Параграф 1. Ағаш ажарлауышы, 2-разряд

220. Жұмыс сипаттамасы:

келтекті қапталмаған бөлшектерді қолмен және барлық типті станоктарда (тек үш цилиндрліден басқа) ажарлау;

қолмен қисық сзықты бөлшектерді және майыстырылған жиһаздың бөлшектерін ажарлау;

музыкалық аспаптар корпустарының ішкі бөлшектерінің беттерін ажарлау; ажарлау станоктарына бөлшектерді беру және қабылдау.

221. Білуге тиіс:

ажарлағыш станоктардың жұмыс істеу принципі;

ажарлау қабықшасының түрі мен нөмірі;

ажарлағыш бетіне қойылатын талаптар.

222. Жұмыс үлгілері:

1) терезе мен есік блоктары – пішінделген келтектерді ажарлау;

2) құятын бөшкелер – эмаль бойынша ажарлау;

3) тікбұрышты қысыатын келтек бөлшектер – ажарлау;

4) шаңғылар – қылауларды қолмен ажарлау;

5) майыстырылған үстелдердің артқы аяқтары – қолмен ажарлау;

6) ағаш талшық плиталар – сырлағаннан кейін ажарлау;

7) қабылдағыштар мен телевизорлардың футлярлары – абразивтермен, қабықшамен және кеуек таспен ажарлау.

Параграф 2. Ағаш ажарлауышы, 3-разряд

223. Жұмыс сипаттамасы:

үш цилиндрлі ажарлағыш станоктарда келтекті қапталмаған бөлшектерді ажарлау;

түрлі конструкциялы станоктарда қапталған келтекті, қисық сзықты және майыстырылған жиһаз бөлшектерін; мөлдір емес өндөуге арналған тораптар мен бөлшектерді ажарлау;

ажарлау кезінде бөлшектер мен тораптардың сапасын тексеру.

224. Білуге тиіс:

ажарлағыш станоктардың құрылғысы;

ажарлағыш қабықшаны бекіту және тарту тәсілдері;

қапталған бөлшектер мен тораптарды ажарлау режимдері;

сүректің, аршылған және сүргіленген шпонның негізгі қасиеті.

225. Жұмыс үлгілері:

1) гитара мен мандолиннің дектері мен ернеушелері – ажарлау;

2) майысқан ұсақ бөлшектер - ажарлау;

3) желімделген паркет тақтайлары – бапталған үш барабанды станокта ажарлау;

4) өкшелер – эмальдау және тарту бойынша ажарлау;

5) қарындаштар, таяқшалардың шөркелері – штемпельдерді және бір жаққа бағыттаушы ізікшелермен ірікте ажарлау;

6) доп пен шайба хоккейіне арналған клюшка – дәл өлшемдерге жетілдіре отырып ажарлау;

7) қарапайым аяқ киім қалыптары - қалыптау-ажарлау станогында ажарлау және тазалау;

8) ас үй үстелінің беті – ажарлау;

9) желімді панель пласталары – эмальдау және тарту бойынша ажарлау;

10) шаңғылардың ұлтандары мен жиектері, тұмсық және өкше бөлігі – ажарлау.

Параграф 3. Ағаш ажарлауышы, 4-разряд

226. Жұмыс сипаттамасы:

қалқанды бөлшектердің, рамалы конструкция тораптарын және түрлі типтегі ажарлағыш станоктарда мөлдір өндеуге арналған басқа да бөлшектерді ажарлау; ажарлау төсемі мен фетрді орау.

227. Білуге тиіс:

ажарлағыш станоктардың конструктивтік ерекшеліктері;

ажарлағыш қабықшаны орнату;

ажарлағыш станоктарды реттеудің ережесі;

қаптау үшін бөлшектерді дайындау режимі;

сүрек бетінің кедір-бұдырлығына қойылатын мемлекеттік стандарттар;

бақылау-өлшеу құралдарының міндеті;

ажарлағыш қабықшаны шығындау нормалары.

228. Жұмыс үлгілері:

1) қарындаш блоктары – шөркені ажарлау және ұзындығы бойынша калибрлеу;

2) ысқы және шертпелі музыкалық аспаптардың грифтері – ажарлау;

3) күрделі және ерекше күрделі аяқ киім қалыптары - қалыптау-ажарлау станогында ажарлау және тазалау;

4) барлық типтегі көп қабатты шаңғылар – накты мөлшерге дейін жетілдіре отырып ажарлау;

5) ағаш, ағаш жонқа және талшық плиталар – ажарлау;

6) рамалар – үш цилиндрлі станокта ажарлау;

7) шкафтың бүйір қабырғалары, телевизор мен радиоқабылдағыш корпустарының қапталған бөлшектері - өндеу алдында ажарлау;

8) фанера мен фанера плиталары – таза ажарлау.

Параграф 4. Ағаш ажарлаушы, 5-разряд

229. Жұмыс сипаттамасы:

жиһазды өндеудің I санаты бойынша қондырғыларда, желілерде, түрлі модельдегі станоктарда қолмен тораптар мен бұйымдардың жекелеген бетін ажарлау;

экспортты фанераны ажарлау. өндеу сапасын бақылау;
қызмет көрсететін жабдықты баптау.

230. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасы және баптау ережесі;
ажарлағыш қабықшаның түрлері мен міндеті;
экспортты фанераға қойылатын техникалық талаптар;
бақылау-өлшеу құралдарын қолдану ережесі.

3-бөлім. Ағаш аралау және ағаш өндеу

24. Бөшкеші

Параграф 1. Бөшкеші, 2-разряд

231. Жұмыс сипаттамасы:

бөшке тарасын ағынды-механикалық жасау немесе операция алдында жөндеу кезінде орындалатын қосалқы операциялар.

232. Білуге тиіс:

қолданылатын аспаптардың құрылғысы;
бөшке құралының типтері мен түрлері;
қаңқадағы тойтармалардың орналасуына қойылатын талаптар;
брак пайда болатын себептер және оны жою шаралары.

233. Жұмыс үлгілері:

1) бөшкелер - қол бөшкелі құралмен сыртын тазалау, қайтарылған бөшкелердің шөркелерін тегістеу;

2) түптер – қайтарылған бөшке түптерін қағымдау, сырлау, шканттарды қағымдау;

3) жұмыс сақиналары – бұлғау;

4) орайтын құрсаулар – тартылатын механикалық қақпада және қолмен қағымдау және түсіру;

5) ілмектер – қолмен иректі сүргімен түзету және тазалау;

6) қалқан түптері – тойтармалардан тігу.

Параграф 2. Бөшкеші, 3-разряд

234. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі тұқымды сүректен жасалған сұйық өнімдерге арналған сыйымдылығы 500 литр (бұдан әрі - л) дейін чандарды, кадкаларды және құрғақ өнімдерге

арналған бөшкелерді жасау және жөндеу бойынша бөшке жұмыстары кешенін қолмен орындау;

бөшкелерді ағынды-механикалық жасау немесе операциялық жөндеу кезінде қарапайым және құрделілігі орташа бөшке жұмыстарын орындау;

фанералы штампыланған бөшкелерді жасау;

ағаш және темір құрсауларды жасау;

бөшкелерге тұрақты құрсауларды кигізу;

сақина-құрсауларды кигізу станоктарын қолдана отырып, бөшкелерді құрсаулап қаптау, құрсаулар мен жұмыс сақиналарын кигізу;

құрамды құрсау станогында құрсауды біліктеу және онда тесіктерді тесу;

құрсау ақауларын айқындау;

кескіш құралды орнату;

қызмет көрсететін станоктар мен престерді реттеу.

235. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың құрылғысы;

жасалатын бөшке өнімдеріне қойылатын талаптар, жасалатын бөшке ыдыстарының стандартты мөлшері мен формалары;

желімдер мен канифоланың қасиеті және оны қолдану тәсілдері;

құрсауларға арналған дайындалардың сапасына қойылатын талаптар;

кескіш құралды түзету тәсілдері.

236. Жұмыс үлгілері:

1) бос бөшкелер – тығынын ашу және тығындау;

2) тойтармалар мен тұптер – қолмен сұргілеу;

3) тұп қалқандары – қолмен жөндеу.

Параграф 3. Бөшкеші, 4-разряд

237. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі тұқымды сұректен жасалған, ішкі беті төсемдермен оқшауланған сыйымдылығы 500-ден 10 000 л дейін чандарды, тұндырғыштарды және құятын бөшкелерді жасау және жөндеу бойынша бөшке жұмысын кешенін қолмен орындау;

бөшкелерді ағынды-механикалық жасау немесе операциялық жөндеу кезінде қурделі және ерекше қурделі жұмыстарды орындау;

жасалатын ыдыстардың сыйымдылығын есептеу;

автоматтандырылған құрамды құрсаулы станоктарында құрсауларды біліктеу, тесіктер тесу және пісіру;

құрсаулардың жасалу сапасын бақылау;

қызмет көрсету жабдықтарын баптау және оның жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

238. Білуге тиіс:

автоматтандырылған құрамды құрсаулы станоктардың құрылғысы және баптау тәсілдері;

бөшкелі ыдыстарды жасау үшін қолданылатын суректің тұқымдары;
жасалынатын бөшкелі ыдыстарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;
бөшкелі ыдыстарды сулау, булау, күйдіру және кептіру режимі;
эмальдау үшін ерітінділер дайындау тәсілдері;
кеекіш құралдың қасиеті;
бақылау-өлшеу құрал мен аспаптардың міндеті.

239. Жұмыс үлгілері:

- 1) бөшкелер – қаңқаларды құрастыру, түптерді қою, қаңқаларды тарту;
- 2) бөшкелер – құрсауларды қатайтқаннан, түптегеннен, тұндырганнан кейін жөндеу;
- 3) ағаш шелектердің қақпалары – қолмен аралап және өндеп, тесіктерге қырлы таяқшаларды жасау, құрастыру;
- 4) ағаш шелектердің тұтқалары – жасау, қақпақтарға саптау, ажарлау;
- 5) ағаш шелектер – қаңқаларды құрастыру, дайын түшшелерден өндеп түптер құрастыру, қаңқаларды тазалау және үстіңгі шөркелерді өндеу.

Параграф 4. Бөшкеші, 5-разряд

240. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен құрделі сыйымдылықтарды, тұндырығыштарды, чандарды, сыйымдылығы 10 000 л артық сопақ буттарды және сызбалар бойынша зауытта жасалған құрделі технологиялық жабдықтарын жасау және жөндеу бойынша бөшке жұмыстарын кешенді орындау.

241. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың құрылғысы және оларды баптау ережесі;
термоөндеу режимдері;
арнайы сыйымдылықтарды жасауға арналған суректің тұқымы мен сапасы;
арнайы бөшке тарасының сызбалары;
арнайы тараға қолданылатын техникалық талаптар;
қолданылатын құралдың қасиеті мен конструкциясы, оны дайындау ережесі.

25. Бөренелерді сұрыптау және қайта өндеу агрегаттық желілердің операторы

Параграф 1. Бөренелерді сұрыптау және қайта өндеу агрегаттық желілердің операторы, 3-разряд

242. Жұмыс сипаттамасы:

бөренелерді аралауға берген кезде мөлшерлегіш құрылғылардың механизмдерін пульттан басқару;

бөрене байламын бөлшектеу құрылғысына және бөренелерді гидролотоктарға немесе тасымалдағыштарға бір қалыпты берілуін қамтамасыз ету;

желінің қызмет көрсететін механизмдерін баптау.

243. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін механизмдердің құрылғысы мен баптау ережесі; тиелетін және тасымалдағыш құрылғылардың техникалық сипаттамасы; бөрене мөлшері және сапасына қойылатын талаптар.

Параграф 2. Бөренелерді сұрыптау және қайта өндөу агрегаттық желілердің операторы, 4-разряд

244. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті оператордың басшылығымен бөренелерді сұрыптауды желі пультінен басқару;

қолмен жұмыс істеу режимінде бөренелерді сұрыптау процесін жүргізу; қысқа бөренелерді және біршама қисық бөренелерді қолмен алғып тастау;

желі жұмысының автоматтық режимі бұзылған жағдайда түзету және бөренелерді алғып тастау;

қозғалыс бағытындағы төбе шөркелермен бағдарланбаған бөренелердің диаметрін өлшеу;

желі жұмысындағы техникалық кінәраттарын жоюға қатысу.

245. Білуге тиіс:

бөренелерге арналған сұрыптау желісінің жұмыс істеу принципі;

желілер мен оның жеке механизмдерін басқару пультінің конструкциясы;

аралау шикізатының мемлекеттік стандарты;

бөренелерді таңбалау.

Параграф 3. Бөренелерді сұрыптау және қайта өндөу агрегаттық желілердің операторы, 5-разряд

246. Жұмыс сипаттамасы:

тұқымдары, диаметрі мен міндеті бойынша аралау шикізатын сұрыптау желілерін пульттан басқару;

жоғары оператордың басшылығымен фрезерлі аралау, фрезерлі келтектеу желілерінде және бөренелерді агрегаттық қайта өндөу желілерінде бөренелерді қайта өндөуге қатысу;

желінің барлық участкерінің синхронды жұмысын қамтамасыз ету;

агрегат алдына беретін құрылғыларға қызмет көрсету;

механизмдердің жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою және жабдықты жөндеуге қатысу.

247. Білуге тиіс:

сұрыптау желілерінің конструкциясы;

бөренелерді қайта өндөу агрегаттық желілерінің, агрегаттың алдына беретін механизмдердің құрылғысы және жұмыс істеу принципі;

бөренелерді фрезерлеу және аралау арқылы қайта өндөу технологиясының негіздері.

Параграф 4. Бөренелерді сұрыптау және қайта өндеу агрегаттық желілердің операторы, 6-разряд

248. Жұмыс сипаттамасы:

пульттің көмегімен фрезерлі аралау, фрезерлі келтектеу желілерінде автоматтық және қолмен жұмыс істеу режимінде бөренелерді аралау материалдарына және технологиялық жаңқаларға қайта өндеу;

кескіш құралды (фрезерлі қалпақшаларды, дөңгелек араларды) орнату;

бөренелерді өндеу процесінде механизмдердің өзара әрекетін, бөренелердің қозғалысын, алынатын аралау материалдары мен технологиялық жаңқалардың сапасын бақылау;

желі тораптары мен агрегаттарын баптау;

қызмет көрсететін жабдықты майлау.

249. Білуге тиіс:

беретін құрылғылар мен тасымалдағыш механизмдердің фрезерлі аралау жабдықтарының пневматикалық, гидравликалық жүйелері және кинематикасы;

желінің тораптары мен агрегаттарының өзара әрекеті;

кескіш құралдың конструкциясы;

өндөлетін аралау материалдары мен технологиялық жаңқаларға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар.

26. Аралау материалдарын өндеу қондырғылары мен желілердің операторы

Параграф 1. Аралау материалдарын өндеу қондырғылары мен желілердің операторы, 4-разряд

250. Жұмыс сипаттамасы:

қабылдағыш көтергіштерді, бөлшектеуші, біріктіруші және шығарушы тасымалдағыштарды әрі десте қалыптастыру машиналарының баптайтын механизмдерін басқару;

кассеталарға төсемдерді толтыру және қажетіне қарай оны қалыптайтын дестеде түзету;

гидрокөтергіш үстелді, көтергіш лифтіні және көтергіш, жүрдек тасымалдағыштарды, төсемдерді тазалауды, түзетуші рольганды және тақтайларды шөрке төсеу-таңбалашу қондырғыларының шөрке төсеу механизмдеріне бір-бірлеп беру механизмдерін басқару;

шөрке төселген және сұрыпталған аралау материалдарын қалың дестеге, тақтайларды десте қолмен түзетіп жинау кезінде десте қалыптайтын лифтілерді, дестелерді қайтару тасымалдағыштарымен, таңбалашуы және таратушы құрылғыларды басқару;

тақтайлардың қалталарға бір қалыпты келіп түсуін басқару, автоматты сұрыптаудың таратушы тасымалдағыштарына пішінделген дестелерді беру;

аралау материалдарын жинағыш тасымалдағыштарға және десте қалыптайтын лифтерге беру, аралау материалдарын ұзындығы бойынша сұрыптауда берілген габариттерге сәйкес дестелерді пішіндеу;

дестелерді десте қалыптаушы лифттерден байлауға көшіру, дестелерді металл ленталарымен байлау, қажетіне қарай дестедегі жекелеген тақтайларды ауыстыру, көтергіш құрылғының көмегімен дестені роликті тасымалдағышқа көтеру;

қызмет көрсететін механизмдерді баптау және майлау, ұсақ техникалық кінәрраттарды жою.

251. Білуге тиіс:

жекелеген тораптардың құрылғысы және өзара әрекеті;

қондырғының техникалық сипаттамасы;

жартылай автоматты қондырғыларды қосу және баптау тәртібі мен амалдары; өндірістік операциялар кешенін орындау амалдары;

ақаулардың себептері және оларды жою тәсілдері, өлшегіш құрал.

Параграф 2. Арадау материалдарын өндеу қондырғылары мен желілердің операторы, 5-разряд

252. Жұмыс сипаттамасы:

аралау материалдарын сұрыптаудың немесе десте қалыптайтын қондырғылардың автоматтық қондырғыларын басқару;

тақтай дестелерін тасымалдағышқа қабылдау, көлбеу көтергішке беру, тақтайларды түсіргіш тасымалдағыш қабат-қабат берілуін реттеу, бір-бірлеп беру және тақтай шөркелерін беруші тасымалдағыштарда тегістеу, механизм жұмысында нақты өзара әрекетті қамтамасыз ету;

тақтайларды ұзындығы бойынша сұрыптау кезінде сұрыптау тасымалдағыштарының жылдамдығын және десте қалыптау кезінде бөлшектеу тасымалдағыштары мен жүрдек құрылғылардың жылдамдығын реттеу;

шөркө төсеу-таңбалау қондырғыларына қызмет көрсету;

тақтайдың сортын алтын ала жұмарлау шеттері бойынша айқындау, тақтайдың жұмарлау шеттерін шөркө төсеу және таңбалау;

араларды ауыстыру, қысу құрылғылары мен таңбалау механизмдерді теңшеу;

қызмет көрсететін жабдықтарды баптау және майлау, қондырғыны жөндеуге қатысу;

аралау шикізатын тұқымдары, диаметрі және міндеті бойынша автоматты сұрыптау қондырғыларда сұрыптау.

253. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және баптау ережесі;

аралау материалдары мен арадау шикізатына қойылатын мемлекеттік стандарттар;

сүректің тұқымдары мен ақаулары;

аралау материалдары мен аралау шикізатын сұрыптау ережесі; бақылау-өлшеу құралдарының міндеті мен қолдану ережесі.

Параграф 3. Арадау материалдарын өндеде қондырғылары мен желілердің операторы, 6-разряд

254. Жұмыс сипаттамасы:

шөрке төсеу-таңбалау қондырғыларын бақылау;

мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес арадау материалдарының сортын толықтай анықтау және тақтай ұзындығын қалыптастыру, барынша тиімді және бағалы шығымды қамтамасыз ету. тақтайларды тиісті сорт қалталарына салу үшін команда аппаратқа белгі беру;

тақтайдың басындағы шеттерін таңбалау;

шөрке төсеу-таңбалау қондырғылардың барлық механизмінің жұмысындағы өзара әрекетті қамтамасыз ету;

режимді құрылғыны, өлшегіш үстелді, арадау материалдарының шөрке төселеудің таңбалау механизмдерін баптау, араларды ауыстыру;

ұсақ кінәраттарды жою және қызмет көрсететін механизмдерді майлау.

255. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасы, арадау материалдарын шөрке төсеу және таңбалау ережесі, арадау материалдарына қойылатын техникалық шарттар, арадау материалдарын пішудің тиімді әдістері және көрсеткіштерінің құны.

27. Рамалаушы

Параграф 1. Рамалаушы, 3-разряд

256. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс аймағы шегінде бойлап арадау процесінде бөренелер мен келтектерді ауыстыру бойынша қосымша операцияларды орындау, жұмыс орнынан арадау өнімдерін алып тастау;

станоктың шикізат беріп тұратын алдыңғы және артқы рамалы механизмдерін басқару;

сынамен жаратын пышақтарды баптау.

257. Білуге тиіс:

рольгандардың, тізбекті және ленталы тасымалдағыштардың және станок жанындағы механизмдердің: бөрене жинақтаушылар мен лактырғыштардың, рамалы арбашықтардың, қырлы бөренелерді салушылардың, сынамен жаратын пышақтардың жұмыс істеу принципі;

бөрене арадау, жабдықтарды беру тораптарының конструкциясы;

бөренелердің тұқымдары мен өлшемдері.

Параграф 2. Рамалаушы, 4-разряд

258. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі тұқымды дөңгелек материалдардан жасалған бөренелерді, келтектерді, дайындаударды зауыт ішінде қолданылатын өнімдерге, одақ ішінде қолдануға арналған жалпы мақсаттағы аralau материалдарына, сүргіленген шпонды алу үшін дайындаударды жоғары білікті рамалаушы баптаған бір қабатты (тік және көлденен) ағаш аralau рамаларында бойлап аralau;

мамандандырылған ағаш аralau ағынында ағаш аralau рамаларында бөренелер мен келтектерді бойлап аralau кезінде қызмет көрсету аймағы шегінде бөренелер мен аralau өнімдерін ауыстыру бойынша қосымша операцияларды орындау;

ара өрнектерін ауыстыруға қатысу;

жабдықты баптау, оның жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

259. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

өндөлетін шикізаттың сапалы сипаттамасы;

аралau өнімдерінің міндепті негізгі талаптары.

Параграф 3. Рамалаушы, 5-разряд

260. Жұмыс сипаттамасы:

дербес бапталған аralau рамаларында әр түрлі тұқымды дөңгелек ағаш материалдарынан жасалған бөренелерді, келтектер мен дайындаударды одақ ішінде қолдану үшін жалпы мақсатқа арналған аralau материалдарын аralau;

аралau материалдарының шамасын реттеу;

бағыттаушы пышақтарды реттеу;

жоғары білікті рамалаушы бапталған ағаш аralau рамаларда мамандандырылған ағаш аralau ағынында бөренелер мен келтектерді аralau;

ара өрнектерін ауыстыруға қатысу;

ленталы-аралau станоктары мен ағаш рамаларында пішу схемасы бойынша сүргіленген шпон өндіру үшін әр түрлі тұқымды келтектер мен ванчестерге дөңбектерді бойлап пішу.

261. Білуге тиіс:

қызмет көрсету жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктері;

сүректің ақаулары;

шығарылатын аralau өнімдерінің міндепті және негізгі талаптары;

шикізат диаметрі мен сүректің ақауларына қарай әр түрлі тұқымды сүректің бөренелері мен дөңбектерін бойлап аralau тәсілдері мен режимдері;

сүргіленген шпон мен тара жинақтарының өндірісі үшін бөренелер мен дөңбектерді пішудің әр түрлі пішу кезіндегі дайын өнімнің мөлшерлі және сапалы шығуы.

Параграф 4. Рамалаушы, 6-разряд

262. Жұмыс сипаттамасы:

мамандандырылған ағаш аралау ағындарында дербес бапталған ағаш аралау рамаларында одак ішінде қолданылатын және экспорттық мақсаттағы аралау материалдарына әр түрлі тұқымды сүректің бөренелері мен келтектерін аралау;

аралаудың әр түрлі режимдерін іріктеу;

ара өрнектерін ауыстыру, араларды қабылдау және түзеу;

жабдықтың жұмысындағы кінәраттардың себептерін айқындау және оларды жою.

263. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасы;

ағаш материалдарын берудің пневматикалық және гидравликалық жүйесінің тораптарының құрылғысы;

механизмдердің жұмысындағы кінәраттарды жою тәсілдері;

ағаш аралаудың технологиялық процесі, аралау түрлері және пішудің тиімді схемалары;

кеекіш құралдың қасиеті және оның дайындық сапасын тексеру әдісі.

28. Сүректен жасалған бұйымдарды құрастыруыш

Параграф 1. Сүректен жасалған бұйымдарды құрастыруыш, 1-разряд

264. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс орындарына бөлшектер мен материалдарды тасып, қолмен шаблон бойынша түрлі қалқандарды бөлшектерден құрастыру, шпоннан шабақтау және еру әрі қалқандарды қатарлап жинау;

сүректен жасалған бұйымдарды арматуралау бойынша қарапайым жұмыстарды орындау.

265. Білуге тиіс:

қолданылатын құралдар мен аспаптардың міндегі;

құрастырылатын бұйымдарға қойылатын техникалық шарттар және олардың міндегі.

266. Жұмыс үлгілері:

1) берік ішпектер – арматуралау;

2) шыны бойынша қатарлап салу – шегелеу;

3) қабырға және шөркө төсеу қалқандары – шаблон бойынша қолмен құрастыру және шабақтау;

4) жәшіктер – мырышпен қапталған ленталардан жасалған бұрыштарды белгілемей жиектеу және бекіту.

Параграф 2. Сүректен жасалған бұйымдарды құрастыруыш, 2-разряд

267. Жұмыс сипаттамасы:

сүректен жасалған қарапайым бұйымдарды құрастыру, шабақтау немесе желімдеу;

арматура мен фурнитураны орнату және бұрап бекіту;

бөлшектерді сызба бойынша қайыспен, оқшаулау лентасымен байлау;

конвейерде престеу алдында қалқанды конструкция есік төсемдерін операциялық құрастыру.

268. Білуге тиіс:

құрастыру станогының құрылғысы немесе құрастыруға арналған аспаптар; қолданылатын ағаш және өлшеу құралдары; дайын өнімге қойылатын техникалық талаптар.

269. Жұмыс үлгілері:

1) арматура - ілу, қолмен немесе механикалық орағыштармен сұректен жасалған бұйымдарға бұрап бекіту;

2) үй жабындарының балкалары – шабақтау;

3) орап байланған келтектер - желімдеу;

4) жәшік түптері – қорапқа қолмен шегелеу;

5) желімделген тақтайлар – бұдырланған и1079 дайындаудан құрастыру;

6) балаларға арналған ағаш ойыншықтар – тораптарды шабақтау;

7) клюшкалар – сызба бойынша оқшаулау лентасымен орау, техникалық шарттардың талаптарына сәйкес қайыспен байлау;

8) аяқ киім қалыптары – фурнитураларды (сырмалы құлыштарды, төлкелерді) салу;

9) жәшік қораптары – қолмен құрастыру және желімдеу;

10) бағыттағыш планкалар – қолмен орау;

11) шаңғы таяқтары – шеттеріне метал тұтіктерін салу, сұнгілерді шөркелерге қағу, сақиналарды кигізу және бекіту;

12) қалқанды конструкциялы есік төсемдеріне арналған рамалар – алдын ала сүргіленген және дәл шөрке төсөлген келтектерден құрастыру және бұрыштарын түйрекшіштермен бекіту;

13) тұтқалар-кнопкалар – бұрап бекіту;

14) жәшік қалқандары – шаблон бойынша шабақтау немесе желімдеу;

15) қалқандардан жасалған экспортты жәшіктер – қолмен құрастыру;

16) жәшіктер – қамыт пен басқа да ішкі ішпектерді салу, белгілеп металл лентасымен құрсаулап қаптау;

17) жәшіктер – арматураны алу, бөлшектерге бөлу, шегелерді жұлу және станокта, қолмен түзету, арматураны сұрыптау және түзету.

Параграф 3. Сұректен жасалған бұйымдарды құрастырушы, 3-разряд

270. Жұмыс сипаттамасы:

есік төсемдерін қыстырып келтіріп және іліп есік қораптарын құрастыру;

қолмен және механизмдер мен құрылғыларды қолдана отырып, арматураларды келтіріп және бекітіп күрделі бұйымдарды құрастыру;

қызмет көрсететін станокты баптау.

271. Білуге тиіс:

бөлшектерге, арматураға және дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар; қабысады келтіру және арматураларды бекіту тәсілдері; құрастыру сызбаларын оку ережесі.

272. Жұмыс үлгілері:

1) терезе қораптары – ваймдарда қыстырып келтіріп, қолмен құрастыру;

2) аяқ киім қалыптары – металл пластиналарын шақтау, пластиналарды периметр бойынша құрсаулау;

3) слаломдық шаңғылар - металды тұмсықты, өкшелі құрсаулы қаптаулардың шуруптарына бұрап бекіту;

4) терезе ағаштары - ваймдарда келтіріп құрастыру;

5) әр түрлі типті теннис ракеткалары – шектерді керу;

6) жәшік қалқандары және жәшіктер – шеге қағатын немесе сым байлайтын станокта құрастыру және шабақтау (құрай);

7) жәшіктер – таңбаланған ішпектерді толық жинақтау.

Параграф 4. Сүректен жасалған бұйымдарды құрастыруши, 4-разряд

273. Жұмыс сипаттамасы:

ірі габаритті бұйымдарды келтіріп және металл арматураларын бекітіп, бүрмелеу, желімдеу, бекіту және тігу;

ерекше күрделі ірі габаритті бұйымдардың тораптары мен агрегаттарын құрастыру;

стандартты үйлердің қалқандарын толық құрастыру;

қара қағазбен қаптау;

панель тесіктеріне терезе және есік блоктарының белгіленген қораптарын тығындау.

274. Білуге тиіс:

ірі габаритті бұйымдарды құрастыру;

желімдеу және қаптау тәсілдері;

құрастыру және монтаждау кезінде пайдаланылатын аспаптар мен құралдар.

275. Жұмыс үлгілері:

1) тігін машиналарының қақпақтары – корпусқа бекіту;

2) жылжымалы электр станция кузовтар – толық құрастыру;

3) кузовтар немесе жүк платформасы – төсемдерді, бойлық келтектерді бұрап бекітіп толық құрастыру, шуруптарға арналған тесіктер бойынша қаптаманы келтіру;

4) кузов едендері – еден тақтайларын рама астына бекіту, тесіктер тесіп темірмен құрсаулап қаптау және болттармен бекіту.

29. Сепараторшы

Параграф 1. Сепараторшы, 2-разряд

276. Жұмыс сипаттамасы:
сепараторда үгінділерді сұрыптау.

277. Білуге тиіс:
қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;
үгіндіге қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Сепараторшы, 3-разряд

278. Жұмыс сипаттамасы:

ұндарды ұстап қалғыш қондырғыларға немесе қағымдау аппараттарына
қызмет көрсету;

сүрек ұнын қаптарға толтыру, буып-түю, таразылау, қаптарды тасу және
жинау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды жою.

279. Білуге тиіс:
қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;
сүрек ұнына техникалық шарттар.

Параграф 3. Сепараторшы, 4-разряд

280. Жұмыс сипаттамасы:

елегіш аппараттарда сүрек ұнын електен өткізу;

аппараттарды қосылуын реттеу;

елегіш аппараттар мен көлік құралдарының жұмысын және техникалық
жағдайын бақылау.

281. Білуге тиіс:
қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және тораптардың өзара әрекеті;
жабдықтарды реттеу әдісі;
өнімнің сапасын айқындау тәсілдері.

30. Станокшы–аралаушы

Параграф 1. Станокшы–аралаушы, 2-разряд

282. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық және жартылай автоматты станоктарда дайындауды
көлденең-бойлап аралау кезінде қосалқы операцияларды орындау,
дайындауды қабылдау, оларды қайтару және өлшемдер бойынша бөлшектеп
жинау;

бір аралы дөңгелете аралайтын станоктарда дайындауды бойлап және
көлденең аралау;

станоктарда белгіленген немесе белгілеуді қажет етпейтін аралау
материалдары мен дайындауды шөрке төсөу;

цементті-жоңқалы плиталарды аралау және жиектерін тегістеу;

жіңішке өлшегішті, отын шикізатын берілген өлшемдер кесінділеріне бойлап
аралау;

қол арамен аралау материалдарын бойлап аралау.

283. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың жұмыс істеу принципі;
дайындаудар мен бөлшектердің міндегі мен өлшемі;
аралау материалдарын аралауға қойылатын талаптар.

284. Жұмыс үлгілері:

1) дайындаудар, келтектер – бір аралы дөңгелеп аралайтын станоктарда пішу;

2) шаңғы дайындаудары - өлшемдер бойынша шөрке төсеу;

3) орағыштарға арналған дөңгелек таяқтар – берілген өлшем бойынша пішу;

4) ұсақ аралау материалдары – шөрке төсеу станоктарында топтап пішу.

Параграф 2. Станокшы–аралаушы, 3-разряд

285. Жұмыс сипаттамасы:

бір аралы станоктарда жұмсақ тұқымды сүректен жасалған аралау материалдарын бойлап және көлденең пішу;

лента аралау станоктарында белгілер бойынша жұмсақ тұқымды сүректен жасалған бөлшектерді аралау;

алдын ала буланған келтектерді (плашкаларды) берілген өлшемдегі таяқшаларға пішу;

аралау материалдарын бойлап пішу;

жоғары білікті жұмысшының басшылығымен ағаш аралау ағынында аралау материалдарын шөрке төсеу;

станоктарда фанирленбеген рамалардың, қалқандардың берілген мөлшерін қалыптастыру;

бір аралы станоктарда шаблон бойынша бұрыштап желімделген сүректер мен дайындаударды пішу;

ағаш аралау ағынынан тыс жоғары білікті станокшының басшылығымен тақтайларды кесу;

жоғары білікті станокшы баптаған форматты кесетін түрлі типті станоктарда ағаш жонқалы, ағаш талшықты, талшық плиталар мен фанераларды пішу және кесу;

кескіш құралды орнату және қызмет көрсететін станокты реттеу.

286. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың құрылғысы;

сүрек материалдарының негізгі қасиеті;

шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;

дайындаударды булау сапасына қойылатын талаптар;

кескіш құралды орнату тәсілдері, қолданылатын шаблондар.

287. Жұмыс үлгілері:

- 1) аралау материалдары, қалқанды материалдар, фанера – айрықшалыққа сәйкес өлшемде пішу, кесу және шөрке төсеу;
- 2) шаңғы үлгілері – шаблон бойынша бұрыштап бір шетін аралау;
- 3) балаларға арналған ойыншықтардың бөлшектері – шөрке төсеу;
- 4) сым шабақтарға арналған дайындаудар – ақауларды кесіп тастап шөрке төсеу;
- 5) өкшелер – биіктігі бойынша кесу.

Параграф 3. Станокшы–аралаушы, 4-разряд

288. Жұмыс сипаттамасы:

көп аралы және дөңгелеп аралайтын станоктарда қатты тұқымды сүрекten жасалған аралау материалдарын бойлап және көлденең аралау;

ағаш аралау ағынында аралау материалдарын берілген кесінділерге жеке құрамды пішу;

жоғары білікті станокшының басшылығымен кесу станоктарында тақтайларды жеке кесу;

дөңгелектеп аралайтын және ленталы станоктарда бөренелер мен дөңгелек ағаш материалдарынан дайындаударды бойлап және көлденең пішу;

фанералы келтектерді және қатты тұқымды сүрекten жасалған бөлшектерді шөрке төсеу;

кескіш станокта қарындаш шөркелерін кесу;

қарындаштың әр ассортиментіне және диаметріне қойылатын техникалық шарттарға сәйкес шөрке кесіктерінің қалындығына дисқілі немесе теңгерілген пышақтарды реттеу;

бір-көп аралы станоктарда фанирленген қалқандардың өлшемін қалыптастыру;

көп аралы станоктарда майыстырып жабыстырылған сүргіленген шпон мен дайындаударды пішу;

табақ өнімдерін айрықшалықтарға, мемлекеттік стандарттар талаптарына және техникалық шарттарға сәйкес кесу;

станокты баптау, станокты жөндеуге қатысу.

289. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың құрылғысы және баптау ережесі;

аралау материалдарын оқтайлы пішу әдістері және кесу сапасын тексеру тәсілдері;

кескіш құралдың қасиеті;

кесу режимі, дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар.

290. Жұмыс үлгілері:

- 1) фанерленген және майыстырып желімделген келтек бөлшектері – ақау жерлерін кесіп тастап пішу;
- 2) сүргіленген пішімделген тақтайлар – ленталы аралау станогында сүргіленген тараға бөлу;
- 3) дөңгелек аралау материалдарынан жасалған дайындаамалар – ленталы аралау станоктарында немесе агрегаттарда аралау;
- 4) таза дайындаамалар (көп қабатты шаңғылардың табандары мен жапсырмалары) – шөрке төсеу;
- 5) ақ қайың дөңбектері – шаңғы дайындаамаларына аралау;
- 6) паркет – станокта шөрке төсеу және өндіеу;
- 7) аралау материалдары – резонансты дайындаамалар мен бөлшектерге пішу;
- 8) ағаш талшықты, ағаш жоңқалы және талшық плиталар – дербес бапталған станоктарда пішу;
- 9) рамалы плиталарды қоюға арналған ара аралық және қысқыш төсемдер – аралау;
- 10) қалыпты секторлар – ленталы аралау станогында ирек-ирек аралау.

Параграф 4. Станокшы–аралаушы, 5-разряд

291. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай автоматты және автоматты станоктарда плита материалдарын аралау;

бір кесетін станогы бар ағаш аралау ағынында жұмыс істеген кезде жылдамдық режимінде ағыннан тыс тақтайларды бойлап жеке кесу;

блоктары желімделген көп қабатты шаңғылардың пластиналарын аралау;

көп аралы дөңгелектеп аралайтын және ленталы аралайтын станоктарда аралау материалдары мен дайындаамаларға бөренелерді, дөңбектер мен келтектерді аралау;

тақтайларды пішудің тиімді схемасын айқындау;

қызмет көрсететін жабдықты баптау және оны жөндеуге қатысу.

292. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың және станок жанындағы механизмдердің конструкциясы;

дайындаамаларға қойылатын техникалық талаптар;

аралау материалдарын тиімді пішудің тәсілдері;

кеекіш құралдың қасиеті және дайындау сапасы;

техникалық брактың түрлері мен пайда болу себептері және алдын алу шаралары;

сүректің ақаулары.

Параграф 5. Станокшы–аралаушы, 6-разряд

293. Жұмыс сипаттамасы:

қарқынды жұмыс жағдайында әртүрлі типті жартылай автоматты және автоматты желілерде ағаш аралау ағынында тақтайларды және плиталы қаптау материалдарын екі жақтан бойлап жеке кесу;

аралау материалдарының едәуір пайдалы және жоғары спецификациялық шығымын алу үшін кесілетін тақтайлардың тиімді енін көзben айқындайды;

тақтайлардың берілу жылдамдығын өзгерту;

тақтайлар мен плиталы қаптамалы материалдардың сапасын көзben бағалап, оларды пішудің онтайлы схемасын таңдау;

қарқынды жұмыс жағдайында ағаш аралау ағынында көп аралы станоктарда бөренелер мен келтектерді аралау;

араларды дайындау сапасын тексеру;

оларды орнату және түзету;

қызмет көрсететін жабдықты баптау.

294. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық тәсімі және баптау ережесі;

кесілетін өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

тиімді кесу тәсілдері, араларды дайындау сапасының таза аралауға және берілу жылдамдығына әсері;

бөренелер мен келтектерді аралаудың технологиялық схемасы.

4-бөлім. Сұрек және талшық плиталар өндірісі

31. Минерализаторды мөлшерлеуші

Параграф 1. Минерализаторды мөлшерлеуші, 3-разряд

295. Жұмыс сипаттамасы:

талап етілетін концентрацияда және үлес салмағында минерализаторды дайындау;

жабдықтың қабылдау және тексеру;

сорғыштарды қосу және тоқтату.

296. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы, минерализаторларға қойылатын талаптар;

концентрация мен үлес салмақты айқындау тәсілдері;

бақылау-өлшеу құралдарының құрылғысы және оларды пайдалану ережесі.

32. Талшықтан жасалған құрылыш плиталарына арналған қоспаларды дайындаушы

Параграф 1. Талшықтан жасалған құрылыш плиталарына арналған қоспаларды дайындаушы, 3-разряд

297. Жұмыс сипаттамасы:

талшықтан жасалған сүрек плиталарына қоспалар дайындау;

бактар мен басқа да ыдыстарды жұмысқа дайындау;

қоспа компоненттерін дайындау;

металды қайнатқыш араластырғышта жонқа-шайыр массасын дайындау;

бункер араластырғышына ысылған ауаның көмегімен форсункалар бойынша шайыр мен жонқаларды беру;

рецепттерге сәйкес химиялық материалдарды мөлшерлеу;

арматураның, бактар мен басқа да ыдыстардың дұрыстығын бақылау;

ыдыстарды алынған қоспамен толтыру;

бактар мен басқа да ыдыстарды жуу.

298. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

қоспалар мен химиялық материалдардың рецепттері;

қоспалар мен химикаттарды шығындау нормалары;

химикаттарды пайдалану ережесі.

33. Сүрек және талшық плиталарды тиеуші

Параграф 1. Сүрек және талшық плиталарды тиеуші, 3-разряд

299. Жұмыс сипаттамасы:

дымқыл плиталарды стационарлы кептіргіш қондырғыларға немесе роликті кептіргіштің толтырғыштарына тиеуге арналған автоматтық құрылғыға қызмет көрсету;

плиталарды тиеу жылдамдығын реттеу;

вагонеткаларды тиеуге арналған автоматтық құрылғыларға қызмет көрсету.

300. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

ағаш талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы техникалық ақауларды жою тәсілдері.

34. Төгу машинасының машинисі

Параграф 1. Төгу машинасының машинисі, 3-разряд

301. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті машинисін басшылығымен берілген өлшем бойынша кеуекті плиталар мен дымқыл плиталардың кесектеріне арналған массаларды сусыздандыру және төсемдерді қалыптастыру процесін жүргізу;

жабдықты тазалау.

302. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принциптері;

дымқыл төсемдерге қойылатын техникалық талаптар;

қызмет көрсететін жабдықтарды тазалау ережесі.

Параграф 2. Төгу машинасының машинисі, 4-разряд

303. Жұмыс сипаттамасы:

қатты плиталарды алу үшін ұзын торлы машиналарда талшықты массаларды сусыздандыру процесін жүргізу;

сыртқы қабатын бояу үшін дымқыл төсемге май және бояғыш заттарды қуюға арналған жабдықтарға қызмет көрсету;

төгу машиналары мен массалық сорғыларды қосу және тоқтату;

вакуумды қондырғы машинасының тіркеу бөлігіндегі және гауч-престерде сусыздандыру процесін бақылау және реттеу;

айналма су бассейнін бақылау;

ара дискілерін ауыстыру;

жабдық жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

304. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

төсемді қалыптастырудың технологиялық процесі;

ағаш талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

жабдық жұмысындағы техникалық ақаулықтар және оны жою тәсілдері.

Параграф 3. Төгу машинасының машинисі, 5-разряд

305. Жұмыс сипаттамасы:

дөңгелек торлы машинада талшықты массаны сусыздандыру процесін жүргізу;

кеуекті және қатты плиталарға арналған төсемдерді талап етілетін қалындығын және дымқылдығын қалыптастыру, берілген өлшемге ені мен ұзындығы бойынша кесу;

төгу машинасының қосым жәшіктерінде масса концентрациясын қабылдау және реттеу, массаны торда бірқалыпты таратып-бөлу;

жабдықтар мен торлардың дұрыс жұмыс істеуін бақылау;

төсемдерді қалыптастыру жылдамдығын реттеу;

тор астындағы бассейнді бақылау;

жабдықты жөндеуге, торлар мен мауыттарды ауыстыруға қатысу.

306. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері;

машина жұмысының, престер мен қабылдағыш тасымалдағыштың үйлесімділігін реттеу әдістері мен тәртібі;

төсемнің жылдамдығын реттеу ережесі;

масса концентрациясын, шығарылатын плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар.

35. Араластырғыш агрегаттың машинисі

Параграф 1. Араластырғыш агрегаттың машинисі, 4-разряд

307. Жұмыс сипаттамасы:

қайың шпонның қалдығын мемлекеттік стандарттар бойынша талап етілетін фракцияға дейін үгіту процесін жүргізу, механикаландырған жолмен оны таратқыш бункерге беру;

рецептураға сәйкес негізгі компоненттерді мөлшерлеу және оларды араластырғыштарға тиу;

негізгі тораптар мен араластырғыш агрегаттар механизмдерінің дұрыстығын тексеру.

308. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

шпон қалдықтарын үгіту тәсілдері;

компоненттерді мөлшерлеу және араластырғыштарға тиу ережесі;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының міндепті.

Параграф 2. Араластырғыш агрегаттың машинисі, 5-разряд

309. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті машинисін басшылығымен жонқаларды, қиқымдарды, талшықтарды шайырландыру және компоненттер мен жұмыс қоспаларын дайындау процесін жүргізу;

қиқымдары, талшықтарды, жонқаларды, шайыр мен қосымшаларды мөлшерлеу;

кептірғыштердің қабылдағыш бункеріне сіндірілген шпонды беру;

белгіленген режимге сәйкес кептіру, температура мен ылғалдылықты түзету процесін жүргізу;

сынамаларды іріктеу;

компоненттердің белгіленген концентрациясын сақтау;

тасымалдағыш құрылғыларды басқару;

араластырғыш агрегаттың жұмыс істеу журналын жүргізу;

жабдықты жөндеуге және баптауға қатысу.

310. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

сүрек қиқымдары мен жонқаларын шайырландырудың технологиялық процесі;

қоспаны дайындау рецептері, сүректі және талшықты массаға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

шикізат пен материалдарды шығындау нормалары;

брактың пайда болу себептері және оның алдын алу шаралары.

Параграф 3. Араластырғыш агрегаттың машинисі, 6-разряд

311. Жұмыс сипаттамасы:

жоңқаны шайырландыру және цементті-жоңқалы массаны дайындау процесін жүргізу;

сапалы тозандату үшін форсункаларды реттеу;

жоңқаның, цементті-жоңқалы және талшықты массаның ылғалдылығын және шайырлау сапасын айқындау;

жоңқаларды діріл ұстеліне беру, тегістеу және минерализатормен бір қалыпты ылғалдау, цементпен тозандыру және араластырғыш барабанда араластыру;

араластырғыш барабанды баптау.

312. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшелігі және баптау ережесі;

цементті-жоңқалы және талшықты массаны дайындау ережесі;

плиталардың қатаю жылдамдығы;

сүректі және талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесі.

36. Жоғары жиілікті қондырғылардың операторы

Параграф 1. Жоғары жиілікті қондырғылардың операторы, 6-разряд

313. Жұмыс сипаттамасы:

қондырғылардағы жоғары жиілікті токтардың өрісінде шайырланған жоңқалы шатырды қыздыру процестерін жүргізу;

аспаптардың көрсеткіші бойынша жоңқалы шатырды қыздыру режимін бақылау және берілген режимнен ауытқуларды жою;

плиталардың қалыңдығына және генераторлардағы токтың кернеулігіне байланысты қыздыру режимін реттеу;

қондырғылардың техникалық кінәрattарын жою және алдын ала жөндеуге қатысу.

314. Білуге тиіс:

жоғары жиілікті қондырғылардың құрылғысы;

желілерді жағу және сөндіру жүйелігі;

сигнал беру ережесі;

бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті және қолдану ережесі;

жоңқалы шатырдың сапасына қойылатын талаптар;

жоғары жиілікті қондырғыларды реттеу тәртібі мен тәсілдері;

электр техника негіздері.

37. Инерциялы сепараторлардың операторы

Параграф 1. Инерциялы сепараторлардың операторы, 5-разряд

315. Жұмыс сипаттамасы:

автоматтық режимде фракциялар бойынша жонқаларды бөлеудін инерциялы сепараторды пультпен аралық басқару;

фракциялық құрам және сапа бойынша жонқалардың тиелуін және іріктеуді реттеу;

жонқаның технологиялық шарт бойынша талап етілетін сапасын қамтамасыз ету;

сепараторлардың, тасымалдағыш пен көлік құрылғыларының жұмысын және техникалық жағдайын бақылау.

316. Білуге тиіс:

сепараторлардың және жонқаларды беретін тасымалдағыш құралдың құрылғысы;

өзара әрекеті және пайдалану тәртібі;

түрлі ағынның жонқаларына қойылатын техникалық шарттар;

жабдықты реттеу және кінәраттарды жою әдісі;

сигнал бері және пультты басқару схемасы;

талшықты шаң-тозаңдан және талшықты қоспалардан тазалау, талшықты кептіру және пневмосұрыптауда басқару пультинаң технологиялық жабдықтарды, көтергіш көлік механизмдерін аралық басқару бойынша жұмыстарды орындаған кезде - 4-разряд.

38. Қалыптастырушы машинаның операторы

Параграф 1. Қалыптастырушы машинаның операторы, 4-разряд

317. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті оператордың басшылығымен цементті-жонқалы және ағаш жонқалы, талшықты плиталарды қалыптастыру процесін жүргізу;

сыртқы түрі бойынша қоспа сапасын айқындау;

қабаттың қалындығын және табандыққа арналған талшықты жабынның бірқалыпты төселеуді бақылау;

жартылай автоматты желілерге және жабдықты жөндеуге қатысу.

318. Білуге тиіс:

тасымалдағыштарды, рольгангтарды және араластырғыш агрегаттарды басқару ережесі;

жартылай автоматты желілерде қолданылатын сигнал бергіштерді, массаның сапасына қойылатын талаптар және шығарылатын плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар.

Параграф 2. Қалыптастырушы машинаның операторы, 5-разряд

319. Жұмыс сипаттамасы:

көп камералы формалаушы машинада құрғақ тәсілмен, табандықтарда ағаш талшықты және талшықты жабындарды талап етілетін қалындықта және

тығыздықта формалау және берілген өлшемдерге ені және ұзындығы бойынша кесу процесін жүргізу;

талышықты мөлшерлегіш бункерлерден формалаушы машиналарға мөлшерлеп беру;

мөлшерлегіштер мен формалаушы машиналарды қосу және тоқтату;

жабынды формалау процесін реттеу;

рециркуляциялық ауаны тазалау қондырғысына қызмет көрсету;

мөлшерлегіш бункерлердің, төсегіш станциялар мен формалаушы машиналардың дұрыс пайдаланылуын бақылау;

жабдық жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою;

жабдықтың жөндеуге, торларды, дискілі пышақтар мен араларды ауыстыруға қатысу.

320. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

әртүрлі плиталар үшін сүректі және талышықты жабындарды формалаудың технологиялық процесі мен режимі;

машина мен қабылдағыш тасымалдағыштар тораптарының үйлесімді қозғалысын реттеу әдісі мен тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптары және олардың міндегі;

ағаш талышықты және талышықты жабындарға қойылатын техникалық талаптар ;

ағаш талышықты және талышықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

техникалық брактың түрлері, оның пайда болу себептері және жою тәсілі;

ұсақ кінәраттарды жою ережесі және жабдықты жөндеуге қатысу.

Параграф 3. Қалыптастырушы машинаның операторы, 6-разряд

321. Жұмыс сипаттамасы:

формалаушы машинада цементті-жонқалы және талышықты жабындарды формалау процесін жүргізу;

жартылай желіні басқару және дұрыс пайдаланылуын қадағалау;

формалаушы және қыздырушы агрегаттарға қызмет көрсететін бригаданы басқару;

себетін машиналарды толтыру, конвейерде, табандықтарда жабындарды формалау, жонқа дестелерін дайындау және оларды тасымалдау;

машинаны жұмысқа дайындау және машиналарды қосу;

аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау;

формалаушы машинаны баптау;

жабдықтың жұмысындағы кінәраттарды жою және оны жөндеуге қатысу.

322. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

желілерді қосу және сөндіру жүйелілігі;

сигнал беру схемасы, желіні жұмысқа дайындау тәртібі;

цементті-жонқалы және талшықты плиталарға қойылатын техникалық шарттар;

қалындығы мен қатпарлығына қарай әртүрлі плиталар үшін жабындарды формалау режимі.

39. Сұрек және талшық плиталары өндірісіндегі орталық басқару пультінің операторы

Параграф 1. Сұрек және талшық плиталары өндірісіндегі орталық басқару пультінің операторы 5-разряд

323. Жұмыс сипаттамасы:

сұрек және талшық плиталары өндірісіндегі технологиялық жабдықтардың барлық кешенін аралық басқару;

түрлі бөлімшелердің (араластырғыш, плита формалаушы және тағы да басқа) жұмысын басқару;

технологиялық желіні басқару механизмі мен жүйесінің жұмысын бақылау; технологиялық ақауларды жою және жабдықты жөндеуге қатысу.

324. Білуге тиіс:

басқару пультінің құрылғысы;

байланыс және сигнал беру жүйесі;

пульттан басқарылатын жабдықтардың жұмыс істеу принципі және режимі;

плита өндірісінің технологиялық процесі және технологиялық операцияларды орындау жүйелігі;

жабдықтың электрлік және кинематикалық схемалары;

қызмет көрсететін жабдықты баптау ережесі;

жонқа өндірісі бойынша жабдықта пышақ дисқілерін ауыстыру тәсілі.

40. Сұрек және талшық плиталарды престеуші

Параграф 1. Сұрек және талшық плиталарды престеуші, 3-разряд

325. Жұмыс сипаттамасы:

сұрек жонқасы мен цементті араластырғыш агрегатқа мөлшерлеп беру;

мөлшерлегіштердің жұмысын реттеу;

тасымалдағыштарды және басқа да пресс жанындағы механиканы басқару;

торларды жинау және көлік табақтарынан түсіру;

престің қыздырылған плиталарын тазалау;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

326. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар және торларға қойылатын техникалық шарттар;

араластырыш агрегатқа жонқа мен цементті мөлшерлеу тәсілі;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою ережесі.

Параграф 2. Сүрек және талшық плиталарды престеуші, 4-разряд

327. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары престеушінің басшылығымен престерде цементті-жонқалы, ағаш жонқалы және талшықты плиталарды сұықтай престеу;

плиталар мен төсемдерді престерге тиеу;

конвейерлердің және төсемдерге арналған түсіру үстелінің жұмысын бақылау

;

тізбекті тасымалдағыштарды, рольгангтарды басқару және олардың жұмысын бақылау;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу.

328. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

плиталарға қойылатын техникалық шарттар;

плиталардағы ақаулардың түрі және оның алдын алу тәсілдері;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеуге қатысу ережесі.

Параграф 3. Сүрек және талшық плиталарды престеуші, 5-разряд

329. Жұмыс сипаттамасы:

престерде цементті-жонқалы, ағаш жонқалы және талшықты плиталарды сұықтай престеу процесін жүргізу;

жоғары білікті престеушінің басшылығымен ағаш жонқалы, ағаш талшықты және талшықты плиталарды ыстықтау престеу;

үйілген жабындарды престеу;

плиталарды престерге тиеуді және престен түсіруді бақылау;

шығарылатын плиталардың сыртқы түрі бойынша сапасын айқындау;

желі механизмдерін бақылау.

330. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері;

плиталарды формалау және престеудің технологиялық процесі;

плиталардың сапасына қойылатын талаптар, жабынды престеу тәсілі.

Параграф 4. Сүрек және талшық плиталарды престеуші, 6-разряд

331. Жұмыс сипаттамасы:

басқару пультынан әртүрлі типтегі үздіксіз және кезеңмен жұмыс істейтін престерде ағаш жонқалы, ағаш талшықты және талшық плиталарды ыстықтай престеу және қаптау процесін жүргізу;

престеу режимін тандау;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша престегі қысым мен температуралы бақылау;

шығарылатын плиталардың сапасын бақылау;

келіп түсетін дымқыл төсемдердің, жонқалы және талшық жабындар мен плиталардың және қаптау материалдарының сапасын бақылау;

жабдық жұмысының үйлесімділігін қамтамасыз ету;

қызмет көрсететін жабдықты баптау;

престеудің технологиялық режимдерін жазу журналын жүргізу.

332. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың кинематикалық схемасы және баптау ережесі;

әртүрлі плиталарды престеу және қаптаудың технологиялық процесі және престеу режимі;

жасалатын плиталар мен қаптау материалдарына қойылатын техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

плиталардағы ақаудың түрлері және олардың алдын алу тәсілдері;

журналда жазудың ережесі.

41. Сұректі тартуши

Параграф 1. Сұректі тартуши, 3-разряд

333. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті тартушының басшылығымен бапталған жабдықта жаңқаларды тарту;

тартқыш жабдықты қосу және тоқтату;

жаңқалардың түсіргіш құйғыштарға бірқалыпты келіп түсін және массаның сапасын бақылау;

жаңқаларды жуу процесін жүргізу.

334. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

талшықты массаның сапасына қойылатын талаптар;

жабдықты қосу және тоқтату тәртібі;

бақылау-өлшеу аппаратурының міндеті.

Параграф 2. Сұректі тартуши, 4-разряд

335. Жұмыс сипаттамасы:

жаңқаға сіндіру, сығу және тарту процесін жүргізу;

қалдықтарды қойылтуға және тазалауға арналған қондырғыларға қызмет көрсету;

жабдықтың жұмысындағы ақауларды жою.

336. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы:

жаңқаларды тарту тәсілдері;
жабдықтың жұмысындағы кінәраттарды жою тәсілі;
жабдықтың жұмысы істеу режимі;
бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесі.

Параграф 3. Сүректі тартушы, 5-разряд

337. Жұмыс сипаттамасы:

жаңқаларды сүрек массасына айналу процесін жүргізу;
массалы сорғыларға және айналма су сорғыларына қызмет көрсету;
жаңқа мен массаның бірқалыпты келіп түсуін, будың параметрлерін, электр қозғалтқыштардың жүктемесін, сондай-ақ майлау және салқыннатқыш құрылғылар мен бақылау-өлшеу аппаратурасының жұмысын бақылау;
массаның тапа етілетін сапасын және оны тартудың берілген дәрежесін алу;
циклондардан шығатын талшықты масса концентрациясының дәрежесін реттеу;
массалық бассейндердің толуын және сорғыш шаруашылықтың жұмысын бақылау;
жабдықтың тиімді жұмыс режимін ұстау, тартқыш дискілерді ауыстыруға қатысу.

338. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері;
жабдықтың тиімді жұмыс режимдері;
масса концентрациясын реттеу тәсілдері;
ағаш талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар.

42. Қалып бұзушы

Параграф 1. Қалып бұзушы, 2-разряд

339. Жұмыс сипаттамасы:

конвейер бойынша үздіксіз қозғалып келе жатқан табандықтарға немесе формаға концентрация массасына қарай белгілі қалындыққа цементті-жоңқалы массаны тегістеу және жинау;

шөркелерді толтыру және формалардың периметрі бойынша массаны тығыздау;

шөрке төсөлген плиталарды тұту камерасын және формаларды немесе табандықтарды беретін тасымалдағыштардың жұмысын бақылау.

340. Білуге тиіс:

массаны жинау, дестелерді қалыптастыру және шөркелерді нығыздау әдісі мен амалдары;

плиталарға қойылатын талаптар;

жоңқа массасының сапасына қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Қалып бұзушы, 3-разряд

341. Жұмыс сипаттамасы:

цементі-жоңқалы плиталардың дестелерін тартымдарын босату, босатылған дестені гидро үстелге беру, гидро үстелдің деңгейін реттеу, жылжымаларды, борт жабдықтар мен табандықтарды түсіре отырып, пакеттерді бөлшектеу;

плиталарды периметрі бойынша кесуге беру;

престен жоңқалы-шайыр массалы дестелерді үстелге беру;

пакеттерді пуансондар мен матрицалардан босату;

ыстық преске беру үшін дайындалған дестелері бар пресс-формаларды тізбекті тасымалдағышқа орнату;

ыстықтай престеуден кейін плиталарды табандықтардан түсіру, механизмдер мен аспаптардың көмегімен плиталарды сұрыптау және жинау;

престерден босатылған табандықтарды тасымалдағыштарға жинау және оларды тиуе арқылы беру;

табандықтарды бас конвейерге беру;

табандықтарды майлау, бөлшектеу;

гидро үстелді және гидро жүйелерді толуын қарау.

342. Білуге тиіс:

гидро үстел мен механизмдердің құрылғысы және қызмет көрсету ережесі;

табандықтардан плиталарды түсіру;

гидро үстелдің деңгейін реттеу тәсілдері;

жылжымаларды, табандықтар мен борт жабдықтарды түсіру ережесі;

гидро жүйелерді толтыру тәртібі;

плиталарды қатарлау тәсілі;

гидро жүйеге арналған толтыру материалдарының түрлері мен сапасы;

парафинді шығындау нормалары.

Параграф 3. Қалып бұзуши, 4-разряд

343. Жұмыс сипаттамасы:

плиталарды формалардан ажырату, кесу, шөркө төсеу және плиталарды дестелерге жинау процесін жүргізу;

пульттан конвейерді және қызмет көрсететін жабдықты басқару;

араларды орнату;

табандықтарды автоматты толтырғыштар мен тасымалдағыштардың жұмысын басқару, табандықтардың толтырғыштарға үзбей берілуін және оларды өндіріске берілуін қадағалау;

табандықтарды майлау механизмдерін қосу және сөндіру, оның жұмысын қадағалау, табандықтарды түзету;

ақау табандықтарды тасымалдағыштан алып тастау;

қызмет көрсететін жабдықты баптау және оның жұмысындағы ұсақ кінәрреттарды жою.

344. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және міндеті;

плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

плиталардағы ақаудың түрлері, пайда болу себебі және оның алдын алу тәсілдері;

араларды орнату тәсілдері және жабдықты баптау.

43. Ағаш талшықты плиталарды термоөндідеуші

Параграф 1. Ағаш талшықты плиталарды термоөндідеуші, 4-разряд

345. Жұмыс сипаттамасы:

дайын ағаш талшықты плиталарды камералық қондырғыларда берілген режим бойынша қыздыру, ылғалдау және салқынданту;

жабдықтың және бақылау-өлшеу аппараттарының жұмысын бақылау;

өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою. Журналға жазу.

346. Білуге тиіс:

қыздыру камераларының, ылғалдатқыш және салқынданатқыш қондырғылардың, өлшегіш және реттегіш аспаптардың құрылғысы;

плиталарды термоөндідеу режимдер;

қатты және аса қатты ағаш талшықты плиталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

қыздыру камераларын пайдалану бойынша өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережесі.

5-бөлім. Фанера өндірісі

44. Бакелитті пленка өндірісінің аппаратшысы

Параграф 1. Бакелитті пленка өндірісінің аппаратшысы, 3-разряд

347. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті аппаратшының басшылығымен пленканы орнаға орап, сіндіргіш-кептіргіш арнайы көлденен агрегатта бакелитті пленканы жасаудың технологиялық процесі;

агрегатқа қағаз орамаларын орнату және толтыру, бакелитті пленка орамаларын таразылау, таңбалалау және арнайы су өткізбейтін материалдармен буып-түю;

мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес талап етілетін маркада бакелитті пленка жасайтын агрегатты баптауға қатысу.

348. Білуге тиіс:

сіндіргіш-кептіргіш агрегат пен орағыш аспаптың құрылғысы;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары;

пленканы орамаларға орау ережесі;
брак түрлері және оны жою тәсілдері.

Параграф 2. Бакелитті пленка өндірісінің аппаратшысы, 4-разряд

349. Жұмыс сипаттамасы:

сіндіргіш-кептіргіш арнайы көлденең агрегатта бакелитті пленканы жасаудың процесін жүргізу;

қағазға шайыр жағудың шамасын, кептіру температурасын және пленка лентасының қозғалу жылдамдығын реттеу;

зертханалық сынақтарға бакелитті лак, шайыр және дайын пленка сынамасын алу;

бакелитті пленка жасаудың процесін бақылау;

талап етілетін маркада бакелитті пленка жасау бойынша қызмет көрсететін агрегатты баптау.

350. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

шайыр мен лак рецептурасы және созылымдылығы;

пленкаға сіндіру және кептіру режимі;

қағазға, бакелитті пленкаға, шайырға, лакқа қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық талаптар;

шығарылатын пленкаға арналған техникалық параметрлерді сақтау ережесі.

45. Синтетикалық жабысқақ шайыр өндіру жөніндегі аппаратшы

Параграф 1. Синтетикалық жабысқақ шайыр өндіру жөніндегі аппаратшы, 3-разряд

351. Жұмыс сипаттамасы:

балқытқыштарда фенол мен формалинді балқыту;

негізгі шикізатты балқытқыштарға беретін тасымалдағыштарды басқару;

шайырдың рецептурасына сәйкес негізгі шикізат пен химикаттарды мөлшерлеу, көлік құралдарының көмегімен немесе қолмен оларды реакторларға тиеу;

құбырлардың, көлік құралдарының, балқытқыштар мен өлшегіштердің дұрыстығын тексеру.

352. Білуге тиіс:

құбырлардың, өлшегіштердің, балқытқыштар мен көлік құрылғыларының құрылғысы;

балқытқыштарда фенолды балқыту шарты;

негізгі шикізатқа қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

келіп түсетін негізгі шикізатты талдау әдісі;

оның сапасы, шикізатты сақтау, оны тасымалдау және тиесінде ережесі.

Параграф 2. Синтетикалық жабысқақ шайыр өндіру жөніндегі аппаратшы, 4-разряд

353. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті аппаратшының басшылығымен түрлі мақсатта арналған жабысқақ синтетикалық шайырларды дайындау процесін жүргізу;

негізгі шикізат (материалдар) сапасын мемлекеттік стандартқа сәйкестігін тексеру;

реактордың өндірістік тиелуін шайыр маркасы бойынша есептеу;

конденсация процесін бақылау;

реакциялық қоспалар мен дайын өнім химикаттарының сынамаларын іріктеу.

354. Білуге тиіс:

реакторлардың құрылғысы, синтетикалық жабысқақ шайырды дайындау рецептурасы;

реакторлардың өндірістік тиімділігін есептеу әдісі;

дайын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;

химиялық талдауларға сынамаларды іріктеу тәсілдері;

бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесі;

механизмдердің көмегімен химикаттарды көшіру ережесі.

Параграф 3. Синтетикалық жабысқақ шайыр өндіру жөніндегі аппаратшы, 5-разряд

355. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі мақсатқа арналған синтетикалық жабысқақ шайырды дайындау процесін жүргізу;

шайырдың конденсациясы және оны вакуумды кептіру;

тиегіш құрылғылардың көмегімен шайырды карбамидпен деконденсациялау;

ректорларға негізгі шикізатты (формалинді, карбамидті, азы натрмен, аммиакпен, техникалық сүмен және тағы да басқа);

шайырды төгу және сұзу;

қызмет көрсететін жабдықтың ұсақ кінәраттарын жою;

жұмыс журналында жазбалар жүргізу;

өндіріске дайын шайырларды жіберу.

356. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың және тиегіш құрылғылардың конструкциясы;

шайырды конденсациялау және деконденсациялау режимдері;

фенол мен формалинді балқыту шарттары;

шайыр қайнату әдістері мен режимі, шайырды вакуумда кептіру тәсілдері;

дайын шайырды талдау әдістері;

өндіріске дайын шайырды жіберу және тасымалдау ережесі.

46. Гидравликалық процестің вентилшісі

Параграф 1. Гидравликалық процестің вентилшісі, 4-разряд

357. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті гидравликалық престердің вентилшісінің басшылығымен гидравликалық желімдеу престерінде фанераны ыстықтай желімдеу процесін жүргізу;

шпон дестелері стоп механикалық орнату және престеу;

пресс плитасының қуаты 3 МН дейін және алаңы 5 квадрат метр (бұдан әрі – m^2) дейін гидравликалық престерге қызмет көрсету;

престелген дестелерді түсіру және оларды тиегіш құрылғыларға әрі гидравликалық көп қабатты этажеркаларға беру.

358. Білуге тиіс:

гидравликалық престердің құрылғысы және негізгі бөліктерінің міндеті;

технология бойынша талап етілетін үлес салмақ шамасы;

бақылау-өлшеу аспаптары, қолданылатын желімдер;

фанераны престеу және шпон дестелері стоп престеу технологиясы;

прессті тиесу және түсіру амалдары.

Параграф 2. Гидравликалық процестің вентилшісі, 5-й разряд

359. Жұмыс сипаттамасы:

гидравликалық желімдеу престерінде барлық фанераны, майыстырып жабыстырылған (майыстырып жабыстырып алу) бөлшектерді, плиталарды, суректі қатпарлы пластиктерді, бакелиттеген, ламинатталған фанераны және барлық фанералы өнімді ыстықтай желімдеу процесін жүргізу;

престерді тиесу және түсіру;

пресс плитасының қуаты 3-тен 20 МН дейін және алаңы 5 m^2 дейін гидравликалық престерге қызмет көрсету;

желімдеулердің ақауларын айқындау және олардың пайда болу себептерін жою;

журналда жазба жүргізу.

360. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструкциялық ерекшеліктері;

престер желілерін қосу және басқару тәртібі;

амалдары, желілердің жекелеген тораптарының өзара әрекеті;

желімдеу тәсілдері мен режимдері;

желімдеу ақаулары, оның пайда болу себептері және оны жою тәсілдері;

қолданылатын желімдер мен желімдеу технологиясы;

өнімдерге және қолданылатын материалдарына қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар.

Параграф 3. Гидравликалық процестің вентилшісі, 6-й разряд

361. Жұмыс сипаттамасы:

гидравликалық желімдеу престерінде сүректі қатпарлы пластиктерді ыстықтай желімдеу процесін жүргізу;

көп қабатты престерді тиесінде жүргізу;

пресс плитасының қуаты 20 МН артық және алаңы 5 м² желімдеу престерге қызмет көрсету және басқару;

сүректі қатпарлы пластиктардың сапасын көзбен айқындау;

техникалық брактың пайда болуын анықтау және себептерін жою;

журналда ауысым жазбаларын жүргізу.

362. Білуге тиіс:

қызмет көрсету престерінің кинематикалық және гидравликалық схемасы;

желімдеу тәсілдері және режимдері;

бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесі;

сүректі қатпарлы пластикаларды желімдеудің технологиялық процесі;

қолданылатын желімдер;

дайын пластикаларға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар.

47. Шпонды аршуши

Параграф 1. Шпонды аршуши, 3-разряд

363. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті аршушиның басшылығымен ұзындығы 1,2 м дейін пышағы бар бапталған станокта одақ ішінде пайдаланылатын фанералардың өндірісі үшін шпонды аршуға қатысу;

аршитын пышақты және қысқыш сыйғышты ауыстыру;

жұмыс орнын тазалау.

364. Білуге тиіс:

аршитын станоктың жұмыс істеу принципі;

станок жанындағы жабдықтың жұмыс істеу режимі;

аршитын станокты ауыстыру және орнату тәсілдері.

Параграф 2. Шпонды аршуши, 4-разряд

365. Жұмыс сипаттамасы:

1,2 м дейін пышағы бар аршитын станоктарда одақ ішінде пайдаланылатын фанералардың және доњего шырпы шпонның өндірісі үшін шпонды аршу процесін жүргізу;

шырпы шпонын белгілі ұзындықта ленталарын керу және тарту әрі оларды стоп жинау;

шпон ленталарын алдын ала сұрыптау, шпонның ең жоғары шығуын қамтамасыз ету, шпон қалдықтарын жинау;

жоғары білікті аршушының басшылығымен 1,2 м артық пышағы бар станоктарда одақ ішінде пайдаланылатын фанералардың және кесінді ағаштарды цилиндрлеуге арналған шпонды аршуға қатысу;

орталықтан тиеуші құрылғыларда жинақтаушы тасымалдағыштардан кесінді ағаштарды беру;

станокты реттеуге қатысу;

аршитын пышақ пен қысатын сыйзышты ауыстыру және түзеу.

366. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың құрылғысы;

аршитын пышақтар мен қысқыш сыйзыштарға қойылатын техникалық талаптар;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының;

аспаптардың құрылғысы және оларды пайдалану амалдары;

сүректің тұқымдары мен ақауларды.

Параграф 3. Шпонды аршушы, 5-разряд

367. Жұмыс сипаттамасы:

ұзындығы 1,2 м артық пышағы бар әр түрлі жүйелі станоктарда одақ ішінде қолданатын фанерді өндіру және кесінді ағаштарды цилиндрлеу үшін сіріңкелі шырпылы шпон мен шпонды аршу процесін жүргізу;

кесінді ағаштарды орталықтау;

аршу процесінде станокты баптау және реттеу;

орталықтау құрылғыларын кесінді ағаштарды орталықтау дәлдігіне тексеру;

аршу станоктарын аршудың түрлі режиміне қосу;

кесінді ағаштарды цилиндрлеу кезінде сапалы кесекті шпонның шығуын қамтамасыз ету;

жоғары білікті аршушының басшылығымен ұзындығы 1,2 м артық пышағы бар әр түрлі станоктарда әуе фанерасы, экспорттық фанера және арнайы мақсаттағы фанера өндірісіне арналған шпонды аршуға қатысу;

станоктың жұмыс істеу жағдайын бақылау;

күрделі емес техникалық ақаулықтарды анықтау және жою.

368. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктардың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

кесінді ағашты аршудың технологиялық процесі;

орталықтау құрылғыларын кесінді ағаштарды дәл өңдеуін тексеру тәсілдері;

аршылған шпонға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

сүректің тұқымына және шпон қалындығына қарай кептіру және престеу әдіптері;

аршу ақаулары және оларды жою тәсілдері.

Параграф 4. Шпонды аршушы, 6-разряд

369. Жұмыс сипаттамасы:

аршылатын кесінді ағаштың сапасын алдын ала бағалап және біршама пайдалы шығымын қамтамасыз етіп, ұзындығы 1,2 м артық пышағы бар әр түрлі жүйедегі аршу станоктарында сіріңкелі шырпылы және қорапты шпонды, сондай-ақ әуе фанерасы, экспортты фанера, арнайы мақсаттағы фанера өндірісіне арналған шпонды аршу және кесінді ағаштарды цилиндрлеу процесін жүргізу;

әр түрлі мақсатқа арналған сапалы шпонды алу үшін аршу режимін таңдау;

шпонды алдын ала сұрыптау;

пышақтарды сапасын тексеру;

аршу бригадасын басқару;

қызмет көрсететін жабдықтарын жөндеуге қатысу.

370. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың және станок жанындағы механиканың кинематикасы;

аршу-жабу желісіндегі құрылғылардың және қосымша жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктері;

сүректің тұқымы мен шпонның қалындығына қарай станоктарда баптау кезінде қажетті техникалық есептеулерді орындау әдісі;

пышақтар сапасының шпон кесу тазалығына және беру жылдамдығына әсері; іскер шпонның айрықшалықтары және шығуы құнының көрсеткіштері; қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы кінәраттарды жою.

48. Шпон және фанера жөндеуші

Параграф 1. Шпон және фанера жөндеуші, 2-разряд

371. Жұмыс сипаттамасы:

шпондағы, фанерадағы, фанера құбырлары мен муфталардағы ақау жерлерін жөндеу, оларды жою және қолмен жақсы сүрекпен алмастыру;

салмаларды шабуға арналған жөндеу жолақтарын дайындау және тасу;

шпон, фанера табақтарына, фанера құбырлары мен муфталарға арналған салмаларды түсі, құрылымы және ылғалдылығы бойынша іріктеу.

372. Білуге тиіс:

шпон мен фанераны, фанера құбырлары мен муфталарды жөндеу тәртібі және амалдары;

жолақтарды дайындау тәсілдері және олардың мөлшері;

акау жерлерге арналған тиісті салмаларды іріктеу.

Параграф 2. Шпон және фанера жөндеуші, 3-разряд

373. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі жөндеу станоктарында және қолмен одақ ішінде қолданылатын шпон мен фанераның ақау жерлерін жөндеу, алып тастау және оларды жаңа сүрекпен алмастыру;

салмаларды шабу үшін жөндеу жолақтарын сұрыптау;

шпон жолақтарын станоктарға толтыру;

шпондағы және фанерадағы бұтанақтар мен тесіктерді өлшемі бойынша іріктелген салмалармен бітеу;

жарықтарды және түсіп қалған салмаларды желімдеу үшін гуммирленген ленталар дайындау;

станокты тазалау, реттеу және майлау;

шпон жолақтарының кесінділерін белгіленген жерге апару.

374. Білуге тиіс:

станоктың жұмыс істеу принципі;

шпон мен фанераны жөндеу тәртібі мен амалдары;

ақау дерлерді бітеу үшін қажетті өлшемде кесінділер мен салмаларды іріктеу;

станокта жұмыс істеудің техникалық ережелері;

одақ ішінде қолданылатын жөнделген өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар.

Параграф 3. Шпон және фанера жөндеуші, 4-разряд

375. Жұмыс сипаттамасы:

ең жоғары айрықша шығымды қамтамасыз ете отырып, әр түрлі жөндеу станоктарында және қолмен экспорттық және арнайы мақсаттағы шпон мен фанерада ақау жерлерін жөндеу, оларды алып тастау және жаңа сүрекпен алмастыру;

шаппалар, салмалар үшін жөндеу жолақтарын текстурасы, қалындығы және ені бойынша сұрыптау;

станок жұмысындағы ақауларды жою;

қызмет көрсететін жабдықты баптау.

376. Білуге тиіс:

сіндіру станогының құрылғысы және баптау ережесі;

сүректің тұқымдары мен ақаулары;

кескіш құралды қайрау тәсілдері, жөндеудің шпон мен фанераның сапалы көрсеткіштеріне әсері;

шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар.

49. Шпонға сіндіруші

Параграф 1. Шпонға сіндіруші, 2-разряд

377. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті сіндірушінің басшылығымен лактар мен шайыр дайындау және сіндіруші ванналарға, машиналар мен аппараттарға құю;
шпонды дайындау, сіндіруге беру және қабылдау;
кассеталарды құрастыру және бөлшектеу;
тельфердің және басқа да механизмдердің көмегімен ванналарды тиесінде түсіру.

378. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;
шпонға сіндірудің технологиялық процесі;
кассеталарды толтыру және босату тәсілдері;
сіндірілетін шпонға қойылатын мемлекеттік стандарттар.

Параграф 2. Шпонға сіндіруші, 3-разряд

379. Жұмыс сипаттамасы:

сіндіру машиналарында, ванналарда, аппараттар мен қондырылғыларда шпонға және сірінке шилеріне сіндіру процесін жүргізу;
берілген рецептура бойынша сіндіргіш ерітінділерді дайындау;
сіндіргіш ерітіндіні берілген концентрацияға және температураға дейін жеткізу;
зертханалық сынақтар үшін сіндіргіш ерітіндіден сынамалар алу және сіндірілген шпоннан және шиден үлгілерді кесіп алу;
сіндіру режимдерін сақтау.

380. Білуге тиіс:

қолданылатын сіндіргіш машинаның, ванналардың, аппараттар мен құрылғылардың конструктивтік ерекшеліктері және құрылғысы;
ерітінді беру жүйесі, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары;
шпонға сіндіру режимдері, сіндіргіш ерітінділердің құрамды бөліктері;
талап етілетін концентрацияға байланысты оларды мөлшерлеу, химикаттарға, шайыр мен ерітінділерге қойылатын мемлекеттік стандарттар және техникалық шарттар;
сірінке шиіне сіндіру режимі.

50. Пленканы пішуші

Параграф 1. Пленканы пішуші, 2-разряд

381. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті пішушінің басшылығымен әр түрлі пленкаларды (бакелитті, карбамидті-меламінді және тағы да басқа) пішуге қатысу;
пленканың ақау жерлерін кесіп тастау және жөндеу;
пленка орамаларын пішу үшін оларды арнайы бөлгіш құрылғыларға орнату және толтыру;
пішілген пленкаларды үйетін жерлерге жинау.

382. Білуге тиіс:

пленканы берілген өлшемдегі табақтарға пішудің технологиялық процесі;

пленка орамасын бөлгіш құрылғыларға орау, пленканың кесілген табақтарын жинау амалдары мен тәсілдері;

қоймадан пленка алудың тәртібі.

Параграф 2. Пленканы пішуші, 3-разряд

383. Жұмыс сипаттамасы:

бакелитті карбамидті-меламинді, қағаз-шайырлы және пленканың басқа да түрлерін арнайы бөлгіш құрылғыларда алдын ала белгілеп және саны мен сорты бойынша барынша көп шығымды қамтамасыз ете отырып, берілген өлшемдегі табақтарға пішу;

пішілген пленканы өлшемі және міндеті бойынша алдын ала сұрыптаپ бөлшектеу;

жөндеуден кейінгі сапасы бойынша пленканы сұрыптау;

пленканың тұсуін және өндіріске берілуін есепке алу;

пленканың үлгілерін зертханалық зерттеулерге іріктеу;

құжаттаманы рәсімдеу.

384. Білуге тиіс:

өнімнің өлшемі мен сорттарының маркалары;

қолданылатын пленкалардың міндеті;

пленкаға қойылатын техникалық шарттар;

пленканы белгілеу және пішу тәсілдері;

пленканың ақаулары, пленканы сақтау ережесі;

пленканы өндіріске беру тәртібі;

пленканы сынау үшін үлгілерді іріктеу тәртібі.

51. Құрастыруышы

Параграф 1. Құрастыруышы, 2-разряд

385. Жұмыс сипаттамасы:

фанера өндірісіне, майыстырып жабыстырылған, фанералы дайындаларға және ағаш плиталарға, сүректі қатпарлы пластиктерге арналған синтетикалық желім жағылған шпон табақтарынан дестелерді, жиналған дестелердің 1 м^2 артық алаңы бар, десте және өзге де фанералы өнім ұзындығы бойынша жинауға қатысу. Жиналған дестелердің 1 м^2 дейін алаңы бар фанералы өнімнің басқа да түрлерін өндіруге арналған шпон дестелерін жинау;

жоғары білікті құрастыруышының басшылығымен фанераны салқыннату үшін арнайы құрылғылар мен механикаландырылған желілерге жинау.

386. Білуге тиіс:

шпон дестелерін құрастырудың технологиялық процесі;

шпонның желім жағылған табақтарын қабылдау және жинау тәртібі; фанераны салқыннату үшін фанераны жинау тәсілдері.

Параграф 2. Құрастырушы, 3-разряд

387. Жұмыс сипаттамасы:

ұзындығы бойынша ұзартпай және жиналған дестелердің 1 m^2 артық алағы бар фанералы өнімдерсіз, фанера, фанералы және ағаш плиталар, майыстырып жабыстырылған дайындалалар, сүректі қатпарлы пластиктер және бакелитті фанера өндірісі үшін шпон дестелерін теру;

шпон табақтарына желім жағатын станоктың көмегімен желім мен шайыры жағу, шпонның жағылған табақтарын қабылдау;

ұзындығы бойынша ұзартпай, шпонның жағылған табақтарынан дестелерді, пленкадағы, қағаздағы, тордағы, матадағы және жоғары сапалы фанераны (экспорттық, әуе және басқа да арнайы өнімдерді) өндіру үшін қолданылатын басқа да материалдағы дестелерді, сондай-ақ теру схемасы бойынша сүректі қатпарлы пластиктер, бакелитті фанера және басқа да арнайы өнімдерге арналған үздіксіз лентаны теруге қатысу;

металл төсемдерін тасу және өндіу;

шпонның, қағаздың, пленканың, тордың және қолданылатын басқа да материалдардың ақауларын өндіу;

шайырлар мен желімді құю, оларды көпірту, қажетті компоненттерді шайыр мен желімге қосу;

шпон бетіне жағылатын желім қабатының шамасын реттеу;

шпон, фанера, сүректі қатпарлы пластиктердің, майыстырып жабыстырылған дайындалардың және тағы да басқа дестелерін тиегіш-түсіргіш көп қабатты этажеркаларға және престерге тиеу және түсіру;

фанераны арнайы құрылғылар мен механикаландырылған желілерде салқыннату;

желім жағатын станоктарды баптау.

388. Білуге тиіс:

желім жағатын станоктардың және олардың аспаптарының құрылғысы және баптау ережесі;

шпонды, қағазды, пленканы, матаны және басқа да материалдарды беру тәсілі ;

желім жағатын станоктар мен аспаптардың жұмысын реттеу;

фанераны салқыннатуға арналған механизмдер мен құрылғылар;

қолданылатын тиегіш-түсіргіш аспаптарды, рольгангтарды, көтерме және айналма үстелдерді пайдалану ережесі;

шпон, фанера және басқа да фанералы арнайы өнімді тиегіш-түсіргіш күрылғыларға және престерге тиеу және түсіру тәсілі;

шпон дестелерін құрастыру схемасы және тәртібі;

шпонға, қағазға және басқа да материалдарға қойылатын техникалық шарттар ;

қолданылатын желім мен шайырдың қасиеті;

шпон дестелерін теру алдында желімдерді дайындау тәсілдері, оларды құю ережесі және реакторда көпірту ережесі.

Параграф 3. Құрастырушы, 4-разряд

389. Жұмыс сипаттамасы:

дайын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес теру схемасы бойынша үлкен форматты фанера, жоғары сапалы фанера (экспорттық, әуе және басқа арнайы өнім), сондай-ақ сүректі қатпарлы пластиктер мен бакелитті фанераға арналған ұзындықта үздіксіз ленталар өндірісіне арналған шпонның жағылған табақтарынан дестелер теру;

пленкадан, қағаздан, тордан, матадан және басқа материалдардан дестелер теру;

пресс плитасының ұзындығына сәйкес дестелерге үздіксіз ленталарды белгілеу;

дестелерді таңбалау.

390. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың күрылғысы;

үлкен форматты фанера, жоғары сапалы фанера (экспорттық, әуе және басқа арнайы өнім), сондай-ақ сүректі қатпарлы пластиктер мен бакелитті фанера өндіруге арналған дестелерді құрастыру схемасы және тәртібі;

пресс плиталарының екі-екіден қабыстырудың электр жүйесі, бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдар мен қүрылғылардың қүрылғысы және қолдану ережесі;

үлкен форматты дестелерді тиегіш-түсіргіш этажеркалардан желімдеуші көп қабатты престерге тиеу және түсіру, орталықтау тәсілдері.

52. Фанера құбырларын құрастырушы

Параграф 1. Фанера құбырларын құрастырушы, 2-разряд

391. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті құрастырушының басшылығымен фанера құбырларын құрастыруға қатысу;

құбырларды желімдеу камерасына тиеу;

құбырларды желімдеу камерасынан түсіру және оларды қатарлап жинау.

392. Білуге тиіс:

желімдеу камерасының жұмыс істеу принциптері;

жасалатын құбырларға қойылатын техникалық шарттар;

құбырларды тиесінде жағып және қатарлап жинау.

Параграф 2. Фанера құбырларын құрастыруши, 3-разряд

393. Жұмыс сипаттамасы:

құбыр үзбесінің конустық бетіне желім жағып және винті тартымдардың көмегімен оларға қысым жіберіп, фанералы құбырларды құрастыру; белгіленген рецептура бойынша синтетикалық желім дайындау; желімдеуден кейін винтті тартымдарды тиесінде жағып және қатарлап жинау.

394. Білуге тиіс:

желімдеу камераларының құрылғысы;

құрастыру кезінде қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарды және аспаптарды пайдалану тәртібі;

фанера құбырларының үзбесін құрастыру және сылау тәртібі; синтетикалық желімнің рецептурасы және даярлау тәсілі.

Параграф 3. Фанера құбырларын құрастыруши 4-разряд

395. Жұмыс сипаттамасы:

камераларда фанера құбырларын құрастыру процесін жүргізу; құбыр үзбелерінің өлшеміне қарай құрастыру режимін реттеу; станокта құбыр үзбелерін орау; шыгарылған өнімге есеп жүргізу;

жұмыс процесінде қызмет көрсететін жабдықтардың техникалық кінәраттарын жою.

396. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

құбырларды құрастыру режимінің олардың өлшемі мен міндеттіне тәуелділігі;

фанера құбырларын құрастырудың технологиялық процесі;

қабырғалардың диаметрі мен қалындығына қарай құбырларды сынау әдісі;

желімге қойылатын техникалық шарттар және оның қасиеті;

құбырларға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

бақылау-өлшеу аппаратурасы және құрылғылары.

53. Фанерадан чемодан құрастыруши

Параграф 1. Фанерадан чемодан құрастыруши, 2-разряд

397. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті құрастырушиның басшылығымен конвейерде немесе автоматты станоктарда чемодандарды құрастыру процесіне операциялық қатысу;

чемодандардың бөлшектерін түсі мен текстурасы бойынша іріктеп, өлшемі мен материалдары бойынша жинақтау;

циркульді станоктарда майысқан және желімделген корпустарды салмалар мен қақпақтарға аралау;

рамалар мен қақпақтарды жабыстыру;

әр түрлі қораптарды шегеде, тиектерде және желімде құрастыру;

салмаларды корпустар мен қақпақтарға жабыстыру;

бұрыштамаларды, ілмектерді, құлыптарды, бауларды бекіту;

ағаш рамаларды жасау және орнату;

қақпақтарды ілу, материалды түсі мен текстурасы бойынша іріктең корпустар мен қақпақтарды желімдеу;

құлыптарды тексеру;

ашылып қалған дерматинге немесе қағазға желім жағу;

үтіктің көмегімен чемоданның қақпақтары мен корпустарындағы дерматиннің немесе гранитольдің ақауларын жерлерін кетіру.

398. Білуге тиіс:

жабдықтың, аспаптар мен құралдардың негізгі бөліктерінің құрылғысы;

конвейерде немесе станокта чемодандарды операциялық құрастыру тәсілдері мен амалдары;

чемоданды құрастырудың операциялық ақаулары, олардың дайын өнімнің сапасына әсері, чемодандарды құрастыруға арналған жартылай дайын өнімді өндеудегі ақауларды жою тәсілі.

Параграф 2. Фанерадан чемодан құрастыруши, 3-разряд

399. Жұмыс сипаттамасы:

конвейерде немесе автоматты станоктарда чемодандарды құрастыру процесін жүргізу;

престе чемоданның бөлшектеріндегі әр түрлі тесіктер тесу және оларды булау

;

чемодандардың корпус борттарын құрастырып тігу;

шығарылған өнімге есеп жүргізу журналын бастау.

400. Білуге тиіс:

қолданылатын конвейерлі жабдықтың құрылғысы және оны баптау тәртібі;

дайындаударға, фурнитураға, қосалқы материалдар мен дайын чемодандарға қойылатын техникалық шарттар;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары;

шығарылатын өнімге қойылатын мемлекеттік стандарттар;

конвейерді немесе станокты баптау кезінде - 4-разряд.

54. Фанера құбырларын желімдеуші

Параграф 1. Фанера құбырларын желімдеуші, 3-разряд

401. Жұмыс сипаттамасы:

автоклавтарда берілген режим бойынша қысыммен әр түрлі диаметрлі фанерлі құбырлар мен муфталарды желімдеуге қатысу;

түсіргіш станокта фанера құбырларының үзбелерін оправалардан түсіру; құбырлардың үзбелерін автоклавтарға тиесу; автоклавтарды түсіру.

402. Білуге тиіс:

автоклавтар мен түсіргіш станоктың құрылғысы;

қолданылатын аспаптар мен аппаратуралары, фанерлі құбырлар мен муфталардың үзбелерін желімдеу режимі;

құбырлар мен муфталардың үзбелерін оправалардан түсіру тәсілдері.

Параграф 2. Фанера құбырларын желімдеуші, 4-разряд

403. Жұмыс сипаттамасы:

автоклавтарда берілген режим бойынша қысыммен фанерлі құбырлар мен муфталардың үзбелерін желімдеу процесін жүргізу, құбырлар мен муфталар үзбелерінің қалындығына қарай желімдеу режимін тандау;

автоклавта жұмыс қысымын қосу және бәсендету;

автоклав пен түсіргіш станокты жұмысқа дайындау;

түсіргіш станокты реттеу;

желімдеу сапасын тексеру және сактау;

желімдеу режимін журналға жазу.

404. Білуге тиіс:

автоклав пен түсіргіш станокты жұмысқа дайындаудың сапасын тексеру әдісі

;

қолданылатын желімді балқытудың өлшемдік температурасы;

құбырлар мен муфталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

автоклавтарға бұралған құбырлар мен муфталардың үзбелерін тиесу және түсіру тәсілдері;

қажетті бақылау-өлшеу аспаптары және оларды пайдалану амалдары;

автоклавтарды, түсіргіш станоктарды баптау және оларды жөндеуге қатысу кезінде - 5-разряд.

55. Шпон мен фанераны сұрыптаушы

Параграф 1. Шпон мен фанераны сұрыптаушы, 2-разряд

405. Жұмыс сипаттамасы:

қанталдарды, пішінделген пластикаларды, майыстырып жабыстырылған дайындаударды, фанера құбырларын, чемодандар мен кесекті шпондарды сұрыптау;

сұрыпталатын өнімдерді үйетін жерге тасу және жинау.

406. Білуге тиіс:

сұрыпталатын өнімінің міндеті;
сұрыпталатын өнімінің өлшемі;
сұрыптау амалдары, сұрыпталатын өнімді жинау тәсілдері;
шпонға, дайындаға, фанералы құбырлар мен чемодандарға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Шпон мен фанераны сұрыптаушы, 3-разряд

407. Жұмыс сипаттамасы:

аршылған және сүргіленген шпонды, декоративтік фанераны, сүректі қатпарлы пластикаларды, ішкі нарыққа ұсынылатын телевизорларға және фанера өнімінің басқа да түрлеріне арналған фанераны сұрыптау және таңбалау;

сұрыпталатын өнімнің сапасы туралы аудиосым жазбаларын жүргізу.

408. Білуге тиіс:

сұрыпталатын өнімге қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

сұрыптау әдістері мен ережесі;

өнімнің өлшемі мен сорттары;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары.

Параграф 3. Шпон мен фанераны сұрыптаушы, 4-разряд

409. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті сұрыптаушының басшылығымен әуе және экспорттық аршылған шпон мен фанераны қолданылатын схемаларға сәйкес сүректің ақауы, өндеу ақаулары, қалындығы, сапасы мен міндеті бойынша сұрыптау;

бағалы тұқымды сүргіленген шпонды міндеті мен өлшемі бойынша сұрыптау;

тиісті өлшемдер мен міндеті бойынша сұрыпталатын өнімдерді жиналудың бақылау;

экспорттық фанераны (сыртық және ішкі нарыққа шығарылатын, қайта кесуге жіберілетін фанера) 3 топқа алдын ала сұрыптау;

жіктеуге дайындалатын фанераны сұрыптау;

фанералы ламинатталған плиталарды сұрыптау;

фанерада желімдеу ақауын анықтау;

фанера табақтарының қисықтығын, майысқақтығын, бос бұрыштарын тексеру, қажетті құралдардың көмегімен шалыстау;

фанераның бетіндегі ақауларды қол циклімен немесе қолмен электрофицирлеу құралдармен кетіру;

фанераның ақау жерлерін ажарлау, жарықтары мен бұтанақтарын бітеп;

фанераны ұзындығы мен ені бойынша өлшеу.

410. Білуге тиіс:

әуе және экспорттық шпонға, бағалы тұқымды сүргіленген шпон мен фанераға қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

фанераны өндөуге арналған қолмен электрофицирлеу құралдарының құрылғысы;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптары.

Параграф 4. Шпон мен фанераны сұрыптаушы, 5-разряд

411. Жұмыс сипаттамасы:

әуе және экспорттық шпон мен фанераны, үлкен форматты және түйістірілген шпондарды тұқымдары, форматтары, қалындығы, сыртқы қабат талшықтарының бағыттары, маркалары, сорттары, өндөу түрлері бойынша сұрыптау және маркалау;

шпон мен фанераны механикалық сұрыптағыштарда сұрыптау;

мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес тауарлық шпонды, фанераның, сүректі қатпарлы пластиктердің және басқа да басқа өнімдердің барлық түрлерін өндіру үшін сорттары, қалындығы, өлшемі, текстурасы, түсі және сапасы бойынша жинақтау;

сорттылықты арттыру үшін шпонды жөндеуге іріктеу;

шпонды жөндеу сапасын бақылау;

шпонды жинақтау көлемін және жөндеуді есепке алу;

сұрыпталатын өнімінің сапасы туралы ауысымды есеп жасау.

412. Білуге тиіс:

әуе фанераларына, механикалық сұрыптағыштарға жарық түсіруге арналған камералардың құрылғысы мен жұмыс істеу принципі;

үлкен форматты, түйістірілген шпон мен фанераға, арнайы мақсаттағы фанераға қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

әр түрлі өнімге арналған шпонды жинақтаудың схемасы мен тәртібі;

сұрыпталатын өнім сапасы туралы ауысымды есептері жасау ережесі.

56. Жиектеу-фугалау станогының станокшысы

Параграф 1. Жиектеу-фугалау станогының станокшысы, 2-разряд

413. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті станокшының басшылығымен жиекті фугалау станогында шпонның жиегін фугалау;

шпон бұмасын өлшемі бойынша теру;

шпон бұмасын жиекті фугалау станогына беру;

шпон бұмасын түзету;

шпон жиегіне желім жағу;

фугаланған бұмаларды үйіп қатарлау.

414. Білуге тиіс:

жиекті фугалау станогының жұмыс істеу принципі және жұмыстың негізгі амалдары;

фугалаудан кейін алынатын шпонның өлшемі.

Параграф 2. Жиектеу-фугалау станогының станокшысы, 3-разряд

415. Жұмыс сипаттамасы:

жиекті фугалау станогында аршылған және сүргіленген шпонның жиектерін фугалау;

станокты баптау және кескіш құралды орнату. жұмыс процесінде станокты реттеу.

416. Білуге тиіс:

жиекті фугалау станогының құрылғысы;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдары, станокты баптау ережесі;

шпонға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 3. Жиектеу-фугалау станогының станокшысы, 4-разряд

417. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық шарттарға сәйкес өнімді жасауға жиектерді егелеп, аршылған және сүргіленген шпонның жиектерін фугалау;

шпонның сапасын және ең жоғары шығымын қамтамасыз ету;

фугалау процесінде бумаға шпон табақтарының текстурасын, өлшемін сақтау;

фугаланған шпонның бumasын айрықшалықтары мен міндепті бойынша сұрыптау және жинақтау;

қызмет көрсететін станокты баптау.

418. Білуге тиіс:

жиекті фугалау станогының конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі, оның жұмыс істеу режимі;

пышақтарды орнату дәлдігіне және беріктігіне қойылатын талаптар және пышақтарды қайрау ережесі;

фанераның сапасына және фугалау дәлдігіне қойылатын техникалық шарттар; шпон табақтарының айрықшалықтары және бумаға териу тәртібі.

57. Орамдау станогының станокшысы

Параграф 1. Орамдау станогының станокшысы, 4-разряд

419. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті станокшының басшылығымен орамдау станогында құбырлар мен муфтадардың үзбелерін орамдау;

дайындауданаларды станокқа толтыру, қысылған талшықтардың қызғанын қадағалау;

дайындаудармен оправаларды станоктан түсіру.

420. Білуге тиіс:

орамдау станогының құрылғысы, құбырлар мен муфталарды оправаларға орамдау тәртібі;

құбырлар мен муфталардың үзбелерін, олардың диаметрі мен қалындығына қарай орау режимі;

фанералы құбырларға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Орамдау станогының станокшысы, 5-разряд

421. Жұмыс сипаттамасы:

орамдау станоктарында құбырлар мен муфталардың үзбелерін орау; станокты баптау;

орамдау режимін журналға жазу.

422. Білуге тиіс:

орау станогының конструктивтік ерекшелігі және баптау ережесі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары, орау жылдамдығын қыздыру қуатына және қысылған талшықтардың температурасына қарай реттеу әдісі;

қолданылатын шайырды балқытуудың өлшемдік температурасы, фанералы құбырлары мен муфталарға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар.

58. Қырлап желімдеу станогының станокшысы

Параграф 1. Қырлап желімдеу станогының станокшысы, 2-разряд

423. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті станокшының басшылығымен берілген өлшемдегі табақтарға фуголанған кесекті шпонды жабыстыру;

фуголанған кесекті шпондарды тұстери бойынша іріктеу;

қырлап желімделген кесекті шпондарды станокта қабылдау және толық форматтау үшін қайтару;

шпонның форматты табақтарын үйетін жерге жинау, оларды мемлекеттік стандартқа сәйкес сұрыптау;

жарықтарды гуммирленген ленталарын желімдеу.

424. Білуге тиіс:

фуголанған кесекті шпондарды қырлап желімдеу тәсілдері;

мемлекеттік стандарттарға сәйкес қырлап желімделген шпонның әр сорты үшін шектеу қойылмайтын сұректің ақаулары мен өндеу ақаулары.

Параграф 2. Қырлап желімдеу станогының станокшысы, 3-разряд

425. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі типтік қырлап желімдеу станогында берілген өлшемдегі аралау желісіне қатысты араланатын жиектерді сұрыптап, шпонның фуголанған кесектері мен шабылмаған кесектерін желімдеу;

табақты желімделген жиекке қатысты бұру және оны қайтарма көлікте үйіндіге жинау;

жұмыс бастауға үйіндінің жиналу шамасы бойынша шпонды беру;

пішінделген лентаны (шпонның форматты табағын) шапқыш қайшыларға беру, табақтарды жиектер бойынша шабу және оларды үйіндіге жинау;

станокты баптау;

желім мен желім лентасының сапасын тексеру;

термопластикалық желімді қыздыру температурасын қадағалау;

желім лентасын толтыру және түйіршіктелген термопластикалық желімді ыдысқа себелеу;

желімделетін тігістің қалындығын бақылау;

электр аралар мен электрмен қыздырғыш станоктың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету.

426. Білуге тиіс:

желімдеу режимі, шпонның қалындығына қарай оның өту жылдамдығын, қыздыру температурасын реттеу тәсілі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары;

желімделетін материалдарға (желімдерге, желімдеу ленталарына) қойылатын техникалық шарттар;

өлшегіш қайтарма тасымалдағыштың және шапқыш қайшылардың жұмыс істеу принциптері;

қырлап желімделген шпондарды жабу тәсілдері.

Параграф 3. Қырлап желімдеу станогының станокшысы, 4-разряд

427. Жұмыс сипаттамасы:

экспорттық және үлкен форматты фанералар үшін шпонның фугаланған және шабылмаған кесектерін желімдеу;

өндірілген өнімдердің көлеміне есеп жүргізу;

жұмыс істеу журналын жүргізу;

ұсақ техникалық кінәраттарды жою;

қырлап желімделген станокты баптау.

428. Білуге тиіс:

қырлап желімделетін станоктардың, станок жаңындағы механиканың күрылғысы және оны баптау ережесі;

қырлап желімделген шпондар мен фанераға қойылатын мемлекеттік стандарттар;

қырлап желімдейтін, шапқыш станоктар мен аспаптарды қосу тәртібі мен амалдары.

59. Сұқпалу станогының станокшысы

Параграф 1. Сұқпалу станогының станокшысы, 2-разряд

429. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті станокшының басшылығымен сұқпалау станогында шпон және фанера табактарын сұқпалау;

кескіш құралдың қайралу сапасын тексеру;

материалдың қалындығы мен тұқымына қарай сұқпалау режимін таңдау.

430. Білуге тиіс:

сұқпалау станогының және беріп тұратын механизмдердің жұмыс істеу принципі, шпон мен фанераны сұқпалау режимі;

қолданылатын кескіш және өлшегіш құрал;

сұғылған шпон мен фанераға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Сұқпалау станогының станокшысы, 3-разряд

431. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық шарттарға сәйкес үлкен форматты түйістірілген фанера, фанера құбырлары өндірісі үшін сұқпалау станогында фанераны сұқпалау процесін жүргізу;

түйістірілетін фанераны қалындығы, өлшемі, текстурасы, түсі және тағы да басқа іріктеу.қосатын фаскаларға желім жағып, сұғылған фанераны үйіндіге жинау;

берілген көлемге сәйкес жіңішке плиталардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету. Фанераны сұқпалау көлемін есепке алу;

станоктың жұмысын журналға жазу;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ кінәраттарды жою.

432. Білуге тиіс:

сұқпалау станогының құрылғысы және оны пайдалану ережесі;

өнім өндірісіне қойылатын техникалық шарттар;

жұмыс өндірісінің технологиялық процесі, сұқпалау шпоны мен фанераның сапасын тексеру әдісі;

сұқпалау станогын баптау кезінде - 4-разряд.

60. Кептіруші

Параграф 1. Кептіруші, 2-разряд

433. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті кептірушінің басшылығымен конвейерлер мен камералық кептірғыштерде бакелитті фанераны, фенол шайырындағы суға төзімді фанералар өндірісі үшін жағылған немесе сіндірілген шпонға жағу және кептіру;

синтетикалық шайыр жағылған немесе сіндірілген шпонды кептіру режимін реттеуге қатысу.

434. Білуге тиіс:

кептірғыштер мен желім жақынш станоктардың жұмыс істеу принциптері;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарының міндеті;

жағылған, сіндірілген және кептірілген шпонға қойылатын техникалық талаптар.

Параграф 2. Кептіруші, 3-разряд

435. Жұмыс сипаттамасы:

конвейерлер мен камералық кептіргіштерде бакелитті фанераны, фенол шайырындағы суға төзімді фанералар өндірісі үшін жағылған немесе сіндірілген шпонға жағу және кептіру;

жоғары білікті кептіргіштің басшылығымен сұректі қатпарлы пластиканы өндіру үшін жағылған және кептірілген шпонға жағу және кептіру;

синтетикалық шайырдың сапасын тексеру;

синтетикалық шайыр жағылған немесе сіндірілген шпонды кептіру режимін реттеу.

436. Білуге тиіс:

кептіргіштер мен желім жағатын станоктардың құрылғысы;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарды қолдану ережесі;

жағылған, сіндірілген және кептірілген шпонға қойылатын техникалық талаптар;

жағылған және сіндірілген шпонды кептіру режимі.

Параграф 3. Кептіруші, 4-разряд

437. Жұмыс сипаттамасы:

конвейерлер мен камералық кептіргіштерде сұректі қатпарлы пластиканы, әуе фанерасы мен басқа да арнайы өнімді өндіру үшін жағылған және сіндірілген шпонға жағу және кептіру процесін жүргізу;

синтетикалық шайыр жағылған немесе сіндірілген шпондарды кептіру режимін таңдау;

шпонға жағылатын шайыр қабатының шамасын реттеу;

жағылған және сіндірілген шпонның әбден ылғалданғанын айқындау;

кептіргіш жұмысындағы ұсақ кінәрattарды жою.

438. Білуге тиіс:

әр түрлі типті кептіргіштердің конструктивтік ерекшеліктері;

әр түрлі мақсатқа арналған жағылған немесе сіндірілген синтетикалық шайырды шпонға жағу және кептіру режимдері;

шайырды шпонға жағу тәсілдері;

шпонның бастапқы және соңғы ылғалдылығын айқындау, кептіру сапасының сорттылыққа әсері, кептіргіштердегі шпонның өту жылдамдығын реттеу тәсілдері.

61. Фанера мен шпонды кептіруші

Параграф 1. Фанера мен шпонды кептіруші, 3-разряд

439. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті кептіргіштің басшылығымен қолмен немесе механикалық тиелетін және түсірілетін роликті, камералы және конвейерлі кептіргіштерде аршылған және сұргіленген шпон мен фанераны кептіру процесін жүргізу; кептіргіштерде ақауларды жою.

440. Білуге тиіс:

кептіргіштердің негізгі бөлігінің құрылғысы, жұмыс істеу принципі; кептіргіштердің жұмыс істеу режимі; шпонды тиесінде және түсірілу тәсілдері; ақауларды жою әдістері.

Параграф 2. Фанера мен шпонды кептіруші, 4-разряд

441. Жұмыс сипаттамасы:

роликті кептіргіштерде текстура бойынша бағалы тұқымды сұректің аршылған шпонын, сұргіленген шпонын кептіру процесін жүргізу;

сұректің тұқымына, шпон мен фанераның бастапқы және соңғы ылғалдылығына, олардың қалындығына қарай кептіру режимін тандау;

кептіргіштерде шпонның өту жылдамдығын реттеу;

кептіргіштердің жұмысындағы ұсақ кінәрраттарды жою, шпонның өздігінен жанып кетуін болдырмау;

бу-газ өткізгіш жүйелердің және желдеткіш құрылғыларының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету.

442. Білуге тиіс:

кептіргіштердің, конденсациялық қыштардың, тиегіш-түсіргіш механизмдердің құрылғысы және жұмыс істеу принципі;

кептіргіштердегі ауа қозгалысының жылдамдығы және оның температурасы;

жылдамдықтарды реттегіштердің көмегімен кептіргіштерде шпонның өту жылдамдығын реттеу тәсілі;

өнімнің ылғалдылығын айқындау тәсілі;

кептіру сапасының шпонның сорттылығына әсері.

Параграф 3. Фанера мен шпонды кептіруші, 5-разряд

443. Жұмыс сипаттамасы:

роликтерді шахматты және тор сияқты орналастырып, кептіргіштерде аршылған шпонды табақтарда кептіру процесін жүргізу;

жұмыс алдында кептіргіш аппараттың дұрыстырылған тексеру және оны жұмысқа дайындау;

шпонды кептіру ақауларын айқындау және оларды туғызатын себептерді жою;

кептіргіштерді баптау;

кептіргіштерді алдын ала жөндеуге қатысу;

кептірудің жұмыс журналын жүргізу.

444. Білуге тиіс:

электр блоктау жүйесі, кептіргіштердің кинематикалық схемасы және баптау ережесі;

құрғақ аршылған шпонға қойылатын техникалық талаптар;

шпонның тұқымына, өлшеміне және сапасына, оның бастапқы және соңғы ылғалдылығына қарай режим белгілеу ережесі;

кептіргіштердің жұмысындағы техникалық ақауларды жою тәсілі.

6-бөлім. Жиһаз өндірісі

62. Желім зерін жасау жөніндегі аппаратшы

Параграф 1. Желім зерін жасау жөніндегі аппаратшы, 4-разряд

445. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары жиілікті токтардың қондырғыларында шыны-зерді полиамидті шайырмен сіндіру тәсілімен желім зерін жасаудың технологиялық процесін жүргізу;

желім зерін ұршықтарға орау;

жұмыс алдында аппаратураның дұрыстығын тексеру;

жасалған зердің сапасын бақылау;

дайын желім зеріне есеп жүргізу және қоймаға тапсыру;

жұмыс істеу журналын жүргізу.

446. Білуге тиіс:

жоғары жиілікті ток қондырғылары мен генераторының жұмыс істеу принципі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары;

қолданылатын материалдардың, полиамидті шайырдың, шыны зердің рецептурасы, қасиеті, дайын зерді талдау әдісі;

негізгі шикізатқа және дайын зерге қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар;

зерді фильтрге толтыру ережесі және орағыш құрылғыға қызмет көрсету;

материалдарды шығындау нормалары, дайын зерді қоймаға тасымалдау және сактау ережесі.

63. Қаптау материалдарын сіндіру аппаратшысы

Параграф 1. Қаптау материалдарын сіндіру аппаратшысы, 4-разряд

447. Жұмыс сипаттамасы:

сіндіру-кептіру қондырғыларында табақты қаптау материалдарын сіндіру процесін жүргізу;

шайырды ваннаға құю;

температураны реттеу;

қағаз орамаларды орнату және толтыру;

лента қозғалысының жылдамдығын реттеу, оларды белгіленген өлшем бойынша кесу.

448. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін агрегаттың құрылғысы;

шайырдың рецептурасы және созымдылығы;

температуралық режимді және лента қозғалысының жылдамдығын айқындау тәртібі;

пленка жасау үшін қолданылатын қағаздың сорттары;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарының міндесті.

Параграф 2. Қаптау материалдарын сіндіру аппаратшысы, 5-разряд

449. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті аппаратшының басшылығымен автоматты сіндіргіш желілерде қағазға сіндіру процесін жүргізу;

сіндіргіш материалдарды дайындау және ваннаға тиеу;

сіндіру процесін және температуралық режимді реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты реттеу және жөндеуге қатысу.

450. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

сіндірудің технологиялық режимі;

аспаптардың көрсеткіштері және талдаулар нәтижелері бойынша сіндіру процесін реттеу тәсілі;

дайын өнімге және шикізатқа қойылатын талаптар;

қызмет көрсететін жабдықты жөндеу ережесі.

Параграф 3. Қаптау материалдарын сіндіру аппаратшысы, 6-разряд

451. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты сіндіргіш желілерде қағазға сіндіру процесін жүргізу;

шикізаттың, материалдардың көрсеткішіне және талдау нәтижелеріне қарай қағазға сіндіру процесінің технологиялық параметрлерін түзеу;

сіндіру шайыры мен пленка сынамаларын талдауға іріктеу;

қызмет көрсететін жабдықты баптау;

өндірістік журнал жүргізу.

452. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың конструктивтік ерекшелігі және баптау ережесі;

қаптау материалдарын сіндіру процесінің параметрлерін түзеу тәсілі;

талдауларға сынамаларды іріктеу ережесі;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарының құрылғысы және қолдану ережесі.

64. Жиһаздың декоративтік элементтерін жасаушы

Параграф 1. Жиһаздың декоративтік элементтерін жасаушы, 3-разряд

453. Жұмыс сипаттамасы:

қатты көбікті полиуретаннан жиһаздардың силиконды формалар мен декоративтік элементтерін жасау;

силиконды композиция дайындау;

модельдерді құюға дайындау, антиадгезді жағу;

формаларды преске орнату;

престеу;

бұйымдарды силикон формалардан алу.

454. Білуге тиіс:

қатты көбікті полиуретан жиһаздардың силиконды формалары мен декоративтік элементтерін жасау амалдары;

қолданылатын компоненттердің қасиеті.

Параграф 2. Жиһаздың декоративтік элементтерін жасаушы, 4-разряд

455. Жұмыс сипаттамасы:

қатты көбікті полиуретаннан жиһаздардың силиконды формада декоративтік элементтерін жасау;

көбікті полиуретан композициясының компоненттерін есептеу;

көбікті полиуретан компоненттерін араластыру;

формаларды термостаттау;

бөлшектің бетіне актиадгезив жағу.

456. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

қатты көбікті полиуретаннан жиһаздың декоративтік элементтерін жасау амалдары;

компоненттерді есептеу әдіснамасы;

қысым бойынша формалаудың технологиясы және режимі;

дайын өнімдерге қойылатын техникалық талаптар.

65. Шаблондар жасаушы

Параграф 1. Шаблондар жасаушы, 3-разряд

457. Жұмыс сипаттамасы:

қаптау материалдарын, плиталарды, маталар мен ажарлау төсемдерін пішу және белгілеу үшін қарапайым формада белгілеу шаблондарын жасау;

шаблондар мен құрылғылар жасау үшін айрықшалықтар бойынша материалдар іріктеу.

458. Білуге тиіс:

шаблондар мен құрылғылар жасау кезінде пайдаланылатын сүректің тұқымдары мен ақаулары;

қарапайым ағаш өндеу станоктарында жұмыс істеудің негізгі амалдары.

Параграф 2. Шаблондар жасаушы, 4-разряд

459. Жұмыс сипаттамасы:

бұрама қысқыштары бар позициялы ағаш өндеу станоктары үшін ұлгілер бойынша қарапайым тұра сызықты шаблондар жасау;

шаблондар мен құрылғылардың ұсақ жөндеулері.

460. Білуге тиіс:

сүректің негізгі қасиеті;

шаблон бөлшектерін қолмен және негізгі ағаш өндеу станоктарында өндеу тәсілдері.

Параграф 3. Шаблондар жасаушы, 5-разряд

461. Жұмыс сипаттамасы:

бірнеше бұрама қысқыштары бар күрделілігі орташа шаблондар мен құрылғыларды; бағыттауши сызықтарды, тіректерді, тетік қысқыштарды, бұрыштамаларды және тағы да басқа сызбалар мен ұлгілер бойынша жасау;

тура сызықты бөлшектерді қаптауға арналған күрделі белгілеу шаблондары мен құрылғыларды жасау;

сызбалар мен ұлгілер бойынша қарапайым бөлшектердің эталондарын жасау; шаблондар мен құрылғыларды күрделі жөндеу.

462. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың құрылғысы және баптау ережесі;

шаблондар мен құрылғыларды жасауға қойылатын техникалық шарттар;

кеекіш құралды қайрау және дайындау ережесі;

бақылау-өлшеу құралдарын пайдалану ережесі, жиназ өндірісінің негізгі бөлшектерін жасаудың технологиялық процесі;

қарапайым шаблондар мен құрылғыларды есептеу және конструкциялау әдісі.

Параграф 4. Шаблондар жасаушы, 6-разряд

463. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар және ұлгілер бойынша ағаш өндеу станоктарына арналған күрделі конструкциялы шаблондар мен құрылғыларды; күрделі қисық сызықты бөлшектерге арналған құрылғыларды, күрделі тораптар мен бөлшектердің эталондарын жасау;

сүректен калибрлер, бұрыштамалар және бақылау-өлшеу құралдарын жасау.

464. Білуге тиіс:

калибр конструкциялары;

әр түрлі құрылғыларды, жарақтар мен калибрлерді жасауға қойылатын техникалық шарттар;

шаблондар мен құрылғылардың рационалдық конструкциялары.

66. Жиһаздарды жинақтаушы

Параграф 1. Жиһаздарды жинақтаушы, 2-разряд

465. Жұмыс сипаттамасы:

бөлшектердің қапталмаған келтектерін, жартылай дайын өнімге және фанерадан дайындағаларды өлшемі мен сапасы бойынша жинақтау;

фанерадан жасалған қапталмаған бөлшектерді, дайындағаларды өлшемі мен сапасы бойынша жинақтау;

қапталмаған бөлшектерді, дайындағалар мен фанераны, оларды штабелдерге және стеллажға жинап, сорты, өлшемі, міндегі және басқа да белгілері бойынша бөлшектеу.

466. Білуге тиіс:

жинақталатын келтектердің, жартылай дайын өнімдердің атауы және олардың міндегі;

сүректің тұқымдары және ақаулары;

бөлшектер мен жартылай дайын өнімге қойылатын талаптар, оларды қатарлау тәртібі.

Параграф 2. Жиһаздарды жинақтаушы, 3-разряд

467. Жұмыс сипаттамасы:

жиһаз өндірісінде отыруға және жатуға арналған қажетті бөлшектерді, дайындағаларды, тораптар мен материалдарды жинақтау;

жинақталған бөлшектерді таңбалау;

жинақтауға есеп жүргізу;

аралау материалдарының табиғи кептіруде қатарлау және бөлшектеуді сұрыптау.

468. Білуге тиіс:

отыруға және жатуға арналған жиһаздар өндірісінде қолданылатын тораптардың, бөлшектер мен материалдардың атауы, олардың міндегі, тораптарды;

бөлшектер мен материалдарды жинақтау және есеп жүргізу тәртібі;

тораптарға, бөлшектерге, материалдарға қойылатын техникалық шарттар;

қолданылатын механизмдерді пайдалану ережесі.

Параграф 3. Жиһаздарды жинақтаушы, 4-разряд

469. Жұмыс сипаттамасы:

қапталмаған, келтекті қапталған бөлшектер мен қатты жапырақты тұқымды сүректен жасалған бөлшектерді өлшемі және сапасы бойынша жинақтау;

жинақталған бөлшектерді таңбалау. Жинақтауға есеп жүргізу.

470. Білуге тиіс:

қалқанды қапталмаған бөлшектердің, келтекті қапталған бөлшектердің атауы және олардың міндегі;

бөлшектерді жинақтау және есеп жүргізу ережесі;

жинақталатын бөлшектерге қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 4. Жиһаздарды жинақтаушы, 5-разряд

471. Жұмыс сипаттамасы:

жиһаздың жекелеген бұйымдарын; өндөлген тораптарды, бөлшектер мен қалқанды қапталған өндөлмеген бөлшектерді, сондай-ақ бөлшектелген түрдегі жиһаздарды текстурасы, түсі және сапасы бойынша гарнитураға және жинаққа жинақтау;

өндіру процесінде қапталған және өндөлген бұйымдар мен тораптарды толық жинақтау;

жинақталған бұйымдарды, тораптар мен бөлшектерді таңбалау;

жинақталатын бұйымдардың, тораптар мен бөлшектердің қозғалысына есеп жүргізуі тиісті құжаттармен рәсімдеу.

472. Білуге тиіс:

жиһаздың тораптары мен бұйымдарының айрықшалықтары және техникалық шарттар;

өндеудің түрлері мен тәсілдері;

жинақталатын тораптар мен бұйымдардың сапасына қойылатын талаптар;

бұйымдарды жинақтау және есеп жүргізу ережесі.

67. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші

Параграф 1. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші 2-разряд

473. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен “бойлап” алғашқы қаптамалардың (қабат астын) теріс бетіне арналған сүргіленген, аршылған шпон мен жасанды қаптамалы материалдарын теру және қырлап желімдеу;

оң және теріс қаптамалардың шөркелерін желімдеу.

474. Білуге тиіс:

шпонның тұқымдары бойынша түрлері, оның ақаулары;

сүргіленген және аршылған шпонға қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші, 3-разряд

475. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен және ленталы қырлап желімдейтін станоктарда “бойлап”, “көлбеу” текстурасы және түсі бойынша іріктеп оң беттеріне арналған сүргіленген, аршылған шпон мен жасанды қаптамалы материалдарды теру және қырлап желімдеу;

қызмет көрсететін станокты баптау.

476. Білуге тиіс:

қырлап желімдейтін станоктың жұмыс істеу принципі;

қаптаудың технологиялық процесі, өлшемі және кесінділері бойынша шпонның түрлері;

сүректің ақаулары, қырлап желімдеудің амалдары, шпонды текстурасы мен түсі бойынша іріктеу.

Параграф 3. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші, 4-разряд

477. Жұмыс сипаттамасы:

қырлап желімдейтін лентасыз станоктарда және желім зері бар станоктарда “бойлап”, “көлбеу” оң беттеріне арналған сүргіленген, аршылған шпон мен жасанды қаптамалы материалдарды теру және қырлап желімдеу;

қолмен және ленталы қырлап желімдейтін станоктарда суреті, текстурасы және түсі бойынша оң беттерін фигуралық теру және қырлап желімдеу (“шыршаға”, “конвертке”, “крейцфугке”);

қызмет көрсететін станокты баптау.

478. Білуге тиіс:

қырлап желімдейтін станоктың құрылғысы;

қаптау материалдарын өндедің ақауы;

қаптамалы материалдарды фигуралық терудің және қырлап желімдеу амалдары, желім түрлері және оның құрамдары.

Параграф 4. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші, 5-разряд

479. Жұмыс сипаттамасы:

қырлап желімдейтін лентасыз станоктарда және желім зері бар станоктарда суреті, текстурасы және түсі бойынша оң беттерін фигуралық теру және қырлап желімдеу (“шыршаға”, “конвертке”, “крейцфугке”);

қызмет көрсету станоктарын баптау;

жиһаздың гарнитурасы мен жинақтарына арналған шпоннан жасалған қаптамаларды іріктеу және қалыптастыру.

480. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін станоктың конструктивтік ерекшеліктері және баптау ережесі;

сүргіленген шпонның сорттары, ылғалдылығы және міндеті, шпонды текстурасы және түсі бойынша іріктеу;

жиһаздардың гарнитурасы мен жинақтарына арналған шпоннан жасалған қаптамаларды іріктеу ережесі.

Параграф 5. Жиһазға арналған қаптау материалдарын теруші, 6-разряд

481. Жұмыс сипаттамасы:

оң беттері үшін текстурасы және түсі бойынша сұрыптаپ, берілген сурет бойынша қолмен бағалы тұқымды сүректен жасалған шпонды көркемдік сүргілеу

482. Білуге тиіс:

көркемдік терудің және қырлар желімдеудің амалдары;

қаптау материалдарына қойылатын талаптар.

68. Багетке оюларды жабыстыруышы

Параграф 1. Багетке оюларды жабыстыруышы, 2-разряд

483. Жұмыс сипаттамасы:

багет келтектеріне сурет бойынша қыстырып келтіріп, илектелген жапсырмалы оюларды жабыстыру;

желімді қажетті консистенцияға дейін жеткізу;

оюлардың жарамдылығын айқындау.

484. Білуге тиіс:

оюға қойылатын талаптар, оны багетаға жабыстыру және сурет бойынша қыстырып келтіру тәсілдері;

багетада желімнің қалдықтарынан пайда болатын ақаулар және оны жою тәсілдері.

Параграф 2. Багетке оюларды жабыстыруышы, 3-разряд

485. Жұмыс сипаттамасы:

оюларды тікелей багет келтектеріне немесе арнаулы табақтарға илектеу;

технологиялы режимге сәйкес илектелген оюлары бар табақтарды өндеу;

илекті станоктарды баптау және штампыларды іріктеу.

486. Білуге тиіс:

илек становының құрылғысы;

мастиканың құрамы мен қасиеті және оны қажетті консистенциясына және созылымдылығына дейін жетілдіру тәсілі;

сүректің тұқымдары және оның ақаулары;

багет рамаларын белгілеу тәсілдері, бұрыштамалар мен байламдардың түрлері және оларды орындарына орналастыру амалдары;

дайын өнімнің сапасына қойылатын талаптар, ақаулар және оларды жою тәсілдері.

69. Жиһаз бөлшектерін қаптаушы

Параграф 1. Жиһаз бөлшектерін қаптаушы 2-разряд

487. Жұмыс сипаттамасы:

бөлшектер мен дайындаларды сұрыптаپ, қолмен, жаққымен және құрылғылармен жабыстырылатын бетіне желім жағу.

488. Білуге тиіс:

желімдердің қасиеті және оларды жабыстырылатын бетіне жағу амалдары;

сүректің тұқымдары.

Параграф 2. Жиһаз бөлшектерін қаптаушы, 3-разряд

489. Жұмыс сипаттамасы:

қол престерінде, электрмен қыздырылатын ваймдарда және құрылғыларда тұра сызықты келтекті бөлшектер мен түрлі қалқандардың жиектерін қаптау;

жоғары білікті қаптаушының басшылығымен гидравликалық, пневматикалық, механикалық престерде мөлдірсіз өндеумен жиһаз қалқандарын, желімделген жазық желімделген бөлшектерді қаптау;

гидравликалық, пневматикалық және механикалық престерде рамалы тораптарды қаптау;

келтектерді, рейкаларды, шпондарды іріктеу, дестелер қалыптастыру;

желім жағатын станоктарда жабыстырылатын бетіне желім жағу.

490. Білуге тиіс:

престердің, ваймдардың, құрылғылардың жұмыс істеу принциптері және оларға қызмет көрсету тәртібі;

сүректің тұқымдары, плиталар мен қалқандарды қалыптастыру тәсілдері;

тура сзықты бөлшектер мен жиектерді қаптаудың технологиялық режимі.

Параграф 3. Жиһаз бөлшектерін қаптаушы, 4-разряд

491. Жұмыс сипаттамасы:

мөлдір өндеумен гидравликалық, механикалық көп пролетті престер мен автоклавтарда қалқанды бөлшектерді қаптау;

ваймдарда және әр түрлі құрылғыларда тура сзықты және пішінде беттері бар жиектерді, тораптар мен бөлшектерді қаптау;

өтпелі типтегі станоктарда қалқанды бөлшектердің тура сзықты жиектерін қаптау.

492. Білуге тиіс:

престердің, ваймдар мен құрылғылардың құрылғысы және пайдалану ережесі

;

сүректің негізгі қасиеті;

желім мен сылақ түрлері, олардың құрамы, қасиеті және пайдалану тәсілдері; қаптау сапасына қойылатын талаптар;

қаптау ақаулары және оларды жою шаралары.

Параграф 4. Жиһаз бөлшектерін қаптаушы, 5-разряд

493. Жұмыс сипаттамасы:

өтпелі типтегі гидравликалық престерде бөлшектер мен тораптарды қаптау және ламинаттау процесін жүргізу;

концерттік музыкалық аспаптардың бөлшектері мен тораптарының жиынтықтарын қаптау;

престеудің берілген режимін қамтамасыз ету, қаптау сапасын бақылау;

престерді тиеу және түсіруді қамтамасыз ету. престерді реттеу, баптау, тазалау және жөндеуге қатысу.

494. Білуге тиіс:

қаптамалардың түрлері және олардың құрамы;

қаптау режимдері, пленкалармен қаптау жұмыстарын орындау ережелері;

материалдарды шығындау ережесі;
престерді және қолданылатын құралдарды баптау ережесі.

70. Жиһаздарды тұсқағаздаушы

Параграф 1. Жиһаздарды тұсқағаздаушы 1-разряд

495. Жұмыс сипаттамасы:

мақталы кнопкаларды, розеткаларды, түймелерді жасау;
шпагат пен зерді өлшеу және кесу;
бортты таңдау үшін шпагатты тарту;
тұтқаларды қағу.

496. Білуге тиіс:

шпагат пен зердені белгілеу және кесу ережесі;
қолданылатын қол құралдары мен құрылғыларды қолдану тәртібі;
тұтқаларды қағу тәсілдері.

Параграф 2. Жиһаздарды тұсқағаздаушы, 2-разряд

497. Жұмыс сипаттамасы:

серіппе негіздерін орнату және бекіту;

серіппе негізіне мatalарды, төсем мақталарын және басқа да төсем материалдарын қағу және тарту;

бұйым периметрлері бойынша борттарды жинау;
жастықша мен білікшелердің тыстарын тігу;
матрацтың ішін толтыру материалдарымен толтыру.

498. Білуге тиіс:

серіппе негізіне материалдарды төсеу ережесі;

төсегіш және орағыш материалдарың түрлері, міндегі және шығындау нормалары;

серіппе негізін орнату және бекіту ережесі.

Параграф 3. Жиһаздарды тұсқағаздаушы, 3-разряд

499. Жұмыс сипаттамасы:

серіппелерді тұндырып және биіктігі бойынша тегістеп шпагатпен тұптеу;
сым торларды серіппе негізге, оларды бір уақытта өріп, тарту;

төсеу қабатын қалыптастыру және оны екі жақтан қapsырмамен серіппе блокқа бекіту;

матрацтарды, дивандардың алдыңғы царгтарын, күшеткалар мен қатты жиһазды қаптау материалдарымен толтыру;

серіппе негіздерін матамен тарту, негізге қағу және тігу;

төсегіш және орағыш материалдарын төсеу;

отыруға және жатуға арналған жиһаз бұйымдары бөлшектерінің рамаларына іімді және көбік резенкелі көбік полиуретанды жабыстыру;

серіппе негізді жұмсақтарды тігу;

бортты толтыру және тігү;
құлыптар мен кронштейндерді бекіту.

500. Білуге тиіс:

тұсқағаз жұмыстарының технологиялық процесі;

орағыш және төсегіш материалдардың түрлері, міндегі және шығындау нормалары;

толтырыш материалдардың сапасына, төсемдердің қалындығына, серіппе негіздерінің биіктігіне қойылатын талаптар.

Параграф 4. Жиһаздарды тұсқағаздаушы, 4-разряд

501. Жұмыс сипаттамасы:

бортты қалыптастыру және тарту;

төсегіш материалдың үстіңгі қабатын төсеу;

отыруға және жатуға арналған жиһаздың жұмсақ және қатты элементтерін қаптау материалдарымен толтыру және қаптау;

қаптау материалдарын мактамен немесе көбікті полиуретанмен төсеу;

серіппеден жасалған жастықшалар мен секциялардың іімді негіздерді, іімді және көбікті резеңкелі көбік полиуретанды қалыптастыру;

қарапайым полиэфирлерде жұмсақ элементтерді (жастықшаларды) жасау.

502. Білуге тиіс:

жиһаздың жұмсақ элементтерінің конструкциясы мен өлшемі;

тұсқағаз және төсеу материалдарына қойылатын техникалық шарттар;

төсеу материалдарының үстіңгі қабатын төсеу ережесі;

отыруға және жатуға арналған жиһаздың элементтерін толтыру және желімдеу.

Параграф 5. Жиһаздарды тұсқағаздаушы, 5-разряд

503. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар мен эскиздер бойынша отыруға және жатуға арналған жиһаздың үлгісін, сондай-ақ көркемдік жиһаздарды жасау кезінде тұсқағаз жұмыстарын орындау;

отыруға және жатуға арналған жиһаздардың бұйымдарында отырғыштар мен арқаларына қаптау материалдарын тарту және қагу.

504. Білуге тиіс:

жиһаздың түрлері мен стильдері;

отыруға және жатуға арналған жиһаздың бұйымдарына қойылатын техникалық шарттар және мемлекеттік стандарттар.

71. Жиһаздарды өруші

Параграф 1. Жиһаздарды өруші, 2-разряд

505. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым суреті бар күрделі емес пішінді ұсақ бұйымдарды өру;

қолмен талдың таяқтарын бояу.

506. Білуге тиіс:

қарапайым өрудің негізгі түрлері;
қолданылатын құралды пайдалану тәртібі;
тал шыбығын өндеу тәсілдері.

Параграф 2. Жиһаздарды өруші 3-разряд

507. Жұмыс сипаттамасы:

сабақтардан және синтетикалық материалдардан жасалған құрделі емес суреттері бар құрделілігі орташа пішінді жиһаздарды өру;

әр түрлі себеттердің түрлерін өру;
станоктарда тал таяқтарын өру;
тал таяқтарын майыстыру.

508. Білуге тиіс:

құрделілігі орташа пішінді бұйымдар мен жиһаздарды өру тәсілдері;
материалдарды өндеу және дайындау тәсілдері;
қолданылатын синтетикалық материалдардың негізгі түрлері мен қасиеттері;
сүректің тұқымдары мен олардың ақаулары;
бұйымдардың конструкциясы мен өлшемі;
брактың себептері, оның алдын алу және жою тәсілдері.

Параграф 3. Жиһаздарды өруші, 4-разряд

509. Жұмыс сипаттамасы:

сабақ пен мен синтетикалық материалдардан сызбалар, эскиздер бойынша, сондай-ақ үлгілер бойынша құрделі суреті бар және селдір безендірілген әр түрлі бұйымдар мен жиһаздарды көркемдік өру;

өрілген жиһаздардың үлгілерін жасау.

510. Білуге тиіс:

көркемдік бұйымдарды өрудің түрлері мен тәсілдері;
сүректің тұқымдары және көркемдік өру үшін қолданылатын материалдар;
бұйымдарды өру кезінде қолданылатын аспаптар.

72. Орау және төсеу материалдарын дайындаушы

Параграф 1. Орау және төсеу материалдарын дайындаушы, 1-разряд

511. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен мақталарды, түктерді, жөкелерді және басқа да толтырғыш әрі төсегіш материалдарды түптеу.

512. Білуге тиіс:

орағыш және төсегіш материалдарды түптеу бойынша жұмыстардың амалдары;

материалдардың түрлері мен міндеті.

Параграф 2. Орау және төсеу материалдарын дайындаушы, 2-разряд

513. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы құрылғыларда электр токпен қыздыратын механикалық құралдармен иімді көбік полиуретаның және көбікті резенкені пішу және желімдеу;

станоктарда мақталарды, түктерді, жөкені және басқа да толтырғыш әрі төсегіш материалдарды түптеу;

қызмет көрсететін станокты баптау.

514. Білуге тиіс:

станоктың құрылғысы және баптау ережесі;

орағыш және төсегіш материалдардың міндепті;

иімді көбік полиуретанды және көбікті резенкені пішу және желімдеу әдісі;

қолданылатын құралдың техникалық сипаттамасы.

Параграф 3. Орау және төсеу материалдарын дайындаушы, 3-разряд

515. Жұмыс сипаттамасы:

орағыш және төсегіш материалдарды жасау процесін жүргізу;

электр токты пайдалана отырып, механикалық станоктарда және арнайы жабдықтарда иімді көбік полиуретанды, көбікті резенкені және құрделі пішінді және конструкциялы төсегіш материалдарды пішу және қайнату;

қызмет көрсететін жабдықты баптау. Дайын бөлшектерді пішу және қайнату сапасын бақылау.

516. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы және баптау ережесі;

температуралық режим;

қайнату кезінде қолданылатын материалдардың қасиеті;

қайнату ақаулары, оларды жою тәсілдері, техникалық қауіпсіздік ережесі.

73. Өрілген жиһаздарды құрастыруышы

Параграф 1. Өрілген жиһаздарды құрастыруышы, 2-разряд

517. Жұмыс сипаттамасы:

айқастырма секілді жиһаз аяқтарын құрастыру, шегелермен бекітіп, жиһаздардың қарапайым қаңқаларын құрастыру.

518. Білуге тиіс:

сүректің негізгі тұқымдары және олардың ақаулары;

өрілген жиһаз қаңқаларының негізгі конструкциясы.

Параграф 2. Өрілген жиһаздарды құрастыруышы, 3-разряд

519. Жұмыс сипаттамасы:

металл және ағаш қаңқалары бар жиһаздардың өрілген бөлшектері мен тораптарын құрастыру;

жиһаздардың жекелеген тораптары мен қарапайым қаңқаларын құрастыру, қыстырып келтіру және тазалау;

қарапайым конструкциялы өрілген жиһаздарды, ұсақ өрілген бұйымдарды және балаларға арналған өрілген жиһазды құрастыру.

520. Білуге тиіс:

қаңқаларды, қарапайым пішінді жиһаздар мен ұсақ бұйымдарды технологиялық құрастыру;

қолданылатын құрал, өрілген жиһаздардың негізгі түрлерінің конструкциялары және өлшемі.

Параграф 3. Өрілген жиһаздарды құрастыруши, 4-разряд

521. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар, эскиздер мен суреттер бойынша көркемдік өрілген жиһаздарды құрастыру бойынша кешенді жұмыстарды орындау. өрілген жиһаздардың үлгілері мен күрделі қаңқаларын құрастыру.

522. Білуге тиіс:

көркемдік өрілген жиһаздарды құрастыру амалдары;

сүректің қасиеті;

брактың себептері және оны жою тәсілдері;

бұйымдарға қойылатын техникалық шарттар.

74. Майысқан жиһазды жасау жөніндегі станокшы

Параграф 1. Майысқан жиһазды жасау жөніндегі станокшы, 2-разряд

523. Жұмыс сипаттамасы:

станоктарда майысқан жиһаздардың бөлшектерін өндеу;

бөлшектерді алдын ала іріктеу;

фасонды бөлшектерді, шынтақ қойғыштарды, орындықтардың артқы аяқтарын қайрау.

524. Білуге тиіс:

станоктың жұмыс істеу принципі;

кескіш құралдардың түрлері мен міндесі, өнделетін бөлшектерге қойылатын техникалық шарттар;

сүректің тұқымдары және оның ақаулары.

Параграф 2. Майысқан жиһазды жасау жөніндегі станокшы, 3-разряд

525. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы станоктарда майысқан жиһаздардың бөлшектерін өндеу;

станокты баптау және жұмысын реттеу;

кескіш құралды орнату.

526. Білуге тиіс:

станоктардың құрылғысы және баптау ережесі;

кескіш құралдарды қайрау және орнату ережесі;

қолданылатын өлшегіш құралдар, шаблондар, құрылғылар және міндесі;

сүректің негізгі қасиеті.

7-бөлім. Сіріңке өндірісі

75. Құрғақ сіріңке шилерін өндіру жөніндегі аппаратшы

Параграф 1. Құрғақ сіріңке шилерін өндіру жөніндегі аппаратшы 1-разряд

527. Жұмыс сипаттамасы:

барлық жүйедегі ши кептіргіш аппараттарды тиеу процесін жүргізу;

сіндірілген шилерді ши кептіргіш аппараттарға беруді реттеу;

ши кептіргіш аппараттың торында сіріңке шилерінің бірқалыпты қалындығын сақтау;

жұмыс орнын тазалау.

528. Білуге тиіс:

ши кептіргіш аппараттардың және тасымалдағыш механизмдердің құрылғысы;

ши кептіргіш аппараттарды тиеу ережесі;

дымқыл сіріңке шилеріне қойылатын техникалық шарттар.

Параграф 2. Құрғақ сіріңке шилерін өндіру жөніндегі аппаратшы, 2-разряд

529. Жұмыс сипаттамасы:

кептіргіш аппараттарда сіріңке шиін кептіру процесін жүргізу;

температура режимдерін сақтау және ши сапасын қамтамасыз ет;

мөлшерлегіш құрылғының көмегімен ши ажарлағыш, ши сұрыптағыш станоктарға және сіріңке автоматтарына құрғақ сіріңке шиін беру;

барабандарда және сұрыптау машиналарында сіріңке шилерін ажарлау және сұрыптау;

қызмет көрсететін жабдықты майлау және тазалау.

530. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеу принципі;

құрғақ шиге қойылатын техникалық шарттар;

сіріңке өндірісінде қолданылатын суректің қасиеттері және олардың ақаулары;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті;

сіріңке шилерін кептіру режимі.

Параграф 3. Құрғақ сіріңке шилерін өндіру жөніндегі аппаратшы, 3-разряд

531. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты желілерде сіріңке шилерін кептіру, ажарлау, бірінші рет және қайта сұрыптау әрі мөлшерлеу процесін жүргізу;

технологиялық жабдықтар мен көлік құралдарын жұмысқа дайындау;

сіріңке шиін кептіру процесін температурасын, ши кептіргіш аппараттың торлы тасымалдағыш қозғалысының жылдамдығы, сорғыш ысырмаларын және ауаның шығуын реттеу;

сіріңке шиінің келесі өндегеулерге бірқалыпты шығуын қамтамасыз ету; ажарлаудың, бірінші және қайта сұрыптаудың сапасын бақылау; шашылған құрғақ сіріңке шиін сұрыптауға қайтару.

532. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың және көлік құралдарының құрылғысы; құрғақ сіріңке шилерін жасаудың технологиялық режимі; сіріңке өндірісінде қолданылатын сүректің қасиеті; бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесі.

76. Сіріңке қораптарын кептіру аппаратшысы

Параграф 1. Сіріңке қораптарын кептіру аппаратшысы, 2-разряд

533. Жұмыс сипаттамасы;

барлық жүйедегі қорап кептіргіш аппараттарда сіріңке қораптарын кептіру процесін жүргізу;

қорап кептіргіш аппараттар мен тасымалдағыштарды жұмысқа дайындау;

температура режимін, торлы тасымалдағыш қозғалысының жылдамдығын сақтау;

сіріңке қораптарының сапасын және олардың келесі өндегеүге бірқалыпты шығуын қамтамасыз ету;

сіріңке қораптарын этикеткалау станоктарының бункеріне таратып бөлу және олардың толуын реттеу;

қорап кептіргіш аппараттардың, желдеткіштер мен тасымалдағыштардың жұмысын қадағалау;

жұмыс орнын тазалау.

534. Білуге тиіс:

қорап кептіргіш аппараттар мен тасымалдағыштардың құрылғысы мен жұмыс істеу принципі;

бу өткізгіш және конденсациялы магистралдың схемасы;

сіріңке қораптарын кептірудің технологиялық режимі;

сіріңке өндірісінде қолданылатын сүректің, қағаздың қасиеті;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысы және пайдалану ережесі.

77. Арнайы сіріңкелерді жасаушы

Параграф 2. Арнайы сіріңкелерді жасаушы, 3-разряд

535. Жұмыс сипаттамасы:

теру планкаларын сіріңке шилерімен толтыру;

тұтандырығыш массаның арнайы құрамын дайындау және оны сіріңке шиіне жағу;

сіріңкелер көлденең салынған планкаларды ақырын айналдыру арқылы сіріңке қалпақшаларын қалыптастыру;

сіріңке қалпақшаларын табиғи жағдайда кептіру; сіріңке қалпақшаларын лактау;

үккіштер жасау; резенке кружкаларын шабу;

сіріңке мен үккіштерді қондырғыда целлофанға (пленкаға), банкаларға, қораптар мен жәшіктеге буып-тую;

жұмыс орнын тазалау.

536. Білуге тиіс:

арнайы сіріңкелерді жасаудың технологиялық процесі;

арнайы тұтандырғыш массалардың рецептурасы;

дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттар;

лактар мен буып-тую материалдарына қойылатын талаптар;

арнайы сіріңкелерді жасауда туындайтын ақаулар, олардың алдын алу және жою тәсілдері;

тұтанудың алдын алу және жою шаралары.

78. Макаль

Параграф 1. Макаль, 5-разряд

537. Жұмыс сипаттамасы:

сіріңке автоматында сіріңкелерді жасау процесін жүргізу;

сіріңке автоматын жұмысқа дайындау;

тұтандырғыш масса мен парафинді, қыздырғыш плиталарды қыздыру;

құрылғыларды тұтандырғыш массамен және парафинмен толтыру;

теру планкаларының толтырылуын, сіріңке қалпақшаларының өлшемі мен құрғауын және шиді парафіндеу терендігін, массаның тығыздығы мен сапасын, масса мен парафиннің терендігін, алдын ала және одан әрі қыздыратын плиталардың температурасын, ши шөркелері мен қыздыру плиталары арасындағы саңылауларды қадағалау;

құрылғыларды тазалау және майлау;

жұмыс орнын тазалау.

538. Білуге тиіс:

сіріңке автоматтарының, парафіндеу және малту құрылғыларының құрылғысы, кинематикасы;

сіріңкелерді жасаудың технологиялық режимі;

құрылғыларға парафин мен тұтандырғыш массаны беру амалдары, тұтандырғыш массаны, парафинді, майлау-сұрту материалдары мен дайын сіріңкелерді сақтау шаралары;

сіріңкелер мен тұтандырғыш массаның тұтануының алдын алу және болдырмау шаралары.

79. Сіріңке қораптарына сұртіп жағушы

Параграф 1. Сіріңке қораптарына сұртіп жағушы, 2-разряд

539. Жұмыс сипаттамасы:

сіріңке қораптары салынған лотоктарды тасымалдағыштардан түсіру және оларды қораптарға жаққыш машиналардың тиегіш құрылғыларына тиеу;

сіріңке қораптарына жағылуды және олардың кептіргіш аппараттарына жылжуын бақылау;

машиналарды тазарту, жуу және жұмыс орындарын тазалау.

540. Білуге тиіс:

қораптарға жаққыш машиналардың жұмыс істеу принципі;

фосфор массаларын дайындау және қораптарға жаққыш машиналарға сіріңке қораптары мен фосфор массаларын тиеу, фосфор массасын сіріңке қораптарына жағу процесі;

фосфор массасына және сіріңке қораптарына жағуға қойылатын техникалық талаптар;

сіріңке қораптарының түрлері мен брак болу себептері, тұтанудың алдын алу және болдырмау шаралары.

Параграф 2. Сіріңке қораптарына сұртіп жағушы, 3-разряд

541. Жұмыс сипаттамасы:

қораптарға жаққыш машиналарда сіріңке қораптарына жағу процесін жүргізу, машиналарды жұмысқа дайындау;

түзету және щеткалар мен қырғыштарды орнату;

сіріңке қораптарына жағылатын фосфор массасының қабатын реттеу;

қорапқа жаққыш машиналарды фосфор массасымен толтыру;

сіріңке қораптарына жағылудың сапасын бақылау;

қатарларды қағазбен бөліп, жәшіктерге сіріңке қораптарын жинау, сынған, фосфор массасы төгілген және боялмаған жәшіктерді іріктеу;

сіріңке толтырылған жәшіктерді тасымалдағыштарға беру;

қораптарға жағатын машинаны баптау.

542. Білуге тиіс:

қораптарға жағатын машинаның құрылғысы және баптау ережесі;

сіріңке қораптарына фосфор массасын жағу процесі;

сіріңке қораптарын жәшіктерге жинау ережесі;

қораптарға жағатын машиналарды реттеу ережесі;

щеткалардың сапасына қойылатын талаптар;

брактың түрлері мен ақаулары, оны алдын алу және болдырмау шаралары;

тұтанудың алдын алу және болдырмау шаралары.

Параграф 3. Сіріңке қораптарына сұртіп жағушы, 4-разряд

543. Жұмыс сипаттамасы:

желіде орнатылған қораптарға жаққыш машиналарда сірінке қораптарына фосфор массасын жағу процесін жүргізу;

қораптар жаққыш машиналарды, кептіргіш аппараттар мен беріп тұратын конвейерлерді жұмысқа дайындау және басқару;

ыдыстардағы фосфор массасын, қозғалыс жылдамдығын жағатын дискілерді қысу күшін реттеу;

жағатын доңғалақтарды ауыстыру. жинақталатын құрылғылардың лотоктарын жинақтау;

сірінке қораптарын кептіргіш конвейерлер бойынша қозгалуын қадағалау және реттеу;

фосфор массасымен түйісетін тораптар мен бөлшектерді тазарту, жуу.

544. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылғысы және жекелеген тораптар мен механизмдердің өзара әрекеттесуі;

беріп тұратын конвейерлердің, қораптарға жағатын машиналар мен қораптарға толтырғыш құрылғылардың синхронды жұмысын қамтамасыз ету;

бумаларды буып-түйетін машиналармен сигналдық байланыс жүйесі;

фосфор массасын сірінке қораптарына жағудың технологиялық режимі; сірінке сапаларын бақылау әдісі мен тәртібі.

80. Сірінке қораптарын жасайтын автоматты желілердің операторы

Параграф 1. Сірінке қораптарын жасайтын автоматты желілердің операторы, 4-разряд

545. Жұмыс сипаттамасы:

сірінке жасайтын автоматты желілердегі жәшіктерде сірінке қораптарының ішкі және сыртқы бөліктерін бағдарлау, оларды құрастыру, сірінкелерді қораптарға жинау, қораптарды бумаларға буып-тую және оларды жәшіктерге жинау процесін жүргізу;

сірінке қораптарының ішкі және сыртқы бөліктерінің қозғалысын реттеу;

сигнал беру жүйесінің көмегімен және ленталы конвейерді бірқалыпты тиесімен сірінке қораптарының қораптарды желімдеу машиналарынан синхронды берілуін қамтамасыз ету;

сірінкелердің қораптарға жиналуын қадағалау;

қораптарды сірінкелермен толтыруды бақылау. сірінкелерді бумаларға буып-тую және оларды жәшіктерге жинау. Жәшіктерді белгіленген орынға жеткізу;

ярлық жабыстыру және трафарет түсіру;

жабдықты тазарту және жұмыс орнын тазалау.

546. Білуге тиіс:

сіріңке жасайтын автоматты желі жекелеген тораптарының және механизмдерінің құрылғысы;

өзара әрекеті, дайын өнімге, желімге, қағазға, сіріңке қораптарының ішкі және сыртқы бөліктеріне қойылатын техникалық талаптар;

сіріңке қораптарының қозғалысын реттеу ережесі.

81. Қорап толтырғыш станоктың операторы

Параграф 1. Қорап толтырғыш станоктың операторы, 3-разряд

547. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті қорап толтырғыш станок операторының басшылығымен сіріңкелерді қораптарға жинау процесін жүргізу;

этикеткаланған бос қораптар салынған лотоктарды, сіріңкелер салынған кассеталарды дайындау және тасу, олардың сапасын бақылау;

қораптарға жақынш станокты сіріңке салынған кассеталармен және бос сіріңке қораптарымен зарядтауға қатысу;

лотоктарға сіріңке толтырылған қораптарды дұрыс толтыруды қадағалау;

ақау қораптарын жою және ауыстыру;

лотоктардағы сіріңке салынған қораптарды түзету және лотоктарды ауыстыру

;

жұмыс орнын тазалау.

548. Білуге тиіс:

қораптарға толтырғыш станоктың жұмыс істеу принципі, оларды пайдалану және күтім жасау ережесі;

сіріңкелерді қораптарға жинаудың технологиялық режимі;

сіріңке салынған кассеталарды тасу амалдары;

сіріңкелердің тұтануын алдын алу және болдырмау шаралары.

Параграф 2. Қорап толтырғыш станоктың оператор, 4-разряд

549. Жұмыс сипаттамасы:

сіріңкелерді қораптарға жинау процесін жүргізу;

қораптарды толтырғыш станокты сіріңке салынған кассеталармен зарядтау;

босату механизмінде сіріңкенің және сынған қораптардың үйінділерін кетіру;

сіріңке қалпақшаларының бүтіндігін және сіріңкелерді қораптарға салу сапасын бақылау. жартылай толған сіріңке қораптарына сіріңкелерді қолмен жинау.

550. Білуге тиіс:

қораптарды толтырғыш станоктың жекелеген тораптары мен механизмдерінің құрылғысы және өзара әрекеті;

сіріңкелерді қораптарға жинау сапасын бақылау әдісі мен тәртібі.

82. Сіріңке қораптарын жасайтын жартылай автоматты желілердің операторы

Параграф 1. Сіріңке қораптарын жасайтын жартылай автоматты желілердің операторы, 3-разряд

551. Жұмыс сипаттамасы:

қораптарды желімдейтін машиналарда шпоннан жасалған сіріңке қораптарының ішкі бөліктерін желімдеу процесін жүргізу. Қораптарды желімдейтін машиналарды жұмысқа дайындау;

сіріңке қораптарының дайындаудары салынған лотоктарды түсіру және бос лотоктарды тасымалдағыштарға орнату;

қағаз толтыру, дайындаударды сұрыптау және салу, клейстерге құю;

шпоннан жасалған сіріңке қораптарының ішкі бөліктерін қалыптастыруды, қағаздың симметриялы жабысқанын қадағалау;

тасымалдағыштан бракты алып тастау;

қораптарды желімдеуші машиналарды тазарту және жұмыс орнын тазалау.

552. Білуге тиіс:

қорап жабыстырғыш машиналардың құрылғысы;

шпоннан жасалған сіріңке қораптарының ішкі бөлігін жасаудың технологиялық режимі;

сіріңке қораптарының сапасын бақылау әдісі және тәртібі;

қолданылатын материалдарды шығындау нормалары.

Параграф 2. Сіріңке қораптарын жасайтын жартылай автоматты желілердің операторы, 4-разряд

553. Жұмыс сипаттамасы:

картонды сіріңке қораптарын және шпоннан жасалған сіріңке қораптарының ішкі бөліктерін желімдеу процесін жүргізу;

жабдықты жұмысқа дайындау;

қораптарды қалыптастыруды қадағалау;

конвейерді, желдеткіштерді, ысырмаларды, инжекторларды, басқару және сигнал беру жүйелерін реттеу.

554. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жекелеген тораптардың конструкциясы мен өзара әрекеті;

картонды сіріңке қораптарын және шпоннан жасалған сіріңке қораптарының ішкі бөліктерін жасаудың технологиялық режимі;

қолданылатын материалдарға және жасалатын қораптарға қойылатын техникалық шарттар.

83. Сіріңке автоматтарының операторы

Параграф 1. Сіріңке автоматтарының операторы, 3-разряд

555. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті сіріңке автоматтарының операторының басшылығымен сіріңке автоматтарында сіріңке жасау процесін жүргізу;

сірінке автоматының тери автоматы магазиніне шиді толтыруды қадағалау; тери автоматының магазиніндегі сірінке шилерін түзету; бөгде заттарды және ақау сірінке шилерін алып тастау; сірінке аппаратының зарядын қадағалау; ақау және көлденең жатқызылған сірінкелерді алып тастап, кассеталардағы сірінкелерді тығыздау және тегістеу; сірінке салынған кассеталарды тасымалдағыштарға немесе белгіленген жерге жеткізу және оларды бос кассеталармен ауыстыру; тери аппаратын тазарту; жұмыс орнын тазалау.

556. Білуге тиіс:

сірінке автоматының тери автоматының құрылғысы және жұмыс істеу принципі, оған қызмет көрсету және күтім көрсету ережесі;

сірінке автоматында сірінке жасаудың технологиялық режимі;

сірінке өнеркәсібінде қолданылатын сүректің қасиеті, түзету кезінде сірінкелерді қолдану ережесі;

сірінкелердің тұтануын алдын алу және болдырмау шаралары.

Параграф 2. Сірінке автоматтарының операторы, 4-й разряд

557. Жұмыс сипаттамасы:

сірінке автоматында сірінкелерді жасау процесін жүргізу;

автоматты қосуға дайындау және оны қосу;

бос кассеталарды сірінке автоматының тиегіш құрылғыларына орнату;

сірінкелерді кассеталарға және сірінке шилерін тери аппаратының магазиндеріне жинау үшін құрылғылардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету;

сірінке толтырылған кассеталарды сірінке автоматынан түсіру;

сірінке қалпақшаларын кептіруді бақылау;

сірінке автоматын тазалау және механизмдерін реттеу.

558. Білуге тиіс:

сірінке автоматтарының құрылғысы және жекелеген тораптар мен механизмдердің өзара әрекеті, оларды күту ережесі;

кассеталарды сірінке автоматтарына орнату және оларды түсіру амалдары;

сірінке қалпақшаларын кептіру ережесі.

84. Жеке-жеке сірінкелерді жинауға арналған станоктың операторы

Параграф 1. Жеке-жеке сірінкелерді жинауға арналған станоктың операторы, 2-разряд

559. Жұмыс сипаттамасы:

станокта жеке-жеке сірінкелерді жинау процесін жинау;

станокты жұмысқа дайындау. жеке-жеке сірінкелерді станоктың тиегіш лотына беру;

кассетаға сіріңкелерді салу және түзету;
ақау әрі көлденең жатқызылған сіріңкелерді және қалдықтарды алып тастау;
станокты тазалау және жұмыс орындарын тазалау.

560. Білуге тиіс:

жеке-жеке сіріңкелерді жинауға арналған станоктардың құрылғысы;
оларды пайдалану және күтім жасау ережелері;
жеке-жеке сіріңкелерді жинаудың технологиялық процесі;

сіріңкелерге қойылатын талаптар, жеке-жеке сіріңкелерді жинау кезінде туындайтын ақаулар және оларды жою тәсілдері;

тұтануды алдын алу және болдырмау шаралары.

85. Этикеткалау станогының операторы

Параграф 1. Этикеткалау станогының операторы, 4-разряд

561. Жұмыс сипаттамасы:

этикеткалау станогында сіріңке қораптарының сыртқы және ішкі бөлігін бағдарлау, сіріңке қораптарын құрастыру, этикеткаларды желімдеу процесін жүргізу;

этикеткалау станогының этикеттермен зарядтау;

сіріңке қораптарының құрастыру және этикетті желімдеу сапасын бақылау.
бракқа шығарылған сіріңке қораптарының жою;

лотоктарды ауыстыру;

станокты тазарту және жұмыс орындарын тазалау.

562. Білуге тиіс:

этикеткалау станогының құрылғысы және жекелеген тораптары мен механизмдерінің өзара әрекеті;

клейстерді орталықтан беру жүйесі, оларды пайдалану және күтім жасау ережесі;

сіріңке қораптарын құрастыру және этикеткалаудың технологиялық режимі;
станокты этикеткалармен зарядтау.

86. Сіріңке массаларын дайындаушы

Параграф 1. Сіріңке массаларын дайындаушы, 3-разряд

563. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті сіріңке массаларын дайындаушының басшылығымен тұтандырғыш және фосфор массаларын жасау процесін жүргізу;

сіріңке массалары үшін шыны мен химикаларды шар диірмендерде құрғақтай тарту және електеу;

сынған шыныны жуу және кептіру;

дымқылдай тартатын диірмендерде және масса үккіштерде сіріңке массаларын тарту;

желімді сулау және сіріңке массаларына арналған желім ерітінділерін қайнату

;

massanы тарту сапасын қадағалау;

шар диірмендері, масса үгіткіштерді, механикалық електерді, жуғыш және кептіргіш құрылғыларды тазарту;

жұмыс орнын тазалау.

564. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысы;

жекелеген химикаттар мен желім ерітінділерінің қасиеті мен міндеті;

сіріңке массалары мен желім ерітінділерін дайындаудың технологиялық режимі;

тартылған материалдар мен дайын сіріңке массасына қойылатын техникалық талаптар;

химикаттар мен сіріңке материалдарын қолдану ережесі;

тұтанудың алдын алу және болдырмау тәсілдері.

Параграф 2. Сіріңке массаларын дайындаушы 4-разряд

565. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық режимдерге және бекітілген рецептураға сәйкес тұтану және фосфор массаларын дайындау;

химиялық материалдарды бөліп өлшеу;

материалдар мен массаны шығындауды есепке алу;

сіріңке массаларының температурасы мен тығыздығын өлшеу.

566. Білуге тиіс:

сіріңке массаларының рецептурасы;

сіріңке массаларын жасау үшін қолданылатын химиялық материалдардың қасиеті мен міндеті;

жекелеген компоненттерді араластыру және оларды қолдану ережесі;

бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесі.

8-бөлім. Қарындаш өндірісі

87. Желімдегіш жартылай автоматтардың автоматшысы

Параграф 1. Желімдегіш жартылай автоматтардың автоматшысы, 3-разряд

567. Жұмыс сипаттамасы:

желімдегіш жартылай автоматтың бункерлеріне алдын ала сұрыптап, таяқшалар мен өзекшелерді тиеу;

желім ерітіндісінің температурасын және оның желім жағатын қораптағы деңгейін реттеу;

қатайтқыш шайыр қоспаларынан желім ерітінділерін жасау;

желімдеу жартылай автомат конвейерінен қарындаш блоктарын түсіру, таяқшалар мен өзекшелердің шөркелерін түзету;

технологиялық пазаны бір жаққа бағыттап, дестедегі блоктарды үстелге жинау;

қарындаш блоктарын жартылай автоматтардан түсіру, оларды рамаларға жинау.

568. Білуге тиіс:

таяқшалардың, өзекшелер мен қарындаштардың ассортименті;

синтетикалық шайырдан желім ерітіндісін дайындау тәсілі;

шайыр мен қатайтқыштарға қойылатын техникалық шарттар;

тақтайшалар мен өзекшелердегі брак түрлері және оны алдын алу тәсілдері;

қарындаш блоктарындағы желім тігісінің жартылай автоматты каналдан шығу кезінде оның беріктігін айқындау тәсілі.

Параграф 2. Желімдегіш жартылай автоматтардың автоматшысы, 4-разряд

569. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті желімдегіш жартылай автоматтардың автоматшысының басшылығымен арнайы жартылай автоматтарда тақтайшалар мен өзекшелердің желімдеу;

желімдегіш жартылай автомат жұмысының режимін таңдау және қысым бойынша қарындаш блоктарының температуралық режимін сақтау;

тексергіш құралдар мен аспаптардың көмегімен түрлі жазықтықта дәл салыстырып тексеріп, ассортименттегі қарындаш блоктарын өндеуге арналған құрделі құрылғылар мен аспаптарды жартылай автоматтарда орнату;

жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жартылай автоматтарды баптау және қайта баптау;

дәлдікке және өндіргіштікке тексеру, жөнделген желімдегіш жартылай автоматтарды сынау және қабылдау.

570. Білуге тиіс:

қарындаштарды желімдейтін жартылай автоматтардың конструкциясы;

кинематикасы және дәлдікке тексеру ережесі;

қарындаш бөлшектерін желімдеудің технологиялық процесі және құрылғыларды қолданудың ережесі;

істен шығу мен авариялардың алдын алу жөніндегі алдын алу шаралары;

қарындаш желімдегіш жартылай автоматтарды жөндеуге, сынауға және қабылдауға қойылатын техникалық шарттар;

сүректің қасиеті, желім түрлері.

Параграф 3. Желімдегіш жартылай автоматтардың автоматшысы, 5-разряд

571. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы жартылай автоматтарда таяқшалар мен өзекшелерді қарындаш блоктарына желімдеп жабыстыру;

желімдегіш жартылай автоматтың жұмысын тандау және қысым бойынша қарындаш блоктарын өндеудің температуралық режимін сақтау;

тексергіш құралдар мен аспаптардың көмегімен түрлі жазықтықта дәл салыстырып тексеріп, ассортименттегі қарындаш блоктарын өндеуге арналған күрделі құрылғылар мен аспаптарды жартылай автоматтарда орнату;

жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жартылай автоматтарды баптау және қайта баптау;

дәлдікке және өндіргіштікке тексеру, жөнделген желімдегіш жартылай автоматтарды сынау және қабылдау.

572. Білуге тиіс:

қарындаштарды желімдейтін жартылай автоматтардың конструкциясы, кинематикасы және дәлдікке тексеру ережесі;

қарындаш бөлшектерін желімдеудің технологиялық процесі және құрылғыларды қолданудың ережесі;

істен шығу мен авариялардың алдын алу жөніндегі алдын алу шаралары;

қарындаш желімдегіш жартылай автоматтарды жөндеуге, сынауға және қабылдауға қойылатын техникалық шарттар;

сүректің қасиеті, желім түрлері.

88. Қарындаштарды, өзекшелер мен таяқшаларды қайрауышы

Параграф 1. Қарындаштарды, өзекшелер мен таяқшаларды қайрауышы, 2-разряд

573. Жұмыс сипаттамасы:

